

КЕЛІСІЛГЕН:

«№13 ЖББМ» КММ

директордың оқу ісі жөніндегі

орынбасары

*Маша* Кошель Г.К.

БЕКІТКЕН:

«№13 ЖББМ» КММ

директоры



Горбачева Л. В.

**Осакаров ауданы білім бөлімінің «№13 ЖББМ» КММ**

**мектепалды даярлық сыныбына ұйымдастырылған**

**оқу қызметінің циклограммасы**

**2022-2023 оқу жылы**

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

1. Білім беру ұйым\_№13 орта мектебі»КММ
2. Мектепалды даярлықО « » сыныбы
3. Балалардың жасы5 жас
4. Жоспардың құрылу кезеңі1-апта 1-2 қыркүйек 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
Ата-аналармен әңгімелесу, Кеңес беру				Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары,бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)				Д/ойын:Жер,су,ауа. Мақсаты: балаларға берілген тапсырманы тез шешуге,жылдам жауап беруге, ауада,суда не болатынын дұрыс айтуға төселдіру.Қоршаған ортаға қамқорлық сезімін тәрбиелеу.Шапшаң жауап беруге баулу.	Д/ойын:Не қалай дауыстайды? Мақсаты: үй жануарлары туралы түсініктерін жалғастыру.Әңгіме құрастыруға үйрету.Өзара көмекке достыққа тәрбиелеу.
Танертенгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені №1				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық				Д/ойын Не артық? Мақсаты: Балаларды суретке карап,оларды топтастыруға үйрету. Құстар мен жануарлардың жеке және жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу.	Д/ойын: «Қателесіп қалма?». Мақсаты: Жылдам ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың күннің әр түрлі мезгілінде не істейтін туралы біліктерін нығайту.

<p><b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>			<p><b>1.Сауат ашу негіздері</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Дыбыс»</p> <p><b>Мақсаты:</b>Дыбыс туралы түсінік беру  <b>«Не қалай дауыстайды?»</b>  <b>Д/ойын</b>  <b>Ойын шарты:</b> Педагог үй жануарларының суретін көрсетіп, не істейтінін айтады. Балалар сол жануардың дауысын салады. Қой маңырайды: Спыр мөңірейді: Жылқы кісінейді: Түйе боздайды: Ешкі бақырады: Бұл ойында үй жануарларының жүрісін де салуға болады  <b>«Жаңбыр» саусақ ойыны:</b>  Жаңбыр жауса, Тырс-тырс, Айтады гүл: – Дұрыс-дұрыс. Жаңбыр жауса, Тырс-тырс. Айтады қыр: – Ырыс-ырыс</p>	<p><b>1. Көркем әдебиет</b>  <b>Тақырыбы</b> «Білімнің бұлағын»</p> <p><b>Мақсаты-</b>Балаларды сұрақтарға жауап беруге дағдыландыр</p> <p>-портфельге не салу керек?</p> <p>Балалар портфельге керек заттарды белгілейді.</p> <p><b>Мақал жаттау</b></p> <p>Білім-таусылмайтын қазына.</p>
			<p><b>2.Математика негіздері</b>  <b>Тақырыбы</b>«Біреу –көп»</p> <p><b>Мақсаты:</b>-«біреу» және «көп» («бірнеше») терминдерін енгізу. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту\</p>	<p><b>2.Қоршаған орта</b>  <b>Тақырыбы</b>«Бізді не қоршап тұр?»</p> <p><b>Мақсаты:</b>Балаларды «жансыз табиғат» түсінігімен таныстыру, жансыз табиғаттағы адам қолымен жасалған заттарды айыра білуге үйрету.</p>
			<p>Сендер ойыншықтар дүкеніне барғанды жақсы көресіңдер ме?  -Қандай ойыншықтардың натасыңдар?</p> <p>-Үйде қандай ойыншықтарың бар?  Балалар ойыншықтар туралы сұрақтарға жауап береді  Одан кейін қарындаштармен (таяқшалармен, текшелермен және басқа да заттармен) практикалық жұмыс жүргізу  Әрбір үстелге көп</p>	<p>Педагог «<b>Тағы не істейді?</b>» деген ойын ойнауға шақырады. <b>Ойын тәртібі</b> бойынша балалар заттың іс-әрекеттерін немесе қасиетін атап көрсетуі тиіс.  Балалардың жауаптары:  Дәурен: Үйрек суда жүзе алады, тағы не істейді? Сүгір: Сүнгиді, жерде жүреді, ұшады, барылдайды.  Д: Мысық тышқан аулайды, одан басқа тағы не істей алады?</p>

			<p>қарындаштардан (таяқшалар және басқалары) қояды.          Үстелдің үстінде қанша қарындаш бар?(Көп).</p> <p><b>3.Көркем әдебиет</b>  <b>Тақырыбы</b> «Білімнің бұлағың»</p> <p><b>Мақсаты</b> -Балаларды мектепке деген қызығушылығын арттыру. Балаларды сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру</p> <p><b>Білімнің – бұлағың»</b>          Қанатым талмайды,          Қиялым самғайды.          Ақын да, ғалым да,          Ұстазсыз болмайды.          Мереке күніңмен,          Құттықтап бүгін мен, Ойыма ой қосам,          Сен берген біліммен.  <b>Д/ойын:</b> «Ғажайып қоржын».  <b>Ойынның шарты:</b> Ғажайып қоржынның ішінде бірнеше заттар, ойыншықтар, оқу құралдары бар. Сол заттардың ішінен ойыншықтарды бір бөлек, оқу құралдарын бір бөлек жинау керек және аттарын атайды. Балалар оқу құралдары мен ойыншықтарды ажыратып бөлек жинайды және аттарын атайды</p> <p><b>4.Дене шынықтыру</b>  <b>Тақырыбы:</b>«Спортзал»</p> <p><b>Мақсаты:</b>Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету.          Спорттық құрал-жабдықтардың</p>	<p>С: Бетін сипалайды, пысылдайды, мияулайды, серуендейді, ұйықтағанды жақсы көреді. Д: Күн жарық сәуле шашады. Тағы не жарық шашады?          С: Қалта шам, шам, көліктің шамы...  <b>«Менің достарым» деп аталатын дидактикалық ойын ойнауға шақырады:</b>          Педагог орындай алатын іс-әрекеттерін айтып береді. Балалар қолдарына белгілі бір заттардың суреті салынған карточкаларды алады. Содан соң педагог атаған адам немесе басқа дабір заттың атын атап, оның не істей алатынын атап айтады.          Мысалы:          Менің достарым – тыныстай алады.</p> <p><b>3.Шығармашылық бейнелеу әрекеті (сурет салу, мүсіндеу,жапсыру,кұрастыру)</b>  <b>Тақырыбы:</b>«Ағаш бұтақтары»          (Түрлі түсті қарындаштар)<b>топтық жұмыс балалар өздері қалайды</b>  <b>Мақсаты:</b>–балаларға терек бұталары жайлы түсінік беру, ағаштарды өзіндік ерекшеліктеріне байланысты бір- бірінен ажыратуға және терек бұталары суретін салуға үйрету          -- пішінді мүсіндеудің таныс әдістерін пайдалана отырып,ағаш бұтақтарынмүсіндеу          --жырту,умаждау әдісі арқылы бейнелер- мен сюжетті толықтыруға үйрету          - табиғиматериалдардынтүрлерімен таныстыру, олардан ағаш бұтақтарын дайындайбілугеүйрету</p> <p><b>4.Музыка</b></p>
--	--	--	--	---

			<p>қажеттілігін, зал ішінде қауіпсіздік техникасын сақтау керектігін, заттарды аттағанда тепе-теңдік сақтау қажеттігін</p> <p>1.Құралсыз жалпы дамыту жаттығуларын орындату(№1). 2.Бұрылыс жасап, бір орындарында екі аяқпен секіру</p> <p><b>«Жұбыңды тап!» ойын-жаттығуы.</b> Зал ішінде жұп болып жүреді, педагогтің белгісі бойынша әртүрлі бағытта шашырап жүгіреді. «1-2–3 жұбыңды тап!» деген бұйрықпен жұп болып тұрады. Жұпсыз қалған балаға: «Ұйықтап қалма, Әсет, Жұбыңды тап тездет», – деп барлық балалар хормен айтады</p>	<p><b>Тақырыбы</b> :«Білімнің – бұлағың» <b>Мақсаты:</b>Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажыратуға үйрету</p> <p><b>Музыка тындау:</b> «Қосалқа» Дәулеткерей <b>Ән айту:</b> «Білімнің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Қояндар», «Аю», «Түлкі», «Қасқыр» (Т. Ломова) <b>Билер:</b> «Жұптасу биі» ( чех халық әуені) Ойындар, хороводтар: «Айгөлек» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Қыдырбекова)</p>
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>			«Біреу», «Көп» ұғымын түсінбеген балалармен ойын ойнату арқылы меңгерту	Адема және Мираспен Мектеп туралы суреттер көрсетіп әңгімелесу
<b>Серуенгедайындық</b>			Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын тұғызу, балалармен жеке әңгімелесу.	
<b>Серуен</b>			Ағаштарды жинақтау	Сары жапырақтарды жинау
			<b>Мақсаты:</b> -балаларды еңбекке баулу, ересектердің еңбегін бағалау	

				«Тез жет»	«Кім заттарды көп жинайды?»
				<b>Мақсаты:</b> -балаларды ойын ережесін дұрыс орындауға үйреті, ептілікке ,шапшаңдыққа тәрбиелеу	
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>				Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру».	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.

### Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

1. Білім беру ұйымы №13 орта мектебі»КММ
2. Мектепалды даярлық О « » сыныбы
3. Балалардың жасы 5 жас
4. Жоспардың құрылу кезеңі 1-апта 5 - 9 қыркүйек 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<b>Балаларды қабылдау</b>	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				



	<p><b>Сөйлеп тұрған таңғы радио:</b></p> <p>«Бізді қоршаған әлем жайлы әңгімелесу»</p> <p>Мақсаты: сұрақтарға толық жауап беруге үйрету.</p>	<p><b>Үстел үсті театр ойыны:</b></p> <p>«Өлі табиғат құбылыстары» тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру.</p>	<p><b>Ойын– жаттығу:</b></p> <p>«Туған жер табиғатын қорғау керек пе, әлде жоқ па?» әңгімелесу, сұрақ жауап</p> <p><b>Ойын:«Жер шары»</b></p> <p>Фотосуреттер қарау.</p> <p>Еңбек тапсырмасы:Гүлдерге су құю.</p>	<p><b>« Сәлем жаңа күн»</b></p> <p><b>Д/ойын :</b>«Жанды және жансыз табиғатты ажырат».</p> <p>Жер,су,ауа.</p> <p><b>Мақсаты:</b> балаларға берілген тапсырманы тез шешуге,жылдам жауап беруге, ауада,суда не болатынын дұрыс айтуға төселдіру.</p> <p>Қоршаған ортаға қамқорлық сезімін тәрбиелеу.Шапшаң жауап беруге баулу.</p> <p><b>Еңбек тапсырмасы:</b></p> <p>Балықтарға жем шашу</p>	<p><b>«Табиғат мінезі»</b></p> <p><b>Сюжеттік ойындар:</b></p> <p><b>«Сиқырлы фломастер»</b> еркін сурет салу.</p> <p><b>Не артық?</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларды суретке қарап,оларды топтастыруға үйрету. Құстар мен жануарлардың жеке және жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу.</p> <p><b>«Табиғат мінезі»</b> жаттығуы</p> <p><b>Еңбек тапсырмасы:</b> Кезекшілікті ұйымдастыру</p>
<p><b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b></p>	<p><b>Ата-аналармен әңгіме:</b></p> <p>Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру</p>	<p><b>Ата-аналармен әңгіме:</b>Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.</p>	<p><b>Ата-аналармен әңгіме:</b></p> <p>Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.</p>	<p><b>Ата-аналармен әңгіме:</b></p> <p>Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.</p>	<p><b>Ата –аналармен әңгіме:</b> «Дұрыс тамақтануға баулу»</p>
<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b></p>	<p>Шаттық шеңбері</p> <p>«Кел,танысайық!»</p>	<p>«Менің топтағы достарым»достарының суретін салу</p>	<p>«Жел соғып тұр»</p> <p>Мақсаты: Кез – келген жағдайларда қатты немесе ақырын дауысты қолдана білуді дамыту</p>	<p>«Кел, ойнайық!»</p> <p>Мақсаты: Қатты дауысты пайдалана білуді шынықтыру</p>	<p>«Қатты – ақырын»</p> <p>Мақсаты: Дауыс күшін алмастыра білуге үйрету: біресе қатты, біресе жай.</p>
<p><b>Таңертеңгі жаттығу</b></p>	<p>Таңғы жаттығу кешені № 1</p>				

<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b></p>	<p><b>Жылулық сәті:</b> Апам мені «Айым»-дейді, Мен мұнайсам, уайым жейді. Апам мені «Күнім»-дейді, Мен қуансам күлім -дейді.</p>	<p><b>Жылулық сәті:</b> Қуанамыз күлеміз, Бар әлемде сүйеміз. Қол ұстасып, қуанып, Достарымен бір жүреміз.</p>	<p><b>Жылулық сәті:</b> Шақырамын сендерді Жолдастарым кел бері Толтырайық шаттыққа, Дөгеленген шеңберді.</p>	<p><b>Жылулық сәті:</b> Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достарымыз енді біз.</p>	<p><b>Жылулық сәті:</b> Достар бері келіндер, Қолдарыңды беріндер. Шаттық толы шеңберге Қуанышпен еніндер.</p>
<p><b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>	<p><b>1- ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>				
	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Тақырыбы.</b>«Мектептегі алғашқыкүн».</p> <p><b>Мақсаты:</b>-«Б» – «П» дыбыстарының ұқсастығын түсіндіру; Балаларды әңгімені жалғастырып айтуғаүйрету</p> <p>Ба-ба-ба – бала. Бо-бо-бо – бота Бө-бө-бө – бөрік. Табыл – дабыл. Бақа – бақбақ</p> <p>«П» дыбысының буын ішінде кездесетін сөздерге мысал келтіреді: Па-па-па – парта.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b></p> <p><b>Тақырыбы.</b>«Дыбыс пен сөз»</p> <p><b>Мақсаты:</b>-дыбыс терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b> <b>«Дауысынан таны» Ойын шарты:</b> балалар шеңбер болып тұрады, бастаушы санамақ санау арқылы бір баланы ортаға шығарып, көзін байлайды. Санамақ арқылы келесі баланы шығарады, ол көзі байлаулы тұрған баланың атын айтады. Ойын осылай жалғаса береді. Педагог саусақ бұлшық еттеріне арналған жаттығу жасатады. Сыңғыр, сыңғыр сырғалар Құлағымда сыңғырлар. Оң қолымда білезік, Сол қолымда</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b></p> <p><b>Тақырыбы.</b>«Сөз»</p> <p><b>Мақсаты:</b>-: Баланың сөз туралы түсініктерін қалыптастыру</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b> «Сөз айт, тез айт» <b>Ойын шарты:</b> доппен орындалады. Балалар бір-біріне доп лақтырып, «А» дыбысынан басталатын сөздерді айтады. Педагог балаларға саусақ бұлшық еттерін дамыту жаттығуын жасатады. Басбармағым бастап берді, Саусақтарым ән сап берді, Шылдыр шүмек шылдырлады, Кіші бөбек былдырлады.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b></p> <p><b>Тақырыбы.</b> «Сөз. Сөздің мағынасы»</p> <p><b>Мақсаты:</b>-Сөздердің ұзынды-қысқалығын қолмен өлшеп, айыра білуге үйрету</p> <p><b>«Кім көп біледі?» ойынын ойнату.</b> Ойлаған сөздерінді буынға бөлейік. – Әр буында бір дауысты дыбыс болады. Дауысты дыбыстарды қызыл түспен, ал дауыссыз дыбыстарды көк түспен белгілейміз (балаларға көрсету).</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Тақырыбы.</b>«Күз жомарт»</p> <p><b>Мақсаты:</b>- -Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту</p> <p><b>Дидактикалық/ойын :</b> «Себетке көкөністерді сызып қос»</p> <p><b>Жұмбақ :</b> Жазда тұрып жоғары Күзде жерге қонады ( жапырақтар)</p>



	Жа-па-лақ – жал-пақ. Па-рақ – жа-пы-рақ.	білезік, Санап көрші, кәнеки, 1, 2, 3 – бір, екі, үш, Демаламыз жинап күш.		
--	---	--	--	--

**Үзіліс : Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар**  
**«Лақтыр да, қағып ал»**

<p><b>Суретті тіл ұстарту:</b> <b>Ша – ша – ша</b> Айшаның шанасы <b>тама (ша)</b> <b>Са – са – са</b> Қасқыр соқты <b>Мү (са)</b> <b>Ол – ол – ол</b> Ағашта лимон <b>м(ол)</b> <b>Ра – ра – ра</b> Дүкеннен нан алды <b>Са (ра)</b> <b>Із – із – із</b> Тамаққа қосты <b>сәб(із)</b> <b>Жу – жу – жу</b> Ыдысты тазалап <b>(жу)</b></p>	 	<p><b>Ойын: «Лақтыр да, қағып ал»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларды ептіліке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету.</p> <p><b>Ойынның шарты:</b> Балалар алаңда еркін орналасады әр біреуінің қолында бір-бір доптан болады. Тәрбиешінің «баста», - деген белгісі бойынша балалар допты жоғарыға лақтырып қағып алады. Әр бала неше рет лақтырып қағып ала алады, соны санайды.</p>
---	---	--

**2 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

	<p><b>Қоршаған орта</b> <b>Тақырыбы:</b> Заттардың адам өміріндегі маңызы. Не неден жасалады? <b>Мақсаты:</b> - Балаларға заттардың белгілері мен ерекшеліктері туралы білім беру. Қандай материалдан заттардың жасалатыны, және олардың сапасы жайлы түсініктерін кеңейту.</p>	<p><b>Математика негіздері</b> <b>Тақырыбы:</b> «Біреу – көп» <b>Мақсаты:</b> - балаларға заттар жиынынан бір затты бөле білуге үйрету. <b>Топтық жұмыс.</b> 1- Бір-бірінен берілген заттарды қоршап сызады.</p>	<p><b>Математика негіздері</b> <b>Тақырыбы:</b> «Заттардың ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру» <b>Мақсаты:</b> - балаларға заттар тобының (жиынының) жалпы қасиетін табу, қандай да бір қасиеті үлкен, «кішкентай»), тиесілілігі бойынша топқа біріктіруді үйрету</p>	<p><b>Математика негіздері</b> <b>Тақырыбы:</b> «Заттардың ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру» <b>Мақсаты:</b> -- дара заттарды бөлуді үйрету; бір заттан тұратын жиын туралы ұғым қалыптастыру; «біреу» және «бірнеше» («көп») терминдерін енгізу</p>	<p><b>Қоршаған орта</b> <b>Тақырыбы:</b> «Табиғатта не өзгерді?» <b>Мақсаты:</b> - Күзде табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді бақылап, бір-бірінен ажырату және атауларын атап көрсетуге; себеп-салдар байланысын анықтауға үйрету. Тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмысқа деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстыру,</p>
--	---	--	--	---	---

	<p><b>«Айналар» ойыны.</b></p> <p><b>Шарты:</b> жүргізуші сайланады, қалған балалар «айна» болады. Жүргізуші айна сататын «дүкенге» кіргендей болады. Жан-жағына қарап, таңданып, қандай қимыл жасаса, «айналар» сол қимылды қайталайды.</p>	<p>Педагог балалардан сыйлық ретінде ойыншықтарды қаншалықты жиі алатындығы туралы сұрайды.</p> <p>2-тапсырманы орындауды ұсынады: бір сыйлықты таңдаңдар. Онда не болуы мүмкін? Оны бояңдар.</p> <p>3-тапсырманы орындайды – бір қорапты таңдап, оны бояйды</p>	<p>Балаларға мынадай жаттығуларды ұсынады:</p> <p>Көгөністерге, жемістерге, тәттілерге бөлуді ұсынады. Заттар тобын бір сөзбен атайды.</p> <p>«Қарбыз қандай топқа жатады?» деген сұраққа жауап беруге киналады. «Көп» және «бірнеше»терминдерін қолданады. Саны бойынша салыстырады: жемістер көп, ал қарбыз біреу. Көгөністер көп, ал қарбыз біреу және т.с.с</p>	<p>«Қоян» – бала жұдырығын түйеді. Одан кейін сұқ саусағы мен ортаңғысаусағын шошайтады. «Қоян» құлақтарын созып тұр.</p> <p>«Сақина» – бала жұдырығын түйеді.</p> <p>Одан кейін бас бармағы мен сұқ саусағын түзетіп, бір-бірімен түйістіреді.</p> <p>«Саусақтардың амандасуы» – саусақтарын түзу ұстап, алақандарын бір-біріне қарама- қарсы ұстайды.</p> <p>тапсырманы орындауды ұсынады. Тапсырманы жеке орындауға және алма мен алмұрттарды бөлек топтарға бөлу үшін қасиеттерін тұжырымдауға уақыт береді. Сұрақ қояды: Әрбір топта неше алма және алмұрт бар? «Бірнеше» немесе «көп», «бір»сөздерін пайдалануға қолжеткізеді.</p> <p>Әр түрінен бір үлкен жемісті бояу ұсынылады</p>	<p>талдау және қорытынды жасау қабілеттерін шыңдау</p> <p><b>«ҚАЙСЫСЫ АРТЫҚ?» дидактикалық ойыны.</b></p> <p>Мақсаттары: балалардың жылдың түрлі мезгілдеріне қатысты білімдерін нығайту, өз ойын нақты әрі еркін жеткізу қабілеттерін күшейту; есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p> <p>Педагог жыл мезгілінің атауын атайды: «Күз». Содан соң жылдың әртүрлі мезгілдерінің өзіне тән белгілерін атап көрсетеді (құстар оңтүстікке ұшып кетеді; бәйшешектер гүлдейді; ағаштардың жапырағы сарғаяды; үлпілдеген ақ қар жауады).</p>
<p><b>Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар «Айданардың құйрығы»</b></p>					

**Тілді жаттықтыратын тақпақ**

Кім келді?

Қане, қане кім келді?

**Біз, біз, біз!**

Апа, апа бұл сіз бе?

**Иә, иә, иә!**

Әке, әке бұл сіз бе?

**Иә, иә, иә!**

Ағатайым бұл сіз бе?


**Иә, иә, иә!**

Қарындасым бұл сен бе?

**Иә, иә, иә!**

Біздер тату жан ұя

**Иә, иә, иә!**



**Ойын: «Айдаһардың құйрығы»**

**Мақсаты:** Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.

**Ойынның шарты:** Өте қызық ойын! Ойынға қатысушылар бірінің артына бірі тізбектеле белдерінен ұстап тұрады. Ең бірінші тұрған бала - «айдаһардың басы». Ең соңғысы – «құйрығы» болады. «Айдаһардың басы» ең күрделі жолдармен жүре отырып өз «құйрығын» ұстап алуға тырысады.

**Ұсыныс:** Оның мақсаты – ұстап алу, «құйрықтың» мақсаты ұстатпау, қайткені де қашып құтылу. Егер «құйрық» ұсталып қалса, ол – «бас» болады. Ойын өз жалғасын табады.

**3 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

	<b>Қазақ тілі</b> <b>Тақырыбы:</b> «Менің мектебім» <b>Мақсаты:</b> - Балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету	<b>Қазақ тілі</b> <b>Тақырыбы:</b> «Біздің топ»	<b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>Тақырыбы:</b> «Мектептегі алғашқы күн».	<b>Көркем әдебиет</b> <b>Тақырыбы:</b> «Күз жомарт» <b>Мақсаты:</b> – балаларды күз мезгілімен	<b>Шығармашылық бейнелеу әрекеті</b> <b>Тақырыбы:</b> «Күзгі орман» (Акварель бояу)
--	--	--	--	--	--

	<p><b>Дидактикалық ойын:</b> «Танысу».Балалар аттарын айтып, қуыршақпен танысады. – Сенің атың кім? – Менің атым – Рома. – Менің атым – Вика. – Менің атым – Арлан</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b> «Тыңда, көрсет, қайтала». (Балалардың есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, тілдерін дамыту, кима суреттермен жұмыс). – Мынау кім? – Мынау – қыз. – Қыз қайда келді? – <b>Қыз мектепке келді</b></p>	<p><b>Мақсаты</b> -сурет бойынша сөйлем құрап әңгіме айту</p> <p><b>Сөздік ойын:</b> «Жалғасын тап». Суреттерді көрсетеді, суретке байланысты заттың атын атайды, сол сөзге сөзді байланыстырып жалғап, сөйлем құрайды.</p> <p>Мектеп ..... (әдемі, жарық, таза) Біздің ... (топ) Біздің топта... (ойыншықтар көп) Біздің топта.... (үстелдер, орындықтар, кереуеттер) бар. Табиғат бұрышында .. (гүлдер) бар.</p>	<p><b>Мақсаты:</b>- Мазмұнды жалғастырту арқылы ой-қиялдарындамыту</p> <p>Ба-ба-ба – бала.</p> <p>Бо-бо-бо – бота</p> <p>Бө-бө-бө – бөрік.</p> <p>Табыл – дабыл.</p> <p>Бақа – бақбақ</p> <p>«П» дыбысының буын ішінде кездесетін сөздерге мысал келтіреді</p> <p>Па-па-па – парта.</p> <p>Жа-па-лақ – жал-пақ.</p> <p>Па-рақ – жа-пы-рақ</p> <p>Педагог балаларға «бала», «парта», «бақа», «бақбақ» сөздеріне сөйлем құратады</p>	<p>таныстыру,күзде көкөніс,жемістерді көп беретінін түсіндіру»</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b> «Кімде не бар?»</p> <p><b>Ойын шарты:</b> Бір бала қолына жасырған затты сипаттайды. Сипатталған затты қалған балалар табу керек.</p> <p>Педагог:</p> <p>Балалар, сендер дүкенге барғанда әртүрлі заттарды, жаңа айтқан жемістермен көгөністерді көресіңдер. Сол заттарды сатып алуға болады. Ал сатып ала алмайтын заттар да бар екен. Сендер дәптермен жұмыс жасағанда көресіңдер</p>	<p><b>Мақсаты:</b>- күзгі орманның мазмұнын көре білуді үйрету. Бояумен суретсалудыжетілдіру,</p> <p>- бедерлі мүсіндеу тәсілімен таныстыру; жалпақтау, кесу, шымшү әдістерін тиянақтау, түрлі құралдарды дұрыс қолдана білуге машықтандыруды жалғастыру - қол, саусақ қимылдарын арттыру; көркем сөйлеу тілін дамыту</p> <p>- ұжымдықжұмысжасауарқылымазмұндықұрастыруғақозғаусалу</p> <p>Топтық жұмыс: Сурет салі Мүсіндеу Жапсыру Құрастыру <b>Күз</b></p> <p>Ой, балалар, балалар, Қоңырқай күз болыпты. Қурап жапырақ солыпты, Ел егінін орыпты.</p>
<p><b>Үзіліс: Қозғалмалы зерек ойындар «Жер,су,ауа »ойыны.</b></p>					

**«Табиғат құбылыстарын ажыратып олардың қасиеттерін ата»**

**Мақсаты:** Қасиетіне қарай: қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, буға айналады.

**Көрнекіліктер:** қар мен жаңбыр бейнеленген суреттер.

**Ойын барысы:** Балаларға қар мен жаңбырдың суреттерін көрсетіп, олардың бір-бірінен ажыратып айту тапсырылады. Білімдерін анықтау барысында табиғат құбылыстардың қасиеттерін айтып берулері керек.



**Ойын: «Жер, су, ауа»**

**Мақсаты:** балаларға берілген тапсырманы тез шешуге, жылдам жауап беруге, жерде, ауада, суда не болатынын дұрыс айтуға төселдіру, қоршаған ортаға қамқорлық сезімен тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** асық


**Шарты:** балалар дөңгелеіп отырады. Бір бала ортаға шығып балаларды кез келгеніне асық лақтырып жібереді де жер су ауа деген сөздің бірін айтады. Егер бала жер десе асықты қағып алған сезіммен тәбиелеу. Біл бала отатаға шығып, балалардың кез келгеніне асықта лақтырып жібереді де жер, су ауа деген сөздік бірін айтады. Егер бала жер десе, асықты қағып алған бала жерде тіршілік ететін құстарды, адамдарды, өсімдіктерді атайды. Ал су сөзі айтылса, балық балардың аты аталады. Ауа дегенде құстарды айтуы тиіс.

Осылай ойын жалғаса береді.

**4 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

	<p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Спортзалда ойнаймыз»</p> <p><b>Мақсаты:</b></p> <p>- тізбекпен қалай жүру керектігін, екі аяқпен қалай секіру керектігін,</p>	<p><b>Музыка</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Білім – бұлағың»</p> <p><b>Мақсаты:</b></p> <p>- Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: музыкалық</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Денсаулықтың құпиялары»</p> <p><b>Мақсаты:</b> - таза ауа ағзаны күшейтеді, аланда қимыл жаттығуларын орындау кезінде қауіпсіздік ережелерін қатаң</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Күлкі сыйла»</p> <p><b>Мақсаты:</b> - Орындық үстінде әр қадам басқан сайын допты алдында,</p>	<p><b>Музыка</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Нота үйренейік»</p> <p><b>Мақсаты:</b> - Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін, әсерлі реңктерін ажырату</p>
--	---	---	--	--	---

	<p>секіру кезінде қолымен қандай көмек жасауға болатындығын үйрету</p> <p><b>«Мұқият бол» ойын жаттығуы.</b></p> <p>1,5 минут орташа қарқынмен жүгіру; қозғалысты белгі бойынша алмастыру – жүру, еңбектеу. Мұрынмен тыныс алуға көңіл бөлу, жүру қарқынын бұзбай ырғақпен</p> <p>адымдауларын қадағалау.</p> <p>Тыныс алу гимнастикасы (у-шу кешені).</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Бос орын» (5 рет).</b></p> <p>Балалар шеңбер бойына малдас құрып отырады. Жүргізуші шеңбер бойымен жүріп, бір ойыншының жанына келіп, оның жанына беторамалды тастайды да: «Бұл жер саған тар</p> <p>Өзіңе орын тауып ал», – дейді. Ойыншы беторамалды алады да, жүргізушіні қуады. Ал</p> <p>жүргізуші оның орнына жылдам барып отырып алуға тырысады. Орынсыз қалған ойыншы жүргізуші болады</p>	<p>тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Қосалқа» Дәулеткерей</p> <p><b>Ән айту:</b> «Білімің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай)</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</p> <p>«Қояндар», «Аю», «Түлкі»,</p> <p>«Қасқыр» (Т. Ломова)</p> <p><b>Билер:</b> «Жұптасу биі» ( чех халық әуені)</p> <p>Ойындар, хороводтар:</p> <p>«Айгөлек» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Қыдырбекова)</p>	<p>сақтау керектігі, баяу жүргізгенде аяқ басына басып, қысқа қадамдар жасау керектігін үйрету</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қармақ». (3 рет).</b></p> <p>Балалар шеңбер бойына тұрады. Педагог ортада. Ол қолындағы баудың (қармақтың) бір ұшынан ұстайды. Баудың екінші ұшына құм салынған дорба байланған. Педагог жіпті жер бауырлата айналдыра бастайды. Балалар орнында тұрып жоғары секіріп қалып, құтылуға тырысады. Жоғары секіргенде екпінмен итеріліп, аяқтарын жинап алады. Кімнің аяғы</p> <p>ілінсе, сол ойыншы «қармаққа түсті». Ойын барысында балаларды ауық-ауық үзілістер жасап, демалтып тұру қажет.</p>	<p>артында ұстап, динамикалық тепе-теңдіктерін сақтап жүруді үйрету (ені – 20 см, биіктігі – 30 см).</p> <p><b>Құрсаудан-құрсауға екі аяқпен секіру:</b> ширақ итеріліп, құрсаудың ортасына түсу керектігін түсіндіру. <b>(3 рет).</b> Құрсаудан-құрсауға екі аяқпен секіру: 4 құрсауға кезекпен секіріп барып, қайтарда құрсауларды айналып, орындарына жүгіріп келеді. Секірген кезде құрсаудың ортасына түсуге тырысады. Екі аяқпен ширақ итеріліп, аяқтарының ұшымен жерге түседі</p> <p><b>Ойын:</b> «Қайда жасырылғанын тап». <b>(2 рет).</b> Спортзалда еркін тұрады.</p>	<p><b>Музыка тыңдау:</b> «Гүлдерайым» қазақтың халық әні (өңдеген Т. Қоңыратбай).</p> <p><b>Ән айту:</b> «До-ре-ми» (Ө. Байділдаев), «Білімің – бұлағың» (Т.Қоңыратбай)</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Марш» (В. Дешевов)</p> <p><b>Билер:</b> «Жұптасу биі» (чех халық әуені)</p> <p><b>Ойындар, хороводтар:</b> «Сикырлы ағаш» <b>(«Дидактикалық ойындар жинағынан»)</b></p>
--	--	--	---	--	--

<b>Серуенге дайындық</b>	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
<b>Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар «Жапалақ»</b>					
<b>Серуен</b>	<p style="text-align: center;">Тіл жаттығулары:</p> <p><b>«Аударыспақ»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> -әр түрлі түстерді қайталап бекіту;</p> <p>-сөздік қорын байыту;</p> <p>-дыбыстарды дұрыс және анық айтып бекіту;</p> <p>-балаларды : «Қандай?», «Не істейді?» т.б. сұрақтарға толық, сөйлеммен жауап беруді үйрету;</p> <p>-заттардың түрін, түсін, дәмін, пішінін дұрыс айтып қайталау;</p> <p>-дыбыстың сөздегі орынын тауып айту;</p>		<p><b>Ойын: «Жапалақ»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру.</p> <p><b>Шарты:</b> «Жапалақ» сайланады, ол барлық ойнаушылардан алысқа тұрады. Өзінің «ұясына». Басқа ойнаушылар жан-жаққа тарап кетеді. «Жапалақ»: «Күн туды, барлығымыз оянамыз!» дейді, сол сәтте барлығы жүгіріп, қимылдайды. «Жапалақ»: «Түн болды, барлығын қимылдамандар, жапалақ ұшады!» дегенде барлық ойнаушы балалар тыныш тұрып, қимылдамаулары керек. «Жапалақ» балалардың арасында жүріп, қимылдаған бір-екі баланы өз ұясына әкетеді. Бір бала қалғанша ойын жалғасады.</p>		



	<p>-балаларға сөз тіркестерін және сөйлемдерді құрастырып айтып үйрету;</p> <p>-балалардың еске сақтау, есту, ойлау қабілеттерін және зейіндерін дамыту;</p> <p>-қолдың ұсақ моторикасын дамыту;</p>				
<p><b>Балаларды үйге қайтару</b></p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b></p> <p>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b></p> <p>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>



## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы №13 орта мектебі»КММ

Мектепалды даярлық О « » сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 11-апта 12 - 16 қыркүйек 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				

	<p><b>Фотосуреттер қарастыру:«Көліктер»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b>Фотосуреттегі көліктердің түрлерімен таныстырып, олар қоршаған ортамен байланысты екенің түсіндіру.</p>	<p><b>Д/ойын: «Кері айт»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b>мағыналары қарама-қарсы сөздерді колдана білу дағдырларын бекіту. Сөздік қорын молайту, тілін дамыту.</p> <p>Көліктер туралы суреттерді қарастыру, ерекшеліктеріне назар бөлу.</p>	<p><b>«Жолаушылар»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Балалардың көңілдрін көтеріп саяхатқа шығару. Саяхатқа баратын көлік түрлерімен таныстыру. Жолға шыққанда балаларға жол жүру ережесін түсіндіру.</p>	<p><b>Үстел- үсті ойын:«Пазлдарды құрастырамыз»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b>конструктормен ,есептеу таяқшалармен өз еркімен құрастыру. Логикалық ойлау қабілетін дамыту.</p> <p>Көліктер жайлы әңгімелесу.</p>	<p><b>Д/ойын:«Көліктерд і ата»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b>балаларды арнайы көліктермен таныстырып, қоршаған ортаға, адамдарға немен керек екенің түсіндіру.</p>
<p><b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b></p>	<p><b>Ата-аналармен әңгіме:</b></p> <p>Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру</p>	<p><b>Ата-аналармен әңгіме:</b>Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.</p>	<p><b>Ата-аналармен әңгіме:</b></p> <p>Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.</p>	<p><b>Ата-аналармен әңгіме:</b></p> <p>Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.</p>	<p><b>Ата –аналармен әңгіме:</b> «Дұрыс тамақтануға баулу»</p>
<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b></p>	<p>Үстел үсті, саусақ және т.б.ойындар.</p> <p>Табиғат бұрышындағы гүлдерге су құю.</p>	<p>Үстел үсті ойыны – пазл:</p> <p>«Үйшік құрастыр»</p> <p>Балалармен балабақша туралы әңгімелесу.</p>	<p>Фотосуреттер қарастыру</p> <p><b>«Сүйікті ойыншықтарым ».</b></p> <p>Фотосуретте бейнеленген балабақшадағы қызметкерлерді атау.</p>	<p>Саусақ ойыны «Мысық, әтеш және түлкі».</p>	<p>Құрылыс ойындары</p> <p>«Қуыршақтарға үй құрастырамыз».</p>
<p><b>Таңертеңгі жаттығу</b></p>	<p>Таңғы жаттығу кешені № 2</p>				

<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b></p>	<p><b>Мнемосхемамен «Көліктер»</b> К. Бисекееваның тақпағын жаттау. Көліктер бар сан түрлі, Суда, жерде, көкте де. Дөңгелекті машина, Қажет бізге көліктер Ұшақ, пойыз, кеме де.</p>	<p><b>«Көңілдімін»</b> Тоқтамай зуылдаймын зырн-зырн, Көлікпін дуылдаймын дырн-дырн. Жүремін,айналамын бырн-бырн, Әрқашан көңілдімін сырн-сырн</p>	<p><b>«Зу-зу етіп көшеде»</b> Зу-зу етіп көшеде, Күн-түн тыным таппайды. Төрт дөңгелек дөңгелер, Төрт аяқпен шаппайды.</p>	<p><b>«Көлік жүйрік шықты алға»</b> Түрі, түсі, атауын, Оңай емес жаттауға. Қазіргінің тұлпары, Көлік жүйрік шықты алға.</p>	<p><b>«Бип-бип-бип дейді»</b> Бип-бип-бип дейді Жол шетіне шық дейді Күшікті басуға болмайды машина, Бип-бип-бип дейді Жол шетінен күт дейді Көшеде асығып жүруге болмайды машина Бип-бип-бип дейді.</p>
<p><b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>	<p><b>1- ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>				
<p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Менің досым»</p> <p><b>Мақсаты:</b>- Жалпылама сөздерді дидактикалық ойын барысында түсіндіріп, үйрету.</p> <p>Үнтаспадан Б.Самединеваның орындауында «<b>Достар, достар</b>» әні тыңдатылады</p> <p>Педагог балаларға «<b>Адал дос</b>» деген әңгіме оқып береді</p> <p>Міне, балалар, мақал-мәтелдердің өзінде досқа</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b>« Біз дыбыс пен сөз туралы не білеміз?»</p> <p><b>Мақсаты:</b>- Сөздің дыбыстан құралатынын түсіндіру</p> <p>Педагог балаларға ыммен «отырындар», «сөйлемдер», «тынышталындар», – деп белгі береді. Ыммен – сөйлемей ишарамен түсіндіру</p> <p>– Міне, балалар, көрдіңдер ме, сөзсіз өмір сүру қандай қиын, ал біз бәріміз өз ойымызды сөз арқылы айта аламыз. – Балалар, қазір мен бір сөз айтамын. Мысалы: «сиыр», енді сендер бір сөзден айтыңдар. Ал шатасып кетпес үшін мына стақанға әр сөз айтылған соң бір қарындаштан салып отырайық.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Дауысты дыбыстар»</p> <p>»</p> <p><b>Мақсаты:</b> -А дыбысы қандай сөздерде болатынын суреттер көрсету арқылы түсіндіру,А дыбысын хормен айтқызу</p> <p>-Балалар өткен тақырыпты естеріңе түсіндіріңдерші? – Не жайлы айттық? Педагог: Дыбыс айтылуына қарай әртүрлі болып естіледі. Дидактикалық ойын:</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b>«Жуан дауысты дыбыстар»</p> <p><b>Мақсаты:</b>дауысы дыбыстар жуан,жіңішке болатынын айтып түсіндіру</p> <p>«Кім көп біледі?» ойынын ойнату. Ойлаған сөздеріңді буынға бөлейік. – Әр буында бір дауысты дыбыс болады. Дауысты дыбыстарды қызыл түспен, ал дауыссыз дыбыстарды көк түспен белгілейміз (балаларға көрсету) Дидактикалық ойын: «Күн мен түнді» ажырат. Ойын шарты:</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b>«Кішкентай бағбан» (әңгімелеу)</p> <p><b>Мақсаты:</b>- Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру</p> <p>- Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? -Балалар қайда жүр? -Олар не істеп жатыр? <b>Суреттегі жемістер мен көгөністерді ата.</b> 2. Сәйкес суреттерді сызып қос. Қай сурет тақырыпқа сай келеді? <b>3. Мақалды жаттап ал.</b> Еңбекпенен тапқаның – Шекер-балдан татқаның</p>	

	<p>деген сенім жайлы айтылған. Достыққа адал адам, сертіне де адал болады.</p> <p><b>Дидактикалық ойын: «Бір сөзбен ата».</b></p> <p><b>Ойын шарты:</b> педагог қолындағы допты лақтырып көп сөз айтады, допты қағып алған бала сол сөздердің жалпылама, баламасын айтады. Мысалы: әке, ана, аға, тәте – отбасы. Кесе, шәйнек, шанышқы, қасық – ...</p> <p>Қасқыр, түлкі, жолбарыс – ... Қызыл, сары, жасыл, көк –</p>	<p>Мен «сиыр» сөзін айттым, бір қарындаш салайын. Тағы да кім сөз айтады? Ең соңында қарындаштарды санап, педагог қорытынды жасайды. – Міне, біз қандай көп сөз білеміз, айта берсек әлі де көп. – Сендер байқадыңдар ма, кейбір сөз ұзақ дыбысталса, енді бір сөз қысқа дыбысталады. Сол себепті сөздер ұзын және қысқа болады. Мына екі сөзді тыңдаңдар: үй және кітапхана. Осы сөздердің қайсысы ұзақ, ал қайсысы қысқа айтылады? – Біз ол сөзді өлшеп көрсетейік: 2 қолдың алақандарын біріктіріңдер. Сөзді дыбыстай бастаған кезде алақандарыңды аша бастайсыңдар. Ал дыбыстап болысымен, сол сәтте тоқтай қалыңдар (Бұл жаттығу 2–3 баламен жекелеп жүргізіледі, 6–8 сөз айтылады).</p>	<p>«Ненің дыбысы?» Ойын шарты: Педагог ұнтаспадан әртүрлі көлік түрлерінің табиғат құбылыстарының, жан-жануар, жәндіктердің дыбыстарын естіртеді. Балалар ненің дыбысы екенін табу керек</p> <p>Дидактикалық ойын: «Сөз айт, тез айт» Ойын шарты: доппен орындалады. Балалар бір-біріне доп лақтырып, «А» дыбысынан басталатын сөздерді айтады.</p>	<p>Педагог қай сөзде «Т» дыбыс бар Күндіз аспанда не бар болатынын, түнде аспанда не бар болатынын түсіндіреді. Сурет қималарымен ажыратып көрсетеді</p>	
--	--	---	---	--	--

Үзіліс

**Дидактикалық ойын: «Даусынан таны»**

**Шарты:** Балалар көлік түрлерін дауысына қарай ажыратып, аттарын атап карточкаларын орнына апарып салады.

**Дыбыстық жаттығу**

Дан-дан-дан-манадан,  
Дан-дан-дан-шанадан,  
Ем-ем-ем – мінгізем.  
Ем-ем-ем – жүргізем.



**Ойын: «Қандай белгі екенін тап?»**

**Мақсаты:** Жол белгілерін ажырата білуге, балалардың жолда жүру ережелері жайында білімдерін бекіту; күнделікті өмірде алған білімін өз бетінше қолдана алуға тәрбиелеу.

**Қолданатын көрнекіліктер:** Сақтандыру, тыйым салу, көрсеткіш және қызмет көрсету: жол белгілері желімденген текшелер.

**Ойын шарты:**

**1-ші нұсқа.** Жетекші текшелер жатқан үстелге кезекпен шақырады. Бала текшені алып, белгіні атап, сондай сияқты белгілері бар балаларға барады.

**2-ші нұсқа.** Жүргізуші белгі көрсетеді. Балалар осы белгіні өздерінің текшелерінде табады, көрсетеді және оның не білдіретінін айтады.

**3-нұсқа.** Ойыншыларға текшелер таратады. Балалар оны мұқият зерттейді. Әрі қарай әр бала өзінің белгісі туралы атын атамай айтып береді, қалғандары оны шешу керек.

**2 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

**Қоршаған ортамен танысу**

**Тақырыбы:** «Барлық мамандық қажет, барлық мамандық маңызды.»

**Мақсаты:** - Мамандық түрлері, олардың атқаратын қызметі, қоғамға келтіретін пайдасы туралы білімдерін толықтыру, жетілдіру  
**«Қандай мамандық иесі?» ойыны.**

Балалар бұл сөздерді қандай мамандық иесі айтуы мүмкін екенін анықтайды  
Сіздің кекіліңізді қысқа қию керек пе?... (шаштараз)

**Математика негіздері**

**Тақырыбы:** «Заттардың ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру»

**Мақсаты:** - Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.  
Шыдамдылыққа тәрбиелеу

**Математика негіздері**

**Тақырыбы:** «1 және 2 сандары»  
**Мақсаты:** - бір» және «көп» («бірнеше») терминдерін енгізу; 1 және 2 сандарын санату

Сықырлы паровозбен саяхат жасауды ұсынады. («Паровоз және вагондар» кестесі).  
Суретте неше паровоз бар? (Біреу).

**Математика негіздері**

Тақырыбы: «1 және 2 сандары»  
**Мақсаты:** - заттарды санау алуға; сандардың айтылу реттілігін үйрету. Заттардың қасиетін, белгісін айқындау және оларды топтастыруды үйрету

**Қоршаған ортамен танысу**

Тақырыбы: «Нан қайдан келеді?»  
**Мақсаты:** - Балалардың нанның дастарқанға келу жолы туралы түсініктерін жетілдіру. Нанға, оны өсіріп, пісіретін адамдардың еңбегіне құрметпен қарауға үйрету  
**«Тұқым» ойыны:** педагог музыка қосады, балаларға өздерін жерге себілген кішкентай тұқым ретінде

<p>Балалар, кітаптың бетін ашыңдар ... (мұғалім)</p> <p>Рульді оңға бұрайын...(жүргізуші)</p> <p>Сурет салуға қылақалдардайындады...(суретші)</p> <p>Сізге емделу үшін дәрілер жазып берейін...(дәрігер)</p> <p>Қанша килограмм кәмпитөлшейін?...(сатушы)</p> <p>Сізге қандай көйлек тігу керек?...(тігінші)</p> <p>Балалар, сендер үлкен болып өскенде әрқайсысың бір мамандықты таңдайсыңдар. Сендер өздеріңнің болашақтарыңды қалай қиялдайсыңдар? Сенің қиялыңдағы болашақ мамандық қандай болуы мүмкін? Балалар өздерінің кім болғысы келетіндігі туралы әңгімелеп,</p> <p>қиялыңдағы әлемде ол тандаған мамандықтың қалай өзгертіндігі туралы ойларын ортаға салады.</p>	<p>Анамызға себеттегі заттарды топтарға бөлуге көмектесейік. Барлығымыз бірге орындаймыз. Сендер қандай нұсқаларды ұсынасыңдар?</p> <p>Балаларға жиындарды кіші топтарға бөлуге көмектеседі: көгөністер, жемістер, тәттілер, қарбыз.</p> <p>Бізде қанша жеміс бар? Олардың көп немесе бірнеше екенін айта аламызба?</p> <p>Қанша көгөніс (тәттілер) бар?</p> <p>Топтық жұмыс жүргізу</p> <p>Көгөністерге, жемістерге, тәттілерге бөлуді ұсынады. Заттар тобын бір сөзбен атайды</p> <p>Көгөністерге, жемістерге, тәттілерге бөлуді ұсынады. Заттар тобын бір сөзбен атайды</p> <p>. Саны бойынша салыстырады: жемістер көп, ал қарбыз біреу.</p>	<p>Вагондарға ондағы терезе санына сәйкес әртүрлі ертегілердің кейіпкерлері отырғызылады (педагогтің қалауы бойынша іріктеледі).</p> <p>Педагог тақтаға бір паровоз бен бірнеше вагонды (3-тен 5-ке дейін) бекітеді. Ойынға қосылады. Әрбір вагонда 2 кейіпкерден болуы мүмкін екенін айқындайды. Оларды іріктеп отырғызады</p> <p>Паровозға неше вагон тіркеді? Әрқайсысын көрсете отырып, балалармен бірге дауыстап санайды. Одан кейін ұсынады:</p> <p>Терезелерді санаймыз: бір, екі. Келесі вагонда: бір, екі жәнет.с.с.</p> <p>Вагондардың әрқайсысында 2 терезе немесе терезелер жұбы бар</p>	<p>Екі-екіден көрсетілген заттардыздейік.</p> <p>Сендерде неше қол, аяқ, көз және құлақ бар?</p> <p>«Екі» сөзінің «жұп» дегенді білдіретінімен таныстырады. Қолғаптар жұбы, шұлықтар жұбы.</p> <p>Бір-бірден көрсетілген заттарды атаңдар</p> <p>Не туралы бір деп айтуға болады?</p> <p>Не туралы екі (немесе жұп) деп айтуға болады?</p> <p><b>Д/ ойын «Жұбын тап»</b></p>	<p>сезінуді ұсынады. Кішкентай тұқым қараңғы, ызғар, жұмсақ жерде жатыр. Күн бойын жылытқандай болды, жаңбыр жауды. Содан соң тұқым ісініп, жарылды.</p> <p>Ішінен құлақтанып кішкентай өскін шықты (балалар қолдарын жоғары көтереді). Сабақ жерді жарып шығып, күнге қарай талпынып өсе бастады (балалар орындарынан тұрады). Жел ары-бері шайқады. Сонда да өсе берді. Біраз уақыт өтіп, ол сабаққа айналды. Қара бидай тұқымынан шыққан сабақ қандай болады? (Қара бидай сабағы). Бидай тұқымынан шыққан сабақ қандай болады? (Бидай сабағы) Сұлы тұқымынан шыққан сабақ қандай болады? (Сұлы.) Сабақтың өсіп, дамуына не қажет? (Күн, жаңбыр және адам қолдары.)</p> <p><b>«Тағы кім?» ойынан ойнауға шақырады.</b> Тізбекті әрі қарай жалғастырады: наубайшы нан пісіреді, тағы кім пісіреді? (Ана, әже, әпке).</p>
--	--	--	--	---

Көгөністер көп, ал қарбыз біреу

Ұсақ қол моторикасына арналған сергіту сәті

1.«Қоян» – бала жұдырығын түйеді. Одан кейін сұқ саусағы мен ортаңғысаусағын шошайтады. «Қоян» құлақтарын созып тұр.

2.«Сақина» – бала жұдырығын түйеді.

Одан кейін бас бармағы мен сұқ саусағын түзетіп, бір-бірімен түйістіреді.

3.«Саусақтардың амандасуы» – саусақтарын түзу ұстап, алақандарын бір-біріне қарама-қарсы ұстайды

Үзіліс

**Сюжетті - рөлді ойын:**  
**«Кім үздік жүргінші?»**

**Мақсаты:** Жол жүру ережесі бойынша балалардың білімдерін бекіту. (бағдаршамның берген белгісі, жүргінші жол) белсенділігін, назарын тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** 1,2,3,4,5,6 сандармен текшелер және 2 фишка. Ойын алаңы.

**Ойын барысы:**

Бірінші жүргінші №1 үйден, екінші №2 үйден шығады. Текшелерді өздерінің сандары шыққанша лақтыра береді, және қайтадан лақтырады. Сонымен бір түрлі-түсті суреттерге мұқият қарау керек. Бірінші суретте бағдаршамның қызыл шамы жанып тұр. Демек, жүргінші бағдаршамнан тұрған дөңгелекке секіре алмайды. Ол орнында тұра береді. Екінші суретте көлік. Жолды кесіп өтуге болмайды, орнында тұру керек. Үшінші суретте бағдаршамның жасыл шамы жанып тұр. Текшені текшенің санына байланысты дөңгелектерге жылжытуға болады. Төртінші суретте мотоциклшы. Оны тоқтап, өткізу керек. Алтыншы суретте бағдаршамның сары шамы жанып тұр. Жүргінші сол суреттің бойында тоқтай алады. Жетінші суретте реттеуші онымен қауіпсіз,

**Саусақ ойындары**  
**Ойын: « Қозылар»**

**Мақсаты:** саусақтардың көмегі арқылы қандай да бір ұйқастырылған тарихты, такпақтарды, ертегілерді сахналау, қолмен орындау.  
**Тіл дамыту жаттығуы**  
Мына қозы күні бойы құйрығын бұлғандатты,  
Ал мына қозы арқасын қоршауға сүйкеді,  
Мә-мә-мә-мә-мә-мә-мә,  
Қозыларды мен жақсы көрем,  
Мына қозы аяқтарымен жерді қопарды,  
Қопарды да өзі сурет салды,  
Мә -мә -мә -мә -мә -мә -мә,  
Қозыларды мен жақсы көрем,  
Мына қозы ортаға тұрам деп,  
Бүкіл ағаларын итеріп тастады.



**Саусақ ойыны: « Құрттар»**

**Мақсаты:** Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді.

**Тіл дамыту жаттығуы**

1,2,3,4,5

Құрттар серуенге жүрді,  
Бір уақытта қарға алдарынан шықты,  
Басын шайқап иіле,  
-Менің түскі асым- деп,  
Енді қараса құрттар жоқ.



**Психологиялық ойын:**

**Ойын: «**

**Сәлемдесу»** жаттығуы.

**Мақсаты:** Бір-бірімен кездескенде амандасу мәдениетіне тәрбиелеу, жылдамдыққа баулу.

**Ойын шарты:** Қазір біз сендермен ойын ойнаймыз, қимылды тез жасауларың керек. «Бастаймыз» деген белгі берілгенде, мен қалай амандасу керек екенін айтамын, сонда сендер бір-бірлеріңмен тез-тез амандасасындар. Әр адаммен әртүрлі амандасасындар. Сонымен, көзбен... қолмен... иықпен... құлақпен... тіземен... иекпен... өкшемен... арқамен.



**Аз қимылды ойын:**

**Ойын: «Кеме»**

**Мақсаты:** Адамдардың әр түрлі мамандықтары туралы балалардың білімдерін жетілдіру, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.


**Қажетті атрибуттар:** ағаштан жасалынған кемеңіздің макеті, руль, капитанның қалпағы, балықтар.

**Ойын шарты:** Балалар өз қалаулары бойынша капитан мен кеме жүргізушіні тағайындайды, содан кейін әрқайсысы өз орындарына отырады.

Капитан өзінің жүргізушісіне оңға бұр, солға бұр, тура жүр,- деп басқарып отырады.

Кемемен серуенге шыққанда теңізшілердің еңбегі, балықтардың түрлері жайында мағлұмат беріледі. Саяхат көңілді болу үшін ән айтады.

Бұл ойын балаларды ұйымдасқан түрде ойнай білуге баулиды.





бірден әженің үйіне баруға болады. Кім жол ережесін бұзбай әжесіне келсе сол жеңіске жетеді.



### 3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

<p><b>Қазақ тілі</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Біз мектепте не істейміз?»</p> <p><b>Мақсаты:</b> -мектепке не үшін баратынын әңгімелеп айтып беру</p> <p><b>Сөздік ойын: «Жалғасын тап».</b> Суреттерді көрсетеді, суретке байланысты заттың атын атайды, сол сөзге сөзді байланыстырып жалғап, сөйлем құрайды.</p> <p>Мектеп ... (әдемі, жарық, таза). Таңертең жаттығу ... (жасаймыз). Музыка залында ... (ән айтамыз, би билейміз). Серуенге шығып ... (ойнаймыз, демаламыз).</p>	<p><b>Қазақ тілі</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Мектеп қызметкерлер»</p> <p><b>Мақсаты:</b>-мамандық иелерін құрметтеуге баулу</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b> <b>«Тыңда, көрсет, қайтала».</b> Балаларға мектеп қызметкерлерінің суретін көрсету.</p> <p>– Бұл кім? – Бұл – тәрбиеші. – Аты кім? – Айман Төлеутайқызы. \</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b>«Менің досым»</p> <p><b>Мақсаты:</b>- Суретке қарап әңгіме құрауды үйрету, баланың, сөздік қорын байыту. Бала бойындағы досына деген сенімділігін дамыту</p> <p>-Балалар, «Дос» деген сөз жай айтыла салмаған сөз екен. Дос болудың дәлкен жауапкершілігі бар екенін түсінулерің қажет. Досыңа</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b>«Кішкентай бағбан» (әңгімелеу)</p> <p><b>Мақсаты:</b>- Балалардың әңгімеге деген қызығушылығын арттыру. Шығарма кейіпкерлерімен таныстыру</p> <p>Әңгіме ұнады ма? – Әңгіме не туралы? – Авторы кім? – Садық бауда не істеді? – Садықты кім ойнауға шақырды? – Қалел досына не көрсетті? – Садық неге бармады? – Күз мезгілінде не өсті? – Садық Қалелге әкесінің қай сөзін айтты? (Балалармен бірге қайталап оқу). – «Кішкентай бағбан» деп кімді</p>	<p><b>Шығармашылық бейнелеу әрекеті</b></p> <p>Тақырыбы:«Тостаған» (Акварель бояу )</p> <p><b>Мақсаты:</b> - балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, заттың пішіндері туралы білімдерін жетілдіру, тостаған туралы білімдерін бекіту</p> <p>-тостағанды мүсіндеу әдіс-тәсілдерін үйрету -- ұсақ қол қимылдарын дамыта отырып, қию, жапсыру дағдыларын қалыптастыру</p> <p>- қағаздан құрастыруға үйретудет үрлі бағытта:тегістеп бүктеу, шаршы қағазды бүктеу біліктерін қалыпт астыру</p> <p>-Балалар, менің қолымдағы ыдысты қалай атайды? Менің қолымдағы тостағанның қандай ерекшелігі бар?</p>
---	--	---	---	---

		– Дұрыс Осылайша мектепте жұмыс істейтін музыка жетекшісі, жаттықтырушы және аспаздың аты-жөндері айтады.	адал болсаң, досың саған да адал болады.  <b>-Досыңа қандай сыйлық бересің суретін сал</b>	айтамыз? – Садықтың жасаған еңбегін қалай бағалайсың? – Сен Қалелдің орнында болсаң, не істер едің? – Әңгіме қалай аяқталды	Сендердің үйлеріңде осындай тостағандар барма? Сурет салу кезінде заттың фонына көңіл бөлу керек, себебі заттағы ою-өрнектің реңкі әртүрлі болуы мүмкін. Бүгін біз тостағанды салып, әшекейлеуді үйренеміз. Қағазға бір түсті акварель бояуымен тостағанның суретін саламыз -Салу тәсілдерін көрсету
--	--	---	--	---	---

**Үзіліс**

<p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Тақырыбы</b> Отбасының күзгіенбегі</p> <p><b>Мақсаты:</b>Тақырып бойынша ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту</p> <p>Педагог күз мезгілінің суретіне қарап, әңгіме құрайды: «Күз мезгілі, бақшаның іші сары алтындай жарқырап тұр. Ағаштардан түскен жапырақтар жерде саудырап жатыр». Жапырақтардың түстері қандай? Бақшада кімдер жүр? Бақшадағы балаларға атқойыңдаршы? Бақшада балалар не істеп жүр? Әкесі мен анасы не жинап жүр? Балалар суретке қарап, әңгіме құрайды</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b></p> <p><b>Тақырыбы</b> Дыбыстар әлемі</p> <p><b>Мақсаты:</b> дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту</p> <p>Педагог оқу қызметін «<b>Не қалай дыбыстайды?» ойыны</b> арқылы бастайды. Балаларға сұрақтар қойылады, балалар жауап беріп, әр құстың даусын салады.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Әтеш қалай дыбыстайды? – ..</li> <li>2. Қарға қалай дыбыстайды? – .</li> <li>3. Бұлбұл қалай дыбыстайды? –</li> <li>4. Аққу қалай дыбыстайды? –</li> <li>5. Торғай қалай дыбыстайды? –</li> </ol>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b></p> <p><b>Тақырыбы.</b> Дыбыстар әлемі</p> <p><b>Мақсаты</b> дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту</p> <p>Лашын көкте самғайды, Лашын көкті шарлайды. – Өлең не туралы және қай дыбыс қайталанып тұр? [Л] дауысты ма, дауыссыз ба? Қай дыбысқа жататынын анықта? Жасалу жолына мән бер. (үнді дауыссыз дыбыс) Педагог құстарға байланысты тыйым сөздермен таныстырады. 1. Құстың ұясын бұзба, 2. Ағашты сындырма. 3. Құстардың жұмыртқасын</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b></p> <p><b>Тақырыбы.</b> Буын</p> <p><b>Мақсаты</b> сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіру.</p> <p>«<b>Сөз жарыс</b>» <b>дидактикалық ойыны</b> – Балалар, «Сөз жарысын» ұйымдастырайық. Мен бір тақырып айтамын сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерді буынға бөлулерің қажет. Мысалы: ыдыстар, жануарлар, түстер т.б. Кім көп сөз айтып, буынға бөлсе, сол жеңімпаз болады (сөз айтып, буынға бөлген балаға түрлі түсті қаламнан беріліп отырады). Қаламдарды санау арқылы жеңімпаз анықталады.</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Тақырыбы.</b> «Арыстан мен тышқан!»</p> <p><b>Мақсаты</b> таныс сюжеттер бойынша қойылымды сахналауға дағдыландыру</p> <p><b>Жұмбақ ойын: «Айна».</b> Педагог бір кейіпкердің қимылын, көңіл күйін көрсетеді. Балалар педагог салған кейіпкердің көңіл күйін қайталайды. Қандай кейіпкер екенін табады. Педагогті балалар ауыстырып ойнауына болады. Педагог ертегіні драмалық театр арқылы сахналауды ұсынады. Сикырлы қоржыннан алған ертегі кейіпкерлерінің суреті бойынша рөлдерге бөлінеді. Ертегіні драмалауда сикырлы қоржыннан текшелер тандап алады. Педагог балаларды безендірілген сахна алаңына шақырады. Қоржыннан театр костюмдерін шығарып, кигізеді. Қалған балалар көрермен болады. Сахналау аяқталған соң балалар көрермендерге иіледі. Көрермендер қол шапалақтайды</p>	

			сындырма. 4. Құсқа тас лақтырма	
--	--	--	---------------------------------	--

**Үзіліс : Жабық және ашық кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар Ойын: «Тығылыспақ»**

**Саусақтарға арналған гимнастикалық жаттығулар:**

**Қысқыштармен ойналатын ойын**

**Ойын шарты:** Түрлі-түсті қатты қағаздардан дөңгелектер жасап, сондай түсті қысқыштарды қыстырса, гүлдер пайда болады. Ол баланың ұсақ моторикасын дамытады, ақыл-ойының, тілінің дамуына зор ықпал етеді.

**«Жаңғақтармен ойын»**

**Ойын шарты:** балалардың әрқайсысына жаңғақтар таратылады. Жаңғақты алақанның арасына салып, айналдыру. Бұл ойында балалардың қолдары жаттықтырып, сөйлеу тілі мен ойлау қабілеттері дамиды.



**Ойын: «Тығылыспақ»**

**Мақсаты:** кеңістікті бағдарлауға

дағдыландыру, сөздік қорларын молайту

**Жасы:** 5-6 жас аралығы

**Қажетті заттар:**

**Ойын барысы:** барлық балалар екі топқа бөлініп, топ басшылары тағайындалады. Санамақ арқылы қай топтың жасырынып, қай топтың іздейтіні анықталады. Ойынға «қала», яғни барлық ойыншылар жиналатын жер (ағаш, жар, есік, т.с.с.) таңдалынады. Жасырынатын топты топ басшылары жасырып, өзі қайтадан бұрынғы орнына оралады да, қарсылас топтың қай бағытта қозғалғанын «біз қазір .....(қай жер екенін)» айтып отырады. Ал жасырынған топ болса осы көмекті пайдалана отырып, жасырынған жерде отырады, ыңғайлы сәт туғанда «қаланың» жаулап алады. Егер іздеушілер жасырынушы топтың бір қатысушысын байқап қалса, онда оның аты мен жасырынған жерін дауыстап айтады да, барлығы «қалаға» қарай жүгіреді. «Қалаға» бірінші жеткен топқа ұпай беріледі. Жасырынған топ мүшелері іздеуші топ өздерін таппастан бұрын «қалаға» бірінші жетіп, ұпай ала алады.



**2 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

<p><b>Қоршаған орта</b> <b>Тақырыбы:</b> Барлық ағаштардың жапырағы түсе ме? <b>Мақсаты</b> Күзгі табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылап, бір-бірінен ажырата білуге үйрету.</p>	<p><b>Математика негіздері</b> <b>Тақырыбы:</b> Дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш <b>Мақсаты</b> геометриялық фигуралардан модельдеу біліктілігін қалыптастыру</p>	<p><b>Математика негіздері</b> <b>Тақырыбы:</b> Дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш <b>Мақсаты:</b> геометриялық фигуралардан модельдеу</p>	<p><b>Математика негіздері</b> <b>Тақырыбы:</b> Дөңгелек және сопақша <b>Мақсаты</b> сопақша геометриялық фигура туралы ұғым қалыптастыру «Көліктерді гаражға кіргізу» дидактикалық ойыны.</p>	<p><b>Математика негіздері</b> <b>Тақырыбы:</b> Дөңгелек және сопақша <b>Мақсаты</b> сопақша геометриялық фигура туралы ұғым қалыптастыру «Көліктерді гаражға кіргізу» дидактикалық ойыны.</p>	<p><b>Қоршаған орта</b> <b>Тақырыбы:</b> Менің елімнің салт-дәстүрі <b>Мақсаты:</b> ата-бабаларымыздан қалған салт-дәстүрді жоғалтпай әрі қарай жалғастыру</p>
--	---	--	--	--	--

	<p><b>«Қайсысының жапырағы екенін тап» атты дидактикалық ойын</b> ойнауға шақырады (әліппе-дәптердегі тапсырма).</p> <p>Мақсаттары: Балаларды ағашты жапырағына қарап тануға үйрету. Ағаштар мен бұталардан түскен жапырақтарды жинау. Педагог жапырақтың қандай ағаштан немесе бұтадан түскенін анықтауды, түспеген жапырақтарға қарап дәлелдеуді (ұқсастығын табуды) ұсынады. Ойын аяқталған кезде педагог мынадай уәде береді: (Педагог уәделерді айтып тұрады, балалар қайталайды).</p> <p><i>Ағаштардың бұтақтарын жұлмауға уәде береміз!</i></p> <p><i>Ағаштарды сугаруға уәде береміз!</i></p> <p><i>Ағаш жапырақтарын жұлмауға уәде береміз!</i></p> <p><i>Ағаштың қабығын сыдырмауға уәде береміз!</i></p> <p><i>Ағаштардың түбін қопсытуға уәде береміз!</i></p> <p><i>Ағаш діңдерін әктеуге!</i></p> <p><i>Айғайлап құстарды үркітпеуге уәде береміз!</i></p>	<p>Бұл не? (Шаршы.) – Оның жиектерін саусағыңмен жүргіз. Саусағыңды дайында. Саусағыңмен солдан оңға қарай жүргізесің, бұрышқа жетіп бұрыласың, саусақпен жоғарыдан төменге түсесің, бұрыласың, саусағың оңнан солға қарай жүреді, бұрышқа жетіп төменнен жоғарыға саусағыңды жүргізесің. (Әр баланың үстелінде белгілі бір түрдегі фигуралар жиынтығы бар.) – Біз саусағымызбен нені қоршап жүргіздік? (Шаршы.) – Тіктөртбұрышты көрсетеді, атайды, бұл геометриялық фигура – тіктөртбұрыш. – Оның жиектерін саусағыңмен жүргіз. Саусағыңды дайында... – Тіктөртбұрыш пен шаршының не айырмашылығы бар? Шаршыны тіктөртбұрышпен беттестіреді. – Қараңдар, бір қабырғалары бірдей, ал басқа екі қабырғалары әртүрлі. Тіктөртбұрыштың қабырғалары шаршыға қарағанда ұзынырық</p>	<p>біліктілігін қалыптастыру</p> <p>«Сипаттап табу» дидактикалық ойыны Балалар топтағы кез келген затты, оның қандай геометриялық пішінге ұқсайтынын, түсін сипаттайды. Қалған балалар шешуін тауып, затты атайды</p>	<p>Балаларға геометриялық фигуралар таратылады. Балаларға ойын ережелері түсіндіріледі. Өздеріңді мәшинемін деп елестетіңдер, ал геометриялық пішіндер – «мәшинелердің нөмірлері», «гараждар» – белгілер – геометриялық фигуралар бейнеленген орындықтар. Белгі бойынша «мәшинелер» топ бойынша жүріп өтіп, гаражға «кіреді». «Мәшинедегі» геометриялық фигура «гараждағы» фигурамен бірдей болуы тиіс. Орындықтардың орындары ауыстырылады. Ойын қайталанады.</p>	<p>керектігін түсіну; салт-дәстүрдің адам өміріндегі маңызы туралы алғашқы түсініктерінің болуы.</p> <p><b>«Бесікке бөлеу» ойыны</b></p> <p>Педагог алдын ала дайындаған қуыршақты, бесікті алып шығады. Бір қызды қасына шақырады. Кішкентай қыз бесікке қуыршақты жатқызып, бөлейді, тербетеді. Бесік Айтайын әлди өленін, Қуанышым, өлеңім. Ұйықта, ұйықта, бөбегім. Әлі өзін жетексіз, Батыл басып кетерсің. Оқу оқып, білім ап, Мақсатыңа жетерсің жырын айтады:</p>
<p><b>Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар «Көбелектер бақалар»</b></p>					




**Ойын: «Алыптар мен ергежейлілер»**

**Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

**Ойынның шарты:** Арнайы сызықпен қоршаған ойын алаңында балалар жүгіріп ойнап жүреді. «Алыптар» мен «қуғыншымын» қолын жоғары көтереді де өзіне ең жақын жүрген ойыншыны қуа жөнеледі, «ергежейлілер» жүгіреді.

**Ұсыныс:** Егер қуып жетсе, екеуі орын ауыстырып, жаңа қуғыншы, ойынды әрі қарай жалғастырады.



**Ойын: «Көбелектер бақалар»**

**Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Жәндіктерге қамқорлық көрсете білуге тәрбиелеу.

**Ойын барысы:** Батпақтың шекарасы төртбұрышты етіп белгіленеді. Мұнда бақалар өмір сүреді. Гүлдерге көбелектер ұшып келіп қонады. Ұлдар бақа сияқты секіреді, қыздар көбелектер сияқты ұшады.

**Ұсыныс:** ойында көбелектер, бақалар болып балалар ойнаушылар



қатысады, тәрбиеші де қат

ысады.




**3 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

Қазақ тілі	Қазақ тілі	Сөйлеуді дамыту	Көркем әдебиет	Шығармашылық бейнелеу әрекеті
<p><b>Тақырыбы</b> Жидектер</p> <p><b>Мақсаты</b> сөздік қорларын жидектердің атымен толықтыру</p> <p><b>Ойын жаттығуы:</b> «Бір сөзбен айт» Таңқурай, қарақат, құлпынай бір сөзбен қалай аталады?</p> <p>Жидектер. Алма, өрік, құрма бір сөзбен қалай аталады? Жемістер. Қияр, қызанақ, сәбіз, пияз бір сөзбен</p>	<p><b>Тақырыбы:</b> Ойнайықта ойнайық</p> <p><b>Мақсаты:</b> өткен тақырыптар бойынша сөздерді қайталау, білімдерін бекіту</p> <p><b>Ойын алаңына ұсақ қырады</b></p> <p>«Қызық кен» ойыны</p> <p>Балалар екі топқа бөлінеді. Педагог балаларға түрлі түсті суреті бар парақтарды</p>	<p><b>Тақырыбы:</b> Отбасының күзгіңбегі</p> <p><b>Мақсаты:</b> Тақырып бойынша ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту</p> <p>Сөйлеу үшін бізге қандай мүшелер көмектеседі? (Балалардың жауаптары тыңдалады). Иә, тіл, ауыз керек, онсыз түсінісу өте қиын. Педагог бір баланы тақтаға</p>	<p><b>Тақырыбы:</b> «Арыстан мен тышқан!»</p> <p><b>Мақсаты:</b> таныс сюжеттер бойынша қойылымды сахналауға дағдыландыру.</p> <p>1. Суреттерді кара. Арыстан тышқанға не айтты? Тышқан арыстанға қалай көмектесті? Тышқанның тапқырлығы туралы өз ойыңды айт. Досыңмен диалог құр. 2.</p>	<p><b>Тақырыбы:</b> Бидай масақтары</p> <p><b>Мақсаты:</b> - балаларға дәнді дақылдардың түрлері туралы білім беру</p> <p>--балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, мүсіндеп мазмұнын бере білуді үйрету</p>

	<p>енқалай аталады? Көгөністер.</p>	<p>таратады. Олар түсі бірдей парақтарды бір-бірімен біріктіреді. Екі топқа ортақ тапсырма беріледі, топтар кезекпен жауап береді. Әрбір жауап бір ұпай.</p> <p><b>Тапсырма.</b> Күз тақырыбы бойынша сұрақтар: Күз мезгілінің ерекшелігін ата? Күз айлары нәтижесінде? Күз туралы тақпақ оқы? Сурет бойынша сөйлем құра.</p> <p><b>Көкөністер.</b> Қандай көгөністерді білесің? Артығын тап? (Қызанақ, сәбіз, алма, пияз) қима суретте рден көрсету. Сурет бойынша сөйлем құра.</p>	<p>шығарып, картоп қазып жатқан, алма теріп жатқан, қияр, қызанақ жинап жатқан адамдардың қимыл-қозғалысын келтіреді. Қалған балалар табады Бірақ балаларға сөзсіз қимылмен түсіну қиындау болады, сөздің маңыздылығын түсінеді. Міне, қимылмен келтіргенмен толық, еңбек қозғалыстарын аша алмаймыз. Сондықтан да сөйлеу тілі өте маңызды. Әңгіме айту үшін сөз керек екен. Сөз дыбыстан құралады. Әңгімелесу арқылы бір-бірімізбен қарым-қатынас жасаймыз. Ойын: «Сөйлемей көрейікші» (үндемес ойыны ойналады). Педагог: «Орындарыңнан тұрындар», – деп ымдайды. Міне, көрдіңдер ме, сөзсіз өмір сүру өте қиын. Сондықтан да сөйлеу тілі өте маңызды.</p>	<p>Суретте қандай аң жасырынып тұрғанын тап. Педагог балалардың суретте қандай аң жасырынып тұрғанын табуына көмектеседі. Жеке жұмыс жүргізеді.</p>	<p>-Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию</p> <p>--ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу</p> <p><b>Топтық жұмыс</b></p>
--	---	--	---	---	---









**Үзіліс: Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар «Жоғарыда–төменде, биік-аласа»**

**Артикуляциялық жаттығулар:**  
**Балықтар**  
Кіп-кішкентай балықтар өзенде жүзеді,  
Үп-үлкен ағаш жағада жатты,  
Балық: «Мына жерде сүңгу оңай»- деп  
Екіншісі «Жоқ, бұл жер терең»- деді,  
Ал үшіншісі «Менің ұйқым келіп тұр»- деп,  
Ал төртіншісі тоңа бастады,  
Ал бесіншісі «Мында қолтырауын»- деп айғайлады,  
-Жүзіндер мына жерден,  
Әйтпесе жұтып қояды!



**Ойын:** «Жоғарыда–төменде, биік-аласа»  
**Мақсаты:** кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру  
**Жасы:** 5-6 жас аралығы  
**Қажетті заттар:** Көгілдір аспан, жасыл алқап, өзен бейнеленген сюжетті суретті плакат тақтада. Қорапта ұшақтың, құстар түрлері, балық түрлері, аңдар түрлері қатырма қағаздан жасалған.  
**Ойын барысы:** Тақтаға бір бала шығып қораптағы бір бейнені алып, атын атап, орынның анықтап сюжетті суретке іледі. Мысалы: Ұшақ жоғарыда-аспанда ұшады, балық төменде-су ішінде жүзеді, - деп сипаттап айту керек.



 <p><b>«Тіс щеткасымен ойын» жаттығу.</b></p> <p><b>Ойын шарты:</b> Балаларға тіс щеткалары таратылады. Щеткаларды бір-бірден алып саусақ ұштарына қойып, үйкелеп массаж жасайды. Бұл ойын балалардың миын дамытады, тілдерін дамытады, зейіннің тұрақтандырады, қол белсендігін, икемділігін арттырады.</p>				
				

#### 4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p><b>Тақырыбы</b>«Ақылдылар»  <b>Мақсаты:</b>Эстафета элементтерін пайдаланып, қимыл-қозғалыс тәжірибелерін толықтыру, бұйрық бойынша тапсырмаларды орындау шеберліктерін(машықтарын) қалыптастыру, өзінің жеке қызығушылықтарын команда қызығушылықтарынабағындыру</p> <p>«<b>Кім зейінді?</b>» ойын-жаттығуы. Педагогтің бұйрығы бойынша тізбек және сапқатұрады. Сапқа тұруды қыздар мен ұлдар</p>	<p><b>Музыка</b>  <b>Тақырыбы</b> «Күзгіжаңбыр»</p> <p><b>Мақсаты:</b>Музыканың сипатын түсініп, эмоцияларын көрсете білуге дағдыландыру</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b>  «Жаңбыр шақыру» (Д. Ботбаев)  Ән айту:  «Жау, жау, жаңбыр» (К. Дүйсекеев)  «Күзгі әуен» (А. Досмағанбет)  <b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p><b>Тақырыбы</b> Бізбен бірге және бізден артық орында»  <b>Мақсаты</b> Баланың қимыл-қозғалыс жүйесінің дамуына жағдай жасау. Өртүрлі жүру түрлерімен жүруге үйретуді жалғастыру (аяқты айкастырып жүру, отырып және жартылай отырып жүру</p> <p><b>Ойын:</b> «Орындарыңды ауыстырыңдар». (6 рет). Зал</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p><b>Тақырыбы</b>«Біз – болашақ әскерміз!»  <b>Мақсаты</b> –Өртүрлі қимылдар тізбегін орындау дағдыларын дамыту. Бір-бірден қозғалыс кезінде қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіріп, тізбекпен жүру, жүгіруді жалғастыру</p> <p>«<b>Бірінші бол!</b>» ( 3 рет). Жүргізушіні алмастырып</p>	<p><b>Музыка</b>  <b>Тақырыбы</b>Сабантойды тойлаймыз»</p> <p><b>Мақсаты</b> Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің мазмұнын мен сипаты туралы пікірін айту</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b>  «Тойбастар» күйі (Д. Нұрпейісова)  <b>Ән айту:</b>  «Сабантой» (Е. Хасанғалиев)  «Жау, жау, жаңбыр» (К.Дүйсекеев)  <b>Музыкалық-</b></p>
--	---	--	--	--	---

	<p>бөлек орындайды. Педагогтің сол жағына қыздар, оң жағына ұлдар сап түзеп тұрады. Педагогтің бұйрықтарын жылдам орындап, сапты бұзбауға тырысады. Сызық алдына екі тізбекке тұрады</p>	<p>«Көңілді балалар» литва халық әуені (өнд. Т. Ломова)  <b>Билер:</b>  «Көңілді қолшатырлар» биі (педагогтің таңдауы бойынша) <b>Ойындар, хороvodтар:</b>  «Күн мен жаңбыр» ойыны</p>	<p>ортасына арқан төсейді, осылайша зал екіге бөлінеді. Әр команда залдың екі шетінде тұрады. «Қаш!» деген белгі бойынша өз алаңдарынан қарама-қарсы алаңға шашырап жүгіреді. Ойыншылары толық екінші алаңға өткен команда жеңімпазатанады.</p>	<p>жүгіру.  Педагогтің белгісімен аты аталған ойыншы ең алдыға тұра қалып, жүргізуші болып, жүгірісті басқа бағытта жалғастырады. Басқа баланың аты аталғанда сол бала жүргізуші болады. Осылайша олар ауысып отырады. Қолдарын кеудесіне дейін жоғары қарай алдыға қозғалтып, ішке тартып, шынғағымен артқа шығару керектігіне назар аударту.  Нұсқау: қысқа қадамдар жасап, аяқ басымен аттап жүгіру.</p>	<p><b>ырғақтыққимылдар:</b>  «Марш» (Е. Андосов)  <b>Билер:</b> «Көңілді қолшатырлар биі (педагогтің таңдауымен) Ойындар, хороvodтар: «Теңге алу» қазақтың ұлттық ойыны («Адай» Құрманғазы, ұнтаспадан)</p>
<p><b>Серуенге дайындық</b></p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>

<p><b>Серуен</b></p>	<p><b>Бақылау:</b> Ауа-райын бақылау.  <b>Мақсаты:</b> Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау.  <b>Енбек:</b> «Таза алаң» .  <b>Мақсаты:</b> Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің енебегін қадірлей білуге тәрбиелеу.  <b>Жеке жұмыс:</b>Е.Өтетілеуов«Күшік».  <b>Мақсаты:</b> Ү дыбысының айтылуына жаттықтыру.Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету.  Е.Өтетілеуов. «Күшік» .  Үреді үйшікте  Аулада күшіктер  Біреуі оның қап-қара,  Біреуі сары ала  Біреуі қардай ақ,  Біреуі сұр жолақ  Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ:  Үреді абалап  <b>Ойын:</b> «Қасқыр мен қаздар» .  <b>Мақсаты:</b> Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.  <b>Қимылдық ойын:</b> «Тымпи-тымпи» .  <b>Мақсаты:</b> Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.  Ойын барысы:Тымпи-тымпи ойынның бастаушы дөңгеленіп отырған ортасына шығып: «Тым-тырыс, тымпи-тымпи» ,- дейді.Осы сәтте қалған адамдар үндемеуге тиіс.Ортаға шыққан адам әр түрлі әзіл, сықақ, қызықты әңгімелер айтып отырғандарды күлдіруге тырысады.Белгілі уақытқа дейін өзінің осындай «өнерімен» ешкімді күлдірте алмаса, жеке адамның жанына барып , соны күлдіруге күш салады.Әзіл-сықақтары әлсіз, әсерсіз болса, аузы-мұрнын қисайтып, түрлі қолайсыз қимылдар жасап күлдіруге әрекет етеді. Осы сәтте әлгі ойыншы үн шығармауға, ортадағы адамның сұрағына жауап бермеуге тырысады.Ал, сөйлеп , күліп қойса айыпкер саналады. Айыбы үшін өлең айтып би билейді.Айбын өтегеннен кейін ол ортаға шығып, ойынды басқарып кетеді.  <b>Балалардың өз бетімен ойнауы:</b>  1. Өткеншек тебу.  2. Допты қуалау.  <b>Тренинг:</b> «Біз біргеміз» .</p>	<p><b>Бақылау:</b> Күзгі жапырақтарды бақылау.  <b>Мақсаты:</b> Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау.  <b>Енбек :</b> Жапырақтардан гүл шоғын жасау  <b>Мақсаты:</b> Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру.  <b>Жеке жұмыс:</b>«Күзгі жапырақ»тақпақ  Қыстың жақын қалғанын, Жапырақтар сезгендей.  Желмен ұшып барады,  Жерге қонып үлгермей  <b>Мақсаты:</b> Балалардың тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту.  <b>Ойын:</b> «Аю жүрген орманда» .  <b>Мақсаты:</b> Қимыл қозғалысын дамыту  <b>Қимылдық ойын:</b> «Монданақ» .  <b>Ойын барысы:</b> Монданақ ойыны бойынша белдік-белбеу әйтпесе орамалды шыршықтап алып дөңгелене отырады.Ортаға біреу шығады.Отырғандар тізерлеп: «Өне кетті монданақ,міне кетті монданақ» ,-деп әндетіп, ортадағы бала сырт айнала бергенде, оны соғып қалып, орамалын қайтадан жасыра қояды.Оны жасыра алмаған ойыншы ортаға шығады.  <b>Балалардың өз бетімен ойнауы:</b>  1.Орта доп  2.Өткеншек тебу  3.Қуаласпақ  <b>Тренинг:</b> «Бір шаңырақ астында» .</p>	<p><b>Бақылау:</b> Алтын күзді бақылау.  <b>Мақсаты:</b> Күзгі алаңның назар аударып, күздің алғашқы белгілерін анықтау.Қай ағаштың жапырақтары ерте өзгеріске ұшырайтынын, түрін, түсін ажырату. Қуандырып біздерді,  Мерекеді күз келді  Кел жемісті алтын күз  Кемелденсін халқымыз.  Қимылдық ойын: «Жылғадан қарғып өтеміз» , «Қоян мен қасқыр» .  Мақсаты:Елтілікке, жылдамдыққа бірлесіп ойнауға үйрету.  <b>Енбек :</b> «Таза алаң»  <b>Мақсаты:</b> Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау.Балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.Бастаған ісін аяғына дейін тиянақты орындауға үйрету.  <b>Жеке жұмыс:</b>«Отбасы мүшелері»  <b>Мақсаты:</b> Отбасы мүшелерін дұрыс атай білуге үйрету.  <b>Қимылдық ойын:</b> «Көрші» .  Мақсаты:Балалардың ептілікке , сезімталдық,кеңістікті бағдарлай білуге үйрете отырып, батылдық сияқты қабілеттерін одан әрі дамыту.Шапшаң қимылдап, жылдам жүгіруге үйрету.  <b>Ойын барысы:</b> Балалар екі-екіден қол ұстасып , бірінің артына бірі тұрады.Олардың алдынан 3- 8 метр жерден сызық жүргізіледі.Ол сызықтың бойында торуылшы бір бала тұрады.Тәрбиешінің белгісімен ең артында тұрған бала, балалар тобының екі жағымен жүргірген бойы сызықтан өтіп қайтадан қол ұстасуы керек. Егер ұстап алса , қолынан жетектеп әкеліп , топтың алдына келіп тұрады.Ал қалған біреуі торуылшы болып, сызықтың үстінде қалады.  Балалар жүгіріп келе жатқанда торуылшы оларға арқасын беріп , теріс қарап тұрады.Ортасында тұрған қасқыр қуып береді.Қолға түскен балалар ойыннан шығып қалып, келесі ойынға кіреді.Қасқырларды ұсталып қалған балалардың арасынан сайлайды.  <b>Дербес ойындар.</b>  <b>Тренинг:</b> «Біз татумыз»</p>	<p><b>Бақылау:</b>Жәндіктерді бақылау.  <b>Мақсаты:</b> Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады?Мінекей, құмырсқаларды қараңдаршы, өз азықтарын жинап енебектеніп жатыр.  «Қыстың қамын жаз ойла» .  <b>Енбек :</b>Біздің алаң.  <b>Мақсаты:</b> Ауладағы жапырақтарды жинау.Балалардың еңбекке ынтасын арттырып , өздігінен еңбек ете білуге үйрету.  <b>Жеке жұмыс:</b>Тыйым сөздерді жаттату.  <b>Мақсаты:</b> «Суға түкірме» , «Нанды баспа» , «Дастархан басында кекірме» т.б сөздердің мағынасын айтып түсіндіру.  <b>Қимылдық ойын:</b>«Итеріспек»  <b>Ойын барысы:</b> Ойын көгалда өткізіледі, үлкен шеңбер сызылады, ортаға екі ойыншы шығады.Егер бір аяқпен секіріп жүріп , екі баланың біреуі екінші аяғын жерге тигізбестен қарсыласын шеңберден итеріп шығарса жеңгені.  Аяғын жерге тигізіп алса, жеңілгені.Ойын жалғаса береді.  <b>Балалардың өз бетімен ойнауы:</b>  1. Тығылыспақ.  2. Тартқышқа тартылу.  3.Допты қуалау.</p>	<p><b>Бақылау:</b> Күнді бақылау.  <b>Мақсаты:</b> Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле ( жарық) оның бүкіл табиғат үшін пайдалы да қажеттілігін ашу.  <b>Қимылдық ойын:</b> «Таяқшадан аттап өт» , «Қуаласпақ»  Мақсаты: Жылдамдыққа , ептілікке баулу.  <b>Енбек :</b> Гүл шоғы.  <b>Мақсаты:</b> Алаңдағы жапырақтарды жинап , олардан әдемі гүл шоғын жасау.  <b>Жеке жұмыс:</b> Е.Өтетілеуұлы . «Бағдаршам»  <b>Мақсаты:</b> Бағдаршаммен таныстыру.Жолда жүру ережелерін түсіндіру.  Е.Өтетілеуұлы «Бағдаршам»  Сақта көше тәртібін  Бағдаршамның ал «тілін»  Біліп алдым мен де:  Жасып жанса, демде  Алға кетем лезде.  Сары жанса , сабыр  Сақтай тұрам әзір.  Жанса қызыл шоқтай,  Қаламын кілт тоқтай.  <b>Қимылдық ойын:</b>«Үрпек төбет»  <b>Мақсаты:</b> Тез жүгіруге білуге үйрету, жылдамдыққа , батылдыққа тәрбиелеу.  Ойын барысы:  Балалардың біреуі төбетті бейнелейді; ол ортада отырады.Қалған балалар оған жай ғана жақындай түседі, ал тәрбиеші осы кезде былай дейді:  Алдыңғы екі аяққа басын сұғып,  Әнекей жалбыр төбет жатыр сұлық,  Белгісіз жағқаны ұйықтап, яки қалғып,  Момақан, сырт пішіні жуас салғырт  Ояталық жақындап барайық та,  Қайтер екен содан соң-қарайық та.  Төбет орынан ұшып тұрып үре бастайды.Балалар каша жөнеледі.Төбет оларды қуа жөнеледі.Балалардың бәрі жан-жаққа қашып тығылады.Төбет қайтадан ортаға отырады .Ойын жаңа бастаушымен қайта басталады.  <b>Балалардың өз бетімен ойнауы:</b>  1.<b>Төбешіктен-төбешікке секір.</b>  2.<b>Күн мен түн</b>  <b>Тренинг:</b> «Күн шуағы» .</p>
	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b></p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b></p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b></p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b></p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b>  - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата</p>

<p><b>Балаларды үйге қайтару</b></p>	<p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замөксыз, белдеушесіз.</p>	<p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>– ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>
--------------------------------------	---	---	---	---	---

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы №13 орта мектебі»КММ

Мектепалды даярлық О « » сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 1-апта 24 - 28 қазан 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<b>Балаларды қабылдау</b>	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Пж ойын: «Кім көп сөз айтады?» Шарты: Педагогтың артынан бірнеше сөзді қайталап айтады	Еркін ойын: « Бұл үйде кімдер тұрады?» Шарты: Қуыршақтарымен үй жасап ойнайды	Құрылымдалған ойын: «Орнын тап» Шарты: Жемістер мен көкөністердің көлеңкесін табады	Еркін ойын: «Бауын байла» Шарты: Фетрдан жасалған аяқ киімдердің бауын байлап ойнайды.	Еркін ойын: «Ертегілер елінде» Шарты: Саусақ театр арқылы ойнайды
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	<b>Ата –аналармен әңгіме:</b> «Дұрыс тамақтануға баулу»
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау</b>	Үстел үсті ойыны – пазл: «Әсем гүлдер бағы » Балалармен әсем гүлдер туралы әңгімелесу.	Құрылыс ойындары: «Біздің аула гүлдері»	Фотосуреттер қарастыру: «Гүлдер, гүлдер көп гүлдер» Фотосуретте бейнеленген ойын түрлерін атау.	Үстел үсті театры: «Раушан гүлдер» және т.б. тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру.	Сюжеттік ойындар: «Қош иісті гүлдер» еркін сурет салу. Д/ойын: «Менің сүйікті гүлім»

және тағы басқа әрекеттер)					
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 4				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Табиғатым тамаша» Табиғатым тамаша, Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап, Жүрейікші жараса.	«Дала қандай тамаша» Дала қандай тамаша, Ақ мамыққа оранған. Ақ дастарқан жайғандай, Көз тоймайды қараса.	«Табиғатқа қамқор боп» Табиғатқа қамқор боп, Байлығын біз қорғайық, Әдепті да,тәртіпті боп, Жақсылығын қолдайық.	«Табиғат...» Табиғат, сен тіршілік тұнып тұрған. Сен күнсің көтерілген күліп қырдан. Сен көлсің, сен ормансың. Сен - бұлбұлсың, Адамға сұлулықты шын ұқтырған!	«Табиғатым тамаша» Табиғатым тамаша, Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап, Жүрейікші жараса
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<b>1 - ұйымдастырылған іс-әрекет</b>				
	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Тақырыбы</b> Күзгі жапырақтар</p> <p><b>Мақсаты:</b> Дауысты дыбыстардың дыбысталуындағы ерекшеліктерді түсіндіру</p> <p><b>Күзгі жапырақтар</b> Алтын, сары, қызыл, көк, Алуан-алуан жапырыққ. Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b></p> <p><b>Тақырыбы</b> Буынды сызба түрінде көрсетіп үйренеміз</p> <p><b>Мақсаты:</b> буын туралы түсініктерін қалыптастыру</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b> «Сөйлемдерді толықтыру». Ойын шарты: балалар педагогтің бастаған сөйлемін жалғастырады және сол сөзді буынға бөліп созып айтады. – Өзімнің үлкен бауырым ... (а-ға) – Қыз құлағындағы әшекей ... (сыр-ға) – Ат тұяғындағы темір ... (та-ға) – Қап-қара құс ... (қар-ға) – Шегені қағатын ... (бал-ға) – Ең үздік баға ... (бес)</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b></p> <p><b>Тақырыбы.</b>Буынға бөлейік</p> <p><b>Мақсаты</b> сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіруді жалғастыр</p> <p><b>«Буынға буын қос» дидактикалық жаттығуы</b> Мақсаты: басталған буынға буын қосып, сөз құрап , айта білуге, шапшаңдыққа, зейінділікке баулу. Көрнекілік: ұсақ жалаушалар, ойыншықтар. Ойын шарты: балалармен жеке-жеке немесе 2 топқа бөліп, өткізуге болады. Жылдам ойлап, келесі буынды табу. Педагог</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b></p> <p><b>Тақырыбы.</b>Ойнай отырып оқимыз</p> <p><b>Мақсаты</b> буындардан сөз құрауға үйрету.</p> <p><b>«Жоғалған буын» дидактикалық ойыны</b> <b>Шарты:</b> педагог бір буынды айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды табады. Бір буыннан бірнеше сөз құраса болады. те -(геш), те -(рек), те -(мір), те -(сік), те -(тік). ор -(та), ор -(ман), ор -(ақ). өр -(мек), өр -(кеш), өр -(ле), өр -(мек-ші) <b>«Буынды қос» дидактикалық ойыны</b> – Балалар шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып,</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Тақырыбы.</b>«Алтын астық»</p> <p><b>Мақсаты</b> өленді дауыс ырғағымен, логикалық екпінмен жаттауға дағдыландыру.</p> <p><b>Жұмбақты шеш.</b> Ұзын мұртты сарылар, Қойнында дәні бар. (Бидай) . Не артық? Белгіле. Балаларға астық жинауға қатысы жоқ затты – себетті белгілетеді.</p>

		<p>– Білім алатын құрал ... (кі-тап)          – Дәптерге жазатын ... (қа-лам-сап). Өздерің жалғастырған сөздерді буынға сызба арқылы көрсетейік. Балалар тақтада жұмыс жасайды.</p>	<p>сөздің басқы буынын айтады, балалар сөзді тез аяқтайды. Ау- (ла). Ал- (ма). Са- (ра). Сә- (біз). Қа- (уын). Мысалы: үй-рек, бүр-кіт , қар-ға , тыр-на, тор-ғай, та-бақ , ә-теш, желім, қа-ғаз, қайшы, қа-лам, кі-тап. Ойын соңында, жеңімпаз бала, анықталып, мадақталады</p>	<p>буынды қосып, сөзді жалғастырады. Мысалы:(ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла). Ойынды өзгертуге болады.</p>	
--	--	---	--	---	--

**Үзіліс : Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар «Мысықтар мен балалар»**

**БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР**

Дауыстарын қайтала.  
 Аң біткенмен алысқан  
 Ақырады **арыстан:**  
**А-а-а-а-а-а**  
 Нәзік дауысы қозының  
 Естіледі алыстан:

**Мә-ә-ә-ә-ә**  
 Дөңгелетіп аузыңды,  
 Жіңішкертіп даусыңды,  
 Бұзаумын деп ойла да,  
 Дауысын оның қайтала:

**Мо—о-о-о**  
 (Балақай, жан жануарлардың дауыстарыне сала отырып, кей дыбыстардың жуан кей дыбыстардың жіңішке айтылатынына зер сал )

**Майлыаяқ.**  
 Жайлау толы малды аяп,



**Ойын:** «Мысықтар мен балалар»

**Максаты:** Берілген белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге, топпен ойнауды ойнай білуге үйрету. Ептілікке, алғырлыққа тәрбиелеу.

**Ойынның шарты:** Балалардың жартысы мысықтар болады, ал жартысы олардың иесі болады. Мысықтар баспалдақта отырады, олардың иелері жүрелерінен алаңның екінші жағында отырады. Тәрбиеші сүт кімге керек деп сүт құйғандай болады. Балалар «кис-кис», деп шақырады. Мысықтар

Күзетіп жүр Майлыаяқ,  
 Жолатпайтын ешкімді,  
 Дауысы алыстан естілді:  
**(ақырын дауыспен) –р-р-р-р-р**  
 «Тамақ жеймін ашпым д»,-деп,  
 «Қорқып иттер қашсын», -еп,  
 Күжірейтіп желкесін  
 Ырылдады қасқыр кеп:  
**(орташа дауыспен)-р-р-р-р-р**  
 «Қорықпаймын сенен»,-деп,  
 «Сазайынды берем»,-деп,  
 Дірілдетіп қасқырды  
 Айбатын ит асырды:  
**(қатты дауыспен) –р-р-р-р-р**  
 «Мынау бәле екен» деп,  
 «Түбіме бұл жетер» деп,  
 Қорқып қасқыр жөнелді,  
 Қайтып келмес ол енді.  
 (Балақай, қасқырдан да қорықпайтын төбет иттердің болатынын сен білесің бе?  
 Өзара екі топқа бөлініңдер де, **қасқыр мен иттер** болып алдымен ақырын, сосын  
 орташа, ең соңында қатты дауыспен «р» дыбысын созып айтыңдар.)



жақындаған да балалар алаңның екінші жағына  
 қашып шығады. Ойын 2-3 рет қайталанады.

## 2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p><b>Қоршаған орта</b>  <b>Тақырыбы:</b> Менің елімнің салт-дәстүрі.  <b>Мақсаты</b> ата-бабаларымыздан қалған салт-дәстүрді жоғалтпай әрі қарай</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Тақырыбы:</b> Дөңгелек және сопақша  <b>Мақсаты:</b> сопақша геометриялық фигура туралы</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Тақырыбы:</b> Шар, текше, цилиндр  <b>Мақсаты:</b> геометриялық денелердің: текше, шар,</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Тақырыбы:</b> Шар, текше, цилиндр  <b>Мақсаты:</b> геометриялық денелердің: текше, шар,</p>	<p><b>Қоршаған орта</b>  <b>Тақырыбы:</b> Жылқыұстары  <b>Мақсаты:</b> Қыста жылы жаққа ұшып кететін жыл құстары мен қыстап қалатын құстардың атын</p>
--	---	--	--	--	--



	<p>жалғастыру керектігін түсіну; салт-дәстүрдің адам өміріндегі маңызы туралы алғашқы түсініктерінің болуы.</p> <p><b>«Үй сыртында қолағаш» ойыны.</b> Педагог ойын барысында қауіпсіздік шараларына назар аударады. Балалар дөңгелене қол ұстасып тұрады. Ойын бастаушы орамалды алып, балалардың сыртын айналып жүгіріп, былай дейді: «Үй сыртында қолағаш» ойыны. Педагог ойын барысында қауіпсіздік шараларына назар аударады. Балалар дөңгелене қол ұстасып тұрады. Ойын бастаушы орамалды алып, балалардың сыртын айналып жүгіріп, былай дейді:</p> <p>. Қол ұстасып тұрған балалар қолдарын ажыратпайды. Ол – есік ашпағанның белгісі. Ойын бастаушы: «Үй сыртында қолағаш Озам десең, ала қаш» – деп, өзі таңдаған баланың арқасынан орамалмен соғып қалып, орамалды тастай сала жүгіре жөнеледі. Орамал алған бала қарама-қарсы жакпен жүгіреді.</p>	<p>ұғым қалыптастыру</p> <p><b>Топпен жұмыс</b> Педагог балаларға фигуралар жиынтығын – шеңберлерді, сопақшаларды, шаршыларды, тіктөртбұрыштарды таратады және өздерінің «моншақтарын» немесе өрнектерін жасауды ұсынады. Содан кейін, педагог өлшемі жақын шеңбер мен шаршыны, сопақша мен тіктөртбұрышты салыстыруды ұсынады. Балалар топпен жұмыс жасайды, фигуралардан өрнектер жасайды.</p>	<p>цилиндр ерекше қасиеттері туралы ұғым қалыптастыру</p> <p><b>Ойын жаттығуы:</b> <b>«Пішіндер неге ұқсайды?»</b> Суреттен шар, текше, цилиндрге ұқсас бейнеленген заттарды қарауға ұсынады. - Шар неге ұқсайды? (қарбыз, доп, глобус) - Цилиндр неге ұқсайды? (кружка, стақанға) -Текше неге ұқсайды? (текшелер, сыйлық қорапшасына). Кеңістіктік ұғымдарды дамытуға арналған ойын: «Фигураны атап көрсет» үш сөреге ойыншықтар қойылады, педагог сөренің жоғарғы оң жақ бұрышында орналасқан пішін бейнеленген карточканы көтеруді сұрайды. Екінші сөренің ортасында. Төменгі сөренің сол жағында және т.б. Балалар карточканы көтергеннен кейін пішіннің қалай аталатынын дауыстап айтуы қаже</p>	<p>цилиндр ерекше қасиеттері туралы ұғым қалыптастыру</p> <p><b>«Пішінді табындар» дидактикалық ойыны.</b> Дорбада (мөлдір емес) әртүрлі геометриялық пішіндегі заттар бар. Тапсырманы күрделендіру үшін жүргізуші дорбадан нақты пішінді табуға тапсырма береді. Бұл ретте бала қажетті пішінді тапқанға дейін бірнеше пішінді кезек-кезек ұстап көреді. Балалардың әрқайсысында «Сиқырлы» дорбаның болуы орынды. Пішіндерді өзара салыстырып: «Шардың қабырғалары бар ма? Шар, текше домалайды ма?» – деген сұрақтарға жауап береді. Ойын ойнайды. Бала пішіндерді қолымен ұстап, сипалап, атауын атайды. Пішіндерді өзара салыстырады. Оларды қоршаған ортадағы заттармен салыстырады. Заттардың неге ұқсайтыны туралы қорытынды жасайды. Қызығушылық танытады, педагогті мұқият тыңдайды, ойын ережелерін орындайды</p>	<p>атап, бір-бірінен айыра білуге үйрету; құстардың пайдасы туралы түсініктерін нығайту</p> <p><b>«Үшіншісі артық» атты дидактикалық ойынын</b> ұйымдастырады. Мақсаттары: балалардың құстардың алуан түрлілігі туралы білімдерін бекіту. Педагог құстардың аттарын араластырып, шатастырып айтады. Қатені байқаған бала қол шапалақтауы тиіс (торғай, қарға, шыбын, суықторғай және т.б.). Өзекті мәселе: Құстар бізге қандай пайда әкеледі? Талқылайды. «Зиянкес жәндіктер мен кеміргіштерді жояды» деген қорытынды жасайды. Сонымен қатар өсімдіктердің тұқымдарын таратып, олардың көбеюіне көмектеседі</p>
--	---	--	---	---	---

**Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар «Сылдырмақпен сылдырлат»**

**Дәстүрлі емес технологиясын пайдалана отырып жасалған балаға арналған саусақ ойындары**

**«Жасыру» саусақ ойыны.**

**Ойын шарты:** Қатысушылар алақанға қысқа қарындашты салады, жұдырықты жұмады және ашады. Қысқа қарандаш аламыз, жұдырыққа қысып, жасырамыз. Ал енді, келесі қолға жасырамыз.

Қарандашты қыса отырып, Алақанды ауыстырамыз.

Бұл ойында баланың қол икемділігі, танымдық деңгейі артады.

**«Салат» саусақ ойыны.**

Сәбізді алып тазалаймыз, (оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды)

Үккішпен үгіп майдалаймыз, (екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды)

Қанттан сеуіп дәмдейміз, (саусақтардың ұшымен қант себеді)

Міне дайын нәр тағам (екі қолын алдына жайып көрсетеді)

Дәруменге байыған. (алақанымен іштерін сипалап, тойғандықтарын көрсетеді)



**Ойын: «Сылдырмақпен сылдырлат»**

**Мақсаты:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.

**Ойынның шарты:** 5-6 балалар аланның бір жағында сызықтың ар жағында тұрады. Қарама-қарсы жақта орындықтарда бір бірінен арақашықтығы бірдей болып сылдырмақтар /бал-ң санына сай/ жатады. «1-2-3, жүгіріңдер» деген белгі бойынша балалар сылдырмақтарға қарай жүгіреді, жоғарыға көтереді де сылдырлатады. Бірінші жетіп, сылдырлатқан бала жеңіске жетеді. Сол балалар орындарына барады, басқа ойнаушылар қатысады.

**Ұсыныс:** Ойынды қиындатуға болады: кедергілерден секірітіп /жіптен, текшелерден, шеңберден өту, т.б./



### 3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p><b>Қазақ тілі</b></p> <p><b>Тақырыбы</b> Ойнайықта ойнайық  <b>Мақсаты</b> өткентақырыптар бойынша сөздерді қайталау, білімдерін бекіту</p> <p>Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген?          Күз мезгілінің суретін аяқтап сал.          Күздің белгілерін ата.</p>	<p><b>Қазақ тілі</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Неше? Санау</p> <p><b>Мақсаты</b> сөйлемдерді дауысырғағымен түрлендіріп айтуға жаттықтыру</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b>  <b>«Кім тапқыр?».</b>          Бірден онға дейін сандарды ретімен кою, санау. 23415 7 6 10 8 9</p> <p>1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 10 9 8 7          6 5 4 3 2 1</p> <p><b>Ойын: «Баспалдақпен жоғары көтеру».</b>          Басбармақ пен сұқ саусақтың көмегімен жоғары турасанау, төмен кері санау (қол моторикасындамыту).</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Күзгі жапырақтар</p> <p><b>Мақсаты,</b> Дауысты дыбыстардың дыбысталуындағы ерекшеліктерді түсіндіру</p> <p>Өлеңде қай мезгіл бейнеленген?          Не жайлы айтылған?          Ақын жапырақтарды негегеңеген?          Бұл өлеңнен жапырақтардың жерде алаша сияқты жататынын, алтындай жалтырайтынын, желмен түскен жапырақтар шашуға ұқсап шашылатынын, күз мезгілінің дарқан, кең екенін білдік.</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Алтын астық»</p> <p><b>Мақсаты</b> өлеңді дауысырғағымен, логикалық екіпінмен жаттауға дағдыландыру</p> <p>Өлең мазмұны бойынша сұрақтар:          – Сендерге өлең ұнады ма?          – Өлең шумақтарында не жайында айтылған?          – Өлеңді кім жазған?          – Алтын астық деген сөзді қалай түсінесің?          – Астыққа не жатады?          – Астық үлкен еңбектің арқасында келеді дегенді қалай түсінесің?</p>	<p><b>Шығармашылық бейнелеу әрекеті</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Сазбалшықтан жасалған табақ</p> <p><b>Мақсаты:</b> - тәрелкені салу ерекшеліктерін, оны ою-өрөкпен безендірудің орындалу тәсілдерін үйрету</p> <p>--табақты мүсіндеу</p> <p>--геометриялық пішіндерден табақ кию</p> <p>--Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту.</p> <p><b>Топтық жұмыстар</b></p>
--	--	---	--	--	---

			<p>Күз мезгілі кандай? Күз мезгілінде айнала сары болады. Ағаш жапырақтары жерге судырап түседі. Жер бетін жапырақ жапқан. Бір жер сары, бір жер – қызғылт сары Кереметкөрініс</p>	
--	--	--	--	--

**Үзіліс: Секіруге арналған ойындар «Көжектер» ойыны.**

**Дәстүрлі емес технологиясын пайдалана отырып жасалған балаға арналған саусақ ойындары**

**«Кіріп» жаттығуы**

Момаканмын алайда, (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады)  
Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды).

Кіріп кетсе қолыңа,  
Өкпелеме жарайма!

**Қолдың саусақтарын дамытуға арналған жаттығу.**

**Мақсаты :** қол саусақтарының күрделі үйлесімді қимылдарын дамыту.

А) Алақанды үстелдің үстіне қоямыз. Балалар бірінші оң, содан кейін сол қолдың саусақтарын бір-бірден көтереді. Осы жаттығуды кері жасап, қайталайды.

Б) Алақандар үстелдің үстінде, балалар кезекпен екі қолдың саусақтарын шынашақтан бастап көтереді.

В) Балалар сұқ және ортаңғы саусақтарымен қаламды немесе қарындашты ұстайды. Осы саусақтарын бүгіп, қайтадан қалпына келтіреді., бұл жерде қаламды үлкен саусақтан төмен түсіп кетпеуін қадағалау керек.

Г) Үстелдің үстінде 10-15 қарындаш немесе есептік таяқшалар жатыр. Оларды бір-бірден алып қолға жинау керек. Содан кейін тура солай қайтадан үстелге қою керек. Екінші қолмен көмектесуге болмайды.



**Ойын: «Көжектер»**

**Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Балаларды салауатты салтына тәрбиелеу.

**Шарты:** Балалар шеңбер жасап тұрады. Бір бала “түлкі” болады. Қалғандары көжектер секіріп билеп жүреді. Түлкі сыбдырды естіп көжектерді қуады. Қаша алмай қалған көжектерді түлкі ұстап алады, ойын осылай қайталана береді.



#### 4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p><b>Тақырыбы</b>«Біздің стадион»  <b>Мақсаты:</b>Өртүрлі жүру түрлерімен жүруге үйретуді жалғастыру (аяқты айқастырып жүру, отырып және жартылай отырып жүру, артпен жүру – 4 метр), қолдарының үйлесімді ырғақпен қозғалу шеберліктерін (машықтарын) дамыту</p>	<p><b>Музыка</b>  <b>Тақырыбы</b> «Сабантойды тойлаймыз»  <b>Мақсаты:</b>Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту  <b>Музыка тыңдау:</b> «Тойбастар» күйі (Д. Нұрпейісова)  <b>Ән айту:</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p><b>Тақырыбы</b> «Менің отбасым»  <b>Мақсаты</b> Допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруға үйрету, күш секілді дене сапасын дамыту  <b>Қимыл-қозғалыс ойыны:</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p><b>Тақырыбы</b>«Менің үйім»  <b>Мақсаты</b> - Допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруға жаттықтыруды жалғастыру, допты алдыға, жоғары лақтыра білу шеберліктерін (машықтарын) дамыту</p>	<p><b>Музыка</b>  <b>Тақырыбы</b>«Сабантойды тойлаймыз»  <b>Мақсаты</b> Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту  <b>Музыка тыңдау:</b> «Тойбастар» күйі (Д. Нұрпейісова)  <b>Ән айту:</b></p>
--	---	---	--	---	--

	<p><b>Аяқты уқалау</b> (Б.қ. – малдас құрып отыру). Мақсаты: аяқтағы белсенді биологиялық нүктелерді уқалау. Аяқтың энергетикалық каналдарын тазалау. Сол аяқтың табанын алдына тартып, башпайларды уқалайды, башпай араларын сипалайды, башпайлардың арасын ашады. Өкшені қатты қысады, табанды сипалайды, шымшиды. Табандарын айналдырады, табанды алақандарымен шапалақтайды. Осылайша оң табанды уқалайды</p>	<p>«Сабантой» (Е. Хасанғалиев) «Жау, жау, жаңбыр» (К.Дүйсекеев) <b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> «Марш» (Е. Андосов) <b>Билер:</b> «Көңілді қолшатырлар биі (педагогтің таңдауымен) Ойындар, хороводтар: «Теңге алу» қазақтың ұлттық ойыны («Адай» Құрманғазы, ұнтаспадан)</p>	<p><b>«Кім жылдам?» ( 5 рет).</b> Төрт бағыттаушыны таңдап, оларға әртүрлі түсті орамал үлестіреді. Төрт тізбекке бағыттаушылардың (командирлердің) артында тұрады. Белгі бойынша көздерін жұмады. Бағыттаушы педагогтің көрсеткен жеріне барып тұрады да, орамалды көтереді. Ойыншылар өз бағыттаушыларын іздеп табады да оның артына тізбекке тұрады.</p>	<p><b>Саусақ гимнастикасы:</b> <b>«Менің үйім»</b> «Тау басындағы үйді көріп тұрмын (алақандарыңды қосып, үй жасаңдар), оның айналасы жап-жасыл (қолдарыңмен толқын тәрізді қимылдар жасаңдар). Мынау – ағаш, мынау – бұталар (ағаш пен бұталарды бейнелеңдер). Мынау – хош иісті гүлдер (алақандарыңмен гүлдің қауызын жасаңдар). Үй қоршаумен қоршалған (ауада саусақтарымен ирек сызықтар сызады). Аула іші тап-таза (ауаны сипалаңдар), қақпаны ашамыз (қақпаны ашқан тәрізді бейнелейді). Үйге қарай жүгіреміз (саусақтар «жүгірді»), есікті қағамыз: (жұдырықпен): түк-түк-түк. Есікке кім жақындап келе жатыр? (Алақанға құлақтарын тосады), Біз қонаққа келдік, көп базарлық әкелдік (қолды алдыға созып, бір нәрсе әкеле жатқандай бейнелеңдер)».</p>	<p>«Сабантой» (Е. Хасанғалиев) «Жау, жау, жаңбыр» (К.Дүйсекеев) <b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> «Марш» (Е. Андосов) <b>Билер:</b> «Көңілді қолшатырлар биі (педагогтің таңдауымен) Ойындар, хороводтар: «Теңге алу» қазақтың ұлттық ойыны («Адай» Құрманғазы, ұнтаспадан)</p>
--	---	---	---	--	---

<b>Серуенге дайындық</b>	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
--------------------------	---	---	---	---	---

	<p><b>Қоршаған орта</b></p> <p><b>Міндеті:</b>-Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, арналған жол) білу</p> <p>Бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту(кірікті16.12)</p> <p><b>Мақсаты</b> Көшедегі тәртіп ережесін қатаң сақтауға, жолда зейінді болуға дағдыландыру</p> <p>«Жолдан өту» ойыны. Шарты: балалар «жолақ жолдан» өтеді. Педагог «Солға қараймыз!», «Оңға қараймыз!» – деп бұйырады. Содан соң «Солға қараймыз.</p>	<p><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>Міндеті:</b>10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру</p> <p><b>Мақсаты:</b> 10 көлемінде тура және кері санау дағдысын қалыптастыру.</p> <p>Әлия мен Сырым балаларға пойызбен саяхат жасауды ұсынады.</p> <p>Педагог балаларды вагондар болуға шақырады. Он бала бір-біріне тіркесіп, пойыздың қозғалысын еліктейді. Балаларға 1-ден 10-ға дейін цифр жазылған карточкалар</p>	<p><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>Міндеті:</b> 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру</p> <p><b>Мақсаты:</b> Келесі санды 1-ді қосу арқылы және 1-ді азайту арқылы алу тәсілімен таныстыру</p> <p>Сандық сәуле бойынша педагог 1-ге азайту амалын көрсетеді.</p>  <p>Сонымен</p>	<p><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау</p> <p><b>Мақсаты</b> теңдік және теңсіздік туралы ұғым қалыптастыру.</p> <p>Педагог тақтаға ойыншықтың суреті бар плакат іледі.</p> <p>Ойыншықтарға қарайды, сол және оң жақтағы суреттерді салыстырады.</p> <p>Қайсысы көп, қайсысы аз? Қалай бірдей жасауға болады? Балалар салыстыру</p>	<p><b>Қоршаған орта</b></p> <p><b>Міндеті:</b>Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау</p> <p><b>Мақсаты</b> Жолда жүру ережесін сақтап жүруге тәрбиелеу</p> <p><b>«Ұшқырлар мен тапқырлар» ойыны.</b></p> <p>– Біздің топта кім ең ұшқыр ойлы және тез тапқыр екенін білгім келеді. Мен</p> <p>сендерге сұрақтар қоямын, кім дұрыс жауап айтса, қолын көтереді. Хормен берілген</p> <p>жауап қабылданбайды. Кім дұрыс жауап берсе, жұлдызша алады. Ойын</p>
--	---	--	---	---	--

	<p>Жолдың ортасына дейін жетеміз. Оңға қараймыз. Өтеміз», – деп әрбір іс-әрекетті сөзбен жеткізіп отырады. Балалар педагогтің көмегінің тағы да «жолдан» өтеді <b>Топтық жұмыс. «Жол белгілерін табу» ойыны.</b> Санамақ бойынша балалар екі топқа бөлінеді. – Мен сендерге жол ережелерінің белгілерін дайындап қойып едім. Бірақ олар басқа суреттермен араласып кетті. Әр топ жол белгілерін дұрыс тауып алу керек. Қай топ тез табады, сол жеңіске шығады. Жағдаятты шешу: «Қайсар бүгін үйден шығып, футбол ойнағысы келді, бірақ аулада ешкім болмады, Қайсар допты лақтырып жіберді, ол жолға қарай домалап кетті. Өткен-кеткендер Қайсарға ұрыса бастады, бірақ Қайсар таңғалды, өйткені ол үлкендердің неге ұрысқанын түсінбеді». Балалар педагогпен бірге жол жағдайын талдайды, қауіпсіздік ережелерін еске түсіреді</p>	<p>таратылады. Педагог басқа балаларға вагондарды 1-ден 10-ға дейін тура және кері санауды сұрайды.</p> <p>Вагондармен көрініс ойнатылады. Педагог вагондардың бір-бірден туннельге қарай кетіп жатқанын хабарлайды</p>	<p><math>10 - 1 = 9</math></p> <p><math>9 - 1 = 8</math></p> <p><math>8 - 1 = 7</math></p> <p><math>7 - 1 = 6</math></p>	<p>және теңестіру әдісін ұсынады.</p> <p>Педагог тақтаның алдына шыққан балаларға бір сөренің екі жағында орналасқан заттардың арасында өзара бірмәнді сәйкестікті анықтауға көмектеседі.</p> <p>– Олар тең болуы үшін не істеу керек?</p> <p>– Дұрыс. Бір жағынан артығын алып тастау керек немесе жетіспейтін ойыншықтарды қою қажет. Артығының бар-жоғын білу үшін ойыншықтарды бір-бірінің астына қоямыз немесе жұптарды сызықпен жалғаймыз</p>	<p>соңында</p> <p>жұлдызшаларды санап, жеңімпазды анықтаймыз. Кімде жұлдызша көп болса, сол –</p> <p>жеңімпаз.</p> <p>– Автокөліктің қанша дөңгелегі бар? (Төрт).</p> <p>– Жаяужолда кім жүреді? (Жаяу жүргінші).</p> <p>– Көлікті кім басқарады? (Жүргізуші).</p> <p>– Екі жолдың қиылысы қалай аталады? (Жол қиылысы).</p> <p>– Жолдың жүріс бөлігі қай жақтан басталады? (Оң жақтан).</p> <p>– Жаяу жүргінші немесе жүргізуші жол ережесін бұзса не болуы мүмкін? (Апат немесе жол-көлік оқиғасы).</p> <p>– Бағдаршамның үстінгі шамы қандай? (Қызыл).</p> <p>– Жаяу жүргіншілер өткеліндегі жолақтар қандай жануарды еске түсіреді? (Зебра/алаша атты еске түсіреді).</p> <p>– Жаяу жүргінші жер асты өткеліне қалай түсе алады? (Баспалдақпен).</p> <p>– Егер жаяужол болмаса, жаяу жүргінші қалай қозғалады? (Сол жақтан, қозғалысқа</p>
--	---	---	--	---	--

					<p>қарсы).</p> <p>– Қандай мәшинелер арнайы дыбыстық және жарық сигналдарымен жабдықталған?</p> <p>(«Жедел жәрдем», өрт сөндіру және полиция мәшинелері).</p> <p>– Қауіп төнбеу үшін, қай жерде ойнау керек? (Аулада, балалар алаңында).</p> <p>Дұрыс жауаптарға жұлдызшалар беріліп, педагог ойынды қорытындылайды</p>
--	--	--	--	--	---

**Үзіліс:**

**Қол моторикасын дамытуға арналған санамақ**

**Ойын:** *Жүретін саусақтар.*

**Мақсаты:** Саусақтарын жүргізе отырып, саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту.

**Керекті құралдар:** Суреттері бар кітапшалар.

**Шарты:** Суреті бар кітапшаны алып, ішін ашып, ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен), суретті нұсқап оның атын сұрайды. Балалар жауап береді. Сол ереже бойынша қайталанатын.



**Үстел үстінде ойналатын ойындар.**

**Ойын:** «Сарбаздарға не керек?» (5-10 мин)

**Мақсаты:** Елін, жерін жаудан қорғай білуге, елінің патриоты болуға тәрбиелеу.

**Керекті құралдар:** ойынға керек ресурстар.

**Мазмұны:** Ортаға 1 қатысушы шақырылады. Маңдайына сурет қойылады. Бұл суретті қарама – қарсы отырған бала мимика арқылы қатысушыға көрсетіп, түсіндіреді. Ал ойынға қатысушы оны табу керек болады.

**3 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

	<p><b>Қазақ тілі</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).</p> <p><b>Мақсаты:</b> әртүрлі мамандық иелері туралы түсіндіру, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқауға үйрету</p> <p>1. Мамандықтарды ата. Олар не істейді? Сөйлем құра. Кімге қандай құрал керек? Сызып қос</p>	<p><b>Қазақ тілі</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту</p> <p><b>Мақсаты:</b> қазақ тіліндегі сыпайы сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету.</p> <p>-Балалар, қандай сыпайы сөздер білесіңдер? Қазір бәріміз жағдаят шешейік.</p> <p>1-жағдаят:</p> <p>Жанына екі баланы шығарып, екеуінің біреуіне ойыншық береді.</p> <p>– Досыңның ойыншығын сұрау үшін, оған қандай сыпайы сөз айтасың?</p> <p>Балалар жауап береді.</p> <p>2-жағдаят: екі баланың біреуі екіншісіне ренжігені туралы.</p> <p>– Егер байқамай досыңды ренжітіп алсаң, оған не айтасың?</p> <p>– Мен кешірім сұраймын.</p> <p>– «Кешір» деген сөзді айтамын.</p> <p>– Дұрыс, сыпайы сөздерді жиі айтатын балаларды әдепті бала</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Міндеті:</b> –Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту</p> <p><b>Мақсаты:</b> «М» – «Н» дыбыстарын салыстыру</p> <p>«М» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау.</p> <p>Ма-ма-ма – қыс деген бұл шалма.</p> <p>Ма-ма-ма – апорт тәтті алма.</p> <p>«Н» дыбысының дұрыс артикуляциясы:</p> <p>Ерін сәл ашылып, жіңішкерген тіл үстіңгі тістердің түбіне тиеді.</p> <p>«Н» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау. «Н» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіреді, сол сөздерді бірнеше рет қайталап айтады.</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b></p> <p><b>«Суретті жалғастыр».</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Салынған суретті тез жалғастыру. Жылдамдыққа үйрету.</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Міндеті:</b> --Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту</p> <p>-Кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну(<b>кірікт.16.12</b>)</p> <p><b>Мақсаты:</b> -Құстарға камкорлықпен қарауға тәрбиелеу</p> <p>Балалар, ненің суретін көріп тұрсыңдар?  – Орманда қандай құстар өмір сүреді?  – Тоқылдақ не істеп жатыр?  – Тоқылдақтың тұмсығы өткір, мықты. Ағашты тесіп, құрттарды теріп жейді. Құйрығы қатты, ұзын. Оны «орман дәрігері» деп атайды. Тоқылдақтың, құстардың пайдасы өте көп. Бүгін осы құстар туралы жазушы Максим Зверевтің «Орман емшілері» әңгімесімен танысамыз.</p> <p>Әңгіме – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Әңгіменің басқа жанрлардан ерекшелігі – болған оқиғаны қысқа баяндайды.</p> <p>Әңгімені мәнерлеп оқып, мазмұнын айтып береді (қосымшаны қараңыз).</p>	<p><b>Шығармашылық бейнелеу әрекеті</b></p> <p><b>Міндеті:</b>- Балаларға мерекелердің мәнін түсіндіру, өз жұмысының нәтижесін бағалау</p> <p>-Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау</p> <p>-- Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару</p> <p>-- Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру</p> <p>Жаңажылмерекесі туралы түсініктерін арттыру</p> <p>-Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру</p> <p>-- сюжеттік композициялар жасайды, оларды сәнді бөлшектермен толықтырады</p> <p>-Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау (<b>кірікт. 16.12</b>)</p> <p><b>Мақсаты:</b>- Жаңа жыл мерекесі туралы түсінік беру, қиялдау, елестету дағдыларын дамыту</p>
--	--	--	--	---	---



		деп атайды	Ашулы шалдың суретін бірінші болып жалғастырып, аяқта		Топтық жұмыс
--	--	------------	---	--	--------------

Үзіліс: .

**Психологиялық ойын:**

**Ойын: «Тыныштықты жақсы көретін патша»**

**Мақсаты:** Өзін - өзі одан әрі ашу, өзін - өзі тану, өзінің және айналасындағылардың психологиялық мінездемесін анықтау және талдау іскерлігін дамыту.

**Ойын шарты:**

Патша шуды жек көреді, сондықтан ханзаданың көңіл - күйін бұзбау үшін барлығымыз шуламай тыныш қозғаламыз. Патша аяқтың ұшымен жүреді, оның жүрісі жеңіл, баяу. Бұл ролді бір бала атқарады.

Жүргізуші келесі сөзді айтады: «Барлық балалар, патшадан басқа бөлменің әр жеріне тұра қалады. Патша саусағын ауызына тигізіп, «Ш - ш - ш, ханзада келе жатыр!» деп, бөлмені аралай бастайды. Барлығы «қатып» қалу керек, ал патша әрқайсысын айналып шығады. Кез келген баланың қасына келіп, саусағын баланың мұрнына тигізеді. Сол бала аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Келесі балаға жақындаған патша саусағын баланың мұрнына тигізеді, ол бірінші баланың соңына тұрып, аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Сол тәртіппен ойын жалғаса береді. Барлық балалар патшаның артына жиналғаннан кейін, патша кез келген артындағы балаға қарап, «Ш - ш - ш» дейді, сонда сол бала өз орнына тыныш, аяқ ұшымен оралады. Барлығы орнына тұрғаннан кейін ойын аяқталады.

"Қисық сурет" атты суретті жаттығу өткізіліп, оң және сол жарты шарлар басымдылығын анықтауға арналған қысқаша тест, сонымен қатар оптимистік бағдарды анықтауға арналған сауалнама алынды.

Аз қимылды ойын:

Ойын: «Қуғыншыдан құтқару»

**Мақсаты:** балаларға тез бұлтарып жүгіру тәсілдерін меңгерту.

**Ойын шарты:**

**Мазмұны:** Алаңда үлкен шеңбер немесе төртбұрыш сызылып, ойнайтын жер алдын ала дайындалады. Ойыншылардың арасынан санамақ арқылы бір «қуғыншы» сайланады. Ойын алаңнан шықпай, ішінде жүріп ойналады. Мұғалімнің «Қуғыншы табылды!» деген белгісінен кейін сайланған бала қолын жоғары көтеріп: «Мен қуғыншы!» – деп айқайлайды да, балаларды қуа жөнеледі.

Қуғыншының қолы тиген ойыншы қолын жоғары көтеріп, қуғыншы болғанын білдіреді де, ойынды әрі қарай жалғастырады.

Бірақ ойыншылар қуғыншыдан бір-бірін құтқаруларына болады. Ол үшін: қашып келе жатқан ойыншы мен қуғыншы екеуінің арасынан кесіп жүгіріп өтсе;

Қашып келе жатқан ойыншыға қол тигізсе;

Қашып келе жатқан ойыншымен қол алысса, онда қуғыншы сол ойыншыны қуады.

**Ойынның ережесі:**

1. Қуғыншы қолын көтеріп: «Мен қуғыншы» деп басқаларға ескерткеннен кейін ғана ойыншыларды ұстауына болады.

2. Ойын алаңынан шығып кеткен ойыншы ойыннан шығады.

Әдістемелік нұсқаулар.

Бұл ойынды ұйымдастыру үшін алаңды дұрыс тандаған жөн. Ойыншылар жүтірген кезде бір-біріне немесе басқа заттарға соғылып қалмау үшін қадағалау керек.

Ойын қызықты өтуі үшін ойынның мазмұнына әртүрлі қосымша тапсырмалар енгізуге болады.

Бір ойында бір қуғыншы ғана емес, бірнеше қуғыншы сайлауға болады.

Ойынның педагогикалық маңызы.

Ойынның педагогикалық маңызы өте зор. Ойыншылар жолдастықты іс жүзінде көрсете алады. Достары көп болғанның пайдасын көреді. Қауіптен қорықпай, қиыншылыққа қарсы тұруға дағдыланады.

Ойын барысында ойыншылар жүгіру жаттығуларын орындау тәсілдерін жетілдіреді. Өз қимыл –қозғалысын өзгелермен үйлестіруге үйренеді. Шапшаң, епті қимылдауға жаттығады.





#### 4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру</p> <p><b>Мақсаты:</b> Қимыл әрекеттің дұрыс басталуының кепілі болатын бастапқы қалыпқа дұрыс келуге, шайбаны ілгері бағытта үш</p>	<p><b>Музыка</b></p> <p><b>Міндеті:</b> -Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту</p> <p>-Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p><b>Міндеті:</b> -Орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру</p> <p><b>Мақсаты</b> - 3 м арақашықтағы көлбеу қойылған нысанаға заттарды лақтыруға үйрету.</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p><b>Міндеті:</b> -Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау</p> <p><b>Мақсаты</b> -Өртүрлі бағытта бір аяқпен секіре білу шеберліктерін (машықтарын)</p>	<p><b>Музыка</b></p> <p><b>Міндеті:</b> -Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгертуге үйрету</p> <p><b>Мақсаты</b> Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығулардан қиын емес әуендерді 2–3</p>
--	---	--	---	---	--

	<p><b>Мерген имек ағаш». (3 рет)</b></p> <p>Алаңқайдың ортасында текше тұр. Оны имек ағашпен бір ойыншы қорғайды. Қалған ойыншылар текшеге шайбаны имек ағаштарымен атып, тигізуге тырысады.</p> <p>Имек ағаштың қыры толық мұзды жататындай етіп ұстауын қадағалайды.</p> <p>Ойыншылар санын біртіндеп арттыра отырып, заттардың арасымен жүгіру. (5 рет) Арақашықтығы 1м 5 конусты алаңның ортасына қояды. Конустарды аралап жүгіретін ойыншы саны кима қағаздарға жазылған сандар арқылы анықталады.</p> <p>Әр команданың ойыншылары конустардың арасымен педагог белгісі бойынша жүгіре бастайды.ыруға үйрету</p>	<p><b>(кірікт.16.12)</b></p> <p><b>Мақсаты</b>Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығулардан қиын емес әуендерді 2–3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b></p> <p>«Жаңа жыл» (К. Шілдебаев)</p> <p>Ән айту:</p> <p>Ақша қар» (Е. Өміров)</p> <p>«Шырша әні» (К. Қуатбаев)</p> <p>Музыкалық-ырғақтық кимылдар:</p> <p>«Сағат» (Е. Андосов)</p> <p>Билер:</p> <p>«Ұлпақарлар биі»</p> <p>(«Вальс» П. Чайковский ұнтаспада,</p> <p>«Билеп үйренейік» жинағынан)</p> <p>Музыкалық аспапта ойнау:</p> <p>«Полька» (А. Филиппенко)</p>	<p><b>Қимыл-қозғалыс ойыны:</b></p> <p><b>«Асық алу».</b></p> <p>Шашырап жүреді, жүгіреді, педагогтің бұйрығымен жерден асықтарды алады.</p> <p>«Асық лақтыру» – дұрыс бастапқы қалыпта тұрып, көлбеу қойылған нысанаға асықтарды лақтыру (арақашықтығы – 3 метр)</p> <p>Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінен сәл ашық қойылады, оң аяқты арт жаққа жіберу, оң қол шынтақтан бүгіліп, кеуде тұсында. Асықты лақтырғанда оң қол төмен түсіріліп, төмен, артқа жіберіледі. Асықты қолды алдыға созып, сонан соң жоғары көтеріп лақтырады</p>	<p>жетілдіру, табанның алдыңғы жағымен таянып итерілулерін бекіту.</p> <p><b>«Терек» (Қырғыз халқының ойыны).</b></p> <p>Жүргізуші сайлайды. Ол – «терек». Жүргізуші шеңбер ортасында тұрады. Ойыншылар шеңбер бойында тұрып, түрлі қимыл-қозғалыстар жасайды. «Терек!» дегенде, жылдам орындарын ауыстырады. Жүргізуші бос орынның біреуіне жылдам тұруға тырысады. Орынсыз қалған бала жүргізуші болады. Ойында бірде-бір рет орнын бермеген бала жеңімпаз атанады.</p> <p>«Бірғып секіру» (Татар халқының ойыны) (3 рет)</p> <p>Әртүрлі бағытта бір аяқпен секіру. Ойыншылар шеңбер бойына тұрады. Жүргізуші шеңбердің ортасында тұрады. Жүргізуші: «Бірғып секір!» дегенде, ойыншылар жылдам бір аяқтарымен секіріп, орындарын ауыстырады. Жүргізуші де бір аяғымен секіріп, олардың біреуінің орнына тұрып алуға тырысады.</p>	<p>жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b></p> <p>«Жаңа жыл» (К. Шілдебаев)</p> <p>Ән айту:</p> <p>Ақша қар» (Е. Өміров)</p> <p>«Шырша әні» (К. Қуатбаев)</p> <p>Музыкалық-ырғақтық кимылдар:</p> <p>«Сағат» (Е. Андосов)</p> <p>Билер:</p> <p>«Ұлпақарлар биі»</p> <p>(«Вальс» П. Чайковский ұнтаспада,</p> <p>«Билеп үйренейік» жинағынан)</p> <p>Музыкалық аспапта ойнау:</p> <p>«Полька» (А. Филиппенко)</p>
--	---	--	--	---	--

<b>Серуенге дайындық</b>	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
<b>Серуен</b>	<p><i>Қар жауып тұрған құбылысты бақылау</i></p> <p><i>Мақсаты: қардың жауып тұрғанын бақылау, ауа райына байланысты құбылыстарды түсіндіру, аязды күнде қар жеңіл болады, олар ауада би билегендей, жылырақ күнде қар ауырлау тартады,- қалықтап жерге түседі, суық күнде қар ұшқындары жеделдеп жауады.</i></p> <p><i>Тақпақ :</i></p> <p><i>Есік алды тайганақ жата берсін.</i></p> <p><i>Біз оған теуіп жүрміз сырғанақ,</i></p> <p><i>Шыға беріп жалтақтай,</i></p> <p><i>Ұшып түсті қалпақтай.</i></p> <p><i>Қимылды ойын: «Аңшы мен қояндар»</i></p> <p><i>Мақсаты: жылжымалы лақтырған нысанға затты тигізу, жүгіруге өрмелеп шығуға жаттықтыру.</i></p> <p><i>Жеке жұмыс: «Адасқан қар қиыршықтары» тақырыбына шығармашылық әңгіме құрастыру.</i></p> <p><i>Жұмбақ: Құм сияқты ұсақ болғанымен, жер бетін жауып үлгереді. (қар) Еңбек: Тәрбиеші жұмысты әркімге бөліп беруге көмектеседі. Бірі қарды жинаса, енді бірі оны тасиды,</i></p>	<p><i>Қырауды бақылау</i></p> <p><i>Мақсаты: балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Темір затқа үрлеп көрейік. Оған қырау түсті, біздің буымыз суықтан қырауға айналды. Сонымен қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнек шынысына, ағаш бұтақтарында, бұтақтарында, басқа заттарда қатып, қырауға айналған. Қырау әдетте күннің ашығында пайда болады.</i></p> <p><i>Болжам:</i></p> <p><i>Ағашқа қырау түссе, аяз болады.</i></p> <p><i>Тұман болса, күн жылынады.</i></p> <p><i>Егерде түнде қырау түссе, күндіз қар жаумайды.</i></p> <p><i>Жұмбақ:</i></p> <p><i>Қант сияқты ақ,</i></p> <p><i>Ұлпа боп жерде жатады. (қар)</i></p> <p><i>Қимылды ойын: «Суықторғайлар»</i></p> <p><i>Мақсаты: қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу.</i></p>	<p><i>Мұз сүңгісін бақылау</i></p> <p><i>Мақсаты: балаларға мұздың қасиеті туралы мол түсінік беру. Байқағыштық қасиетті қалыптастырып, іске баға беріп, қортынды жасай білуге үйрету.</i></p> <p><i>Сұрақтар:</i></p> <p><i>Сүмелек мұз жөнінде не айтуға болады?</i></p> <p><i>Ол қандай? (Сәбіз сияқты)</i></p> <p><i>Сүмелек мұз қай жерде, пайда болады?</i></p> <p><i>Күнгей жақта ма, әлде көлеңке жақта ма?</i></p> <p><i>Тақпақ :</i></p> <p><i>Көл бетінде жатыр айдын – мұзойнақ,</i></p> <p><i>Қыстың өзі жасағандай бізді ойлап,</i></p> <p><i>Шаңғы теуіп жарысамыз желменен,</i></p> <p><i>Күнде осында қызықтаймыз біз ойнап. Мұзафар Әлімбаев</i></p> <p><i>Қимылды ойын: «Үйсіз қалған қоян»</i></p>	<p><i>Қайың ағашын бақылау</i></p> <p><i>Мақсаты: қайың ағашының қысқы көркіп бақылау.</i></p> <p><i>Балаларды табиғаттың қорғаушысы болуға тәрбиелеу.</i></p> <p><i>Тапсырма:ағаш туралы суреттер бойынша шығармашылық әңгіме құрастыру. Әр балаға ағаш суреттері таратылады.</i></p> <p><i>Тақпақ:</i></p> <p><i>Ағаштар тұр жүдеп,</i></p> <p><i>Жапырақ сәні енеді.</i></p> <p><i>Соғады жел үдеп,</i></p> <p><i>Қыстың кеп сәлемі.</i></p> <p><i>Жұмбақ: Жазда жатсаң көлеңкесіне алады,</i></p> <p><i>Қыста жақсаң, жаның рахат табады. (Ағаш)</i></p>	<p><i>Терезедегі өрнектерді бақылау</i></p> <p><i>Мақсаты: балаларға құбылысты түсіндіру. Олардың ойын толықтыру. Терезедегі өрнектердің қалай пайда болғаны жайында түсінік беру.</i></p> <p><i>Тапсырма: трафареттің көмегімен «Аяз атаның терезеге салған келемежді суреттері» атты ұжымдық жұмыс жасау.</i></p> <p><i>Тақпақ:</i></p> <p><i>Бір топ бала сырғанап,</i></p> <p><i>Барады әне жарысып.</i></p> <p><i>Қалды артта атырап</i></p> <p><i>Іздерінен қар ұшып</i></p> <p><i>Жеке жұмыс: қар атжалына секіріп шығу және одан жерге түсуге үйрету.</i></p> <p><i>Жорамал: қыс аязды болса – жаз ыстық болады.</i></p> <p><i>Жұмбақ:</i></p> <p><i>Отта жанбайды</i></p> <p><i>Суда батпайды. ( Мұз)</i></p>

	<i>шанаға артады, ұжым болып бәрі қарды тазалауға қатысады.</i>	<i>Еңбек: бір біріне кедергі жасамай, жұмыс істеуге үйрету.</i>	<i>Мақсаты: ойынның тәртібін сақтай отырып, секіріп алға жүгіру.</i>  <i>Еңбек: «Мүз жерлерге құм себу»</i>	<i>Қимылды ойын: «Анадағы аю»</i>  <i>Мақсаты: зеректікке, ептілікке баулу.</i>  <i>Еңбек: қайың ағашының түбіне қар жинау.</i>	<i>Қимылды ойын: «Айлакер түлкі»</i>  <i>Мақсаты: оңды – солды жалтақтап қарай жүзіруге жаттығу.</i>  <i>Еңбек: қардан бекініс жасауды үйрету.</i>
<b>Балаларды үйге қайтару</b>	<b><i>Ата –аналарға кеңес</i></b>  Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<b><i>Ата –аналарға кеңес</i></b>  Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<b><i>Ата –аналарға кеңес</i></b>  - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сұрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<b><i>Ата –аналарға кеңес</i></b>  Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<b><i>Ата –аналарға кеңес</i></b>  - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы №13 орта мектебі»КММ**

**Мектепалды даярлық О « » сыныбы**

**Балалардың жасы 5 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі V1-апта 26 - 30 желтоқсан 2022-2023 оқу жылы**

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі 01.12	Жұма 02.12
<b>Балаларды қабылдау</b>	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	<p>«Үннен жасалған тағамды ата» дидактикалық ойыны</p> <p>Мақсаты: нан-тоқаш өнімдері туралы білімдерін бекіту; нанға ұқыпты қарауға тәрбиелеу</p>	<p>«Төртінші артық» дидактикалық ойыны</p> <p>Мақсаты: артық затты (азық-түлік) табуға үйрету және себебін түсіндіру</p>	<p>Жаңылтпаш</p> <p>«Сіз бізді іздемеңіз ана:</p> <p>Біз қымыздықты қырыққабат сорпасына қосамыз»</p> <p>Мақсаты: барлық дыбысты айту арқылы жаңылтпашты анық айтуға үйрету</p>	<p>«Табиғат және адам» дидактикалық ойыны</p> <p>Мақсаты: адам жасаған және табиғат адамға не беретіні туралы білімді жүйелеу: балық, ет, көкөніс, жеміс, жидек, тұқым, жаңғақ</p>	<p>«Сипаттама арқылы біл» дидактикалық ойыны</p> <p>Мақсаты: сипаттама бойынша тамақ өнімдерін тануға үйрету</p>
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	<p><b>Ата-аналармен әңгіме:</b></p> <p>Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру</p>	<p><b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.</p>	<p><b>Ата-аналармен әңгіме:</b></p> <p>Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.</p>	<p><b>Ата-аналармен әңгіме:</b></p> <p>Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.</p>	<p><b>Ата –аналармен әңгіме:</b></p> <p>«Дұрыс тамақтануға баулу»</p>
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары,</b>	<p>«Тазалықтың денсаулық үшін маңызы» әңгімелесу (үй-жайды дымкыл тазалау, өз бөлмесін ретке келтіру қажеттілігі туралы)</p>	<p>«Тәні саудың жаны сау» әңгімелесу</p> <p>Мақсаты: мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру</p>	<p>«Күн сайын ... тәртібі бойынша» ойлану-әңгімелесу (режимді сақтаудың мәні туралы)</p>	<p>«Біз гимнастиканы не үшін жасаймыз» әңгімелесу (танертеңгі гимнастиканың маңызы туралы)</p>	<p>«Бұлар қауіпті заттар» әңгімелесу. Қауіптер туралы иллюстрация қарау</p>

бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)			әңгімелесу		
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 8				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық					
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<b>1 - ұйымдастырылған іс-әрекет</b>				
	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау,</p> <p><b>Мақсаты :</b> «Сөз», «Сөйлем» деген не екенін түсіндіру.</p> <p>–Педагог балалардан қыс мезгілінде неше ай бар екенін сұрайды? Қыс мезгілі ұнай ма, несімен ұнайды? – деп сұрақ қояды.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Өртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, жазу</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ойындар арқылы логикалық ойлауларын, есте сақтау қабілеттерін дамыту</p> <p><b>Дидактикалық ойын: «Тиісті белгіні көтер»</b></p> <p>– Дауысты, дауыссыз дыбыстардан басталатын</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап жазу</p> <p><b>Мақсаты:</b> дауысты, дауыссыз және сөйлем туралы алған білімдерін пысықтау.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру</p> <p><b>Мақсаты</b> Буынға бөлу, дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату</p> <p><b>Дидактикалық жаттығуы: «Буынға буын қос»</b></p>	<p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту</p> <p><b>Мақсаты</b> өлеңді жаттату арқылы шығарманың эмоциялық-бейнелік мазмұнын қабылдауға жетелеу</p> <p><b>Жаңа жыл келді</b></p> <p>Жаңа жыл да келеді</p> <p>Бізге қарай жылыстап.</p> <p>Өлең де әзір, ән де әзір,</p>

	<p><b>Демонстрациялық материал.</b></p> <p>–Ендеше, мына үлгі суретке қарап, әңгіме құрайық. Суретте қарап, көргендерінді өз қиялдарымен толықтырып, әңгіме құрап көріңдер.</p> <p>–Суретке мұқият қарап, тақырып қойыңдар. Сендер суретте шанамен сырғанап жүрген балаларды, коньки теуіп жүрген баланы көріп отырсыңдар, балаларға ат қоя отырып, әңгіме құрандар.</p> <p>«Бұл суреттің тақырыбын сендер қалай деп атайтын едіңдер?» деген ұсыныс айтады педагог.</p> <p>Педагог балалардың ойларын қорыта келе: «Бұл суреттің тақырыбын "Ажарлы қыс" деп атасақ қайтеді, келісесіңдер ме?» – деп сұрады.</p> <p>–Балалар "ажарлы" – сөзі «көрікті, әсем, тамаша, сұлу» деген мағынаны береді. Педагог қол көтеріп, әңгіме құрауға қызығушылық танытқан балалардың бәрінің ойын тыңдайды. Жақсы әңгіме құраған баланы мақтайды</p>	<p>сөздерді араластырып айтамын, сендер</p> <p>тиісті қызыл, көк түсті жалаушаларды көтеріңдер.</p> <p>Мысалы: маймыл, ақ аю, ат, жолбарыс, түйе, бұзау, қасқыр, түлкі, қоян, арыстан,</p> <p>керік, тышқан, ит, доңыз, мысық, тай, қой, құлын, тауық, ешкі, лақ, сиыр, бота, қозы, көжек,</p> <p>бақа, ағаш, гүл, балық, қарға, арпа, арқан, ботқа, шаш, мақта, қағаз, базар, жапырақ, ит,</p> <p>үйшік, балта, балға, егеу, керует, қамшы, алқа, доп, керік, кекілік, бор, қорық, қоныс, тиін,</p> <p>марғау, жылан</p>	<p><b>Дидактикалық жаттығу: “Жасырылған сөз”</b></p> <p><b>Шарты:</b> бала бір сөздің атын тура атамай, оны сипаттайды. Балалар сол сөзді табады.</p> <p>Мысалы: “Ол күз мезгілінен кейін келеді”, “Ол келмесе, Аязата мен Ақшақар келмейді”.</p> <p>Жауабы: қыс.</p> <p>Мысалы: кітап, күз, теледидар, көбелек, терезе т.б.</p>	<p>Педагог: -Мен сендерге сурет көрсетіп бірінші буынын айтамын, сендер екінші буынын</p> <p>айтасыңдар. Мысалы: ( ал...ма, бақта...шы, қар...быз, қа...уын, қала...қай, қыза...нақ,</p> <p>қор...жын,дәп...тер, қа...лам, қай...шы, жыл...қы, бе...сік, бал...та, көр...пе, сә...біз, бара...бан,</p> <p>қо...зы, құмырс...қа, шы...бын, қо...ян, ал...мұрт, май...мыл, бал...та, бал...ға, пар...та, қызғал...дақ,</p> <p>түйме...дақ, ке...рует, кәм...пит, ке...се, ке...ме, қуыр...шақ т.б.)</p>	<p>Ойын да әзір, бәрі әзір.</p> <p>Кел, Жаңа жыл, біздерге,</p> <p>Кел, Жаңа жыл, Жаңа жыл!</p> <p>Сөздік жұмыс:</p> <p>жылыстап – ақырындап, біртіндеп</p> <p>әзір – дайын</p>
--	--	---	--	---	---

**Үзіліс : Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар «Допты қуып жет»**

**Тынымсыз Тіл туралы ертегі жаттығулары:**  
Сыйқырлы айнаға қарап отырып, араның масаның , шегірткенің, жыланның дыбыстарын салып көр. Осы дыбыстарды Тынымсыз Тіл ұнатады ма соны байқа.  
Ағайынды аралар.  
Ағайында арарармыз,  
Еңбек үшін жаралғанбыз.  
-3-3-3-3-3  
Шырын іздеп күні бойы  
Гүл бақшаны аралаймыз  
-3-3-3-3-3




**Ойын: «Допты қуып жет»**

**Мақсаты:** Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету.



















**Ойынның шарты:**

Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып,



<p>(Үш саусағыңды түйістіріп, ұшып жүрген араларға ұқсат, әрбір екі жолдан кейін аралардың ызылдағанын сал.) Жаман ара Қалмай ұшып соңынан, Ара қуды Мұратты. -3-3-3-3 Шағып алып қолынан, Досымызды жылатты. -у-у-у-у (Араның дауысы мен баланың ара шаққандағы дауысын сал)</p>		<p>балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады. Ойын қайталанады. Балалар қанша болса, доп та сонша болуы керек. Олардың әрқайсысы допты қуып жетіп, кәрзеңкеге салатын болсын.</p>
---	--	---

## 2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p><b>Қоршаған орта</b></p> <p><b>Міндеті:</b>Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту</p> <p><b>Мақсаты</b> жанды және жансыз заттардың түрлерін атап береді; бақылаулардың нәтижесін табиғат күнтізбесінен, суреттерден көрсетіп бере алады</p> <p>Табиғат – адамның көмегінсіз тіршілік етеді. Ал адамның қолымен жасалған заттардың бәрі табиғат нысаны болып табылмайды. Табиғатты: Жанды табиғат әлемі және жансыз табиғат әлемі</p>	<p><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>Міндеті-</b> Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру <b>Мақсаты</b>Топтарда заттардың тең және тең емес санын анықтауға, санау және топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс қорытындылау; талдау, салыстыру,</p> <table border="1" data-bbox="728 1061 952 1364"> <tr> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> </tr> </table> <p>Теңестіруге немесе артығын білу үшін, ойыншықтарды бір- бірінің астына қояды,</p>									<p><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>Міндеті:</b> - Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру <b>Мақсаты</b>заттарды белгілі бір ерекшелігіне қарай топтастыруды бекіту</p> <p>Ттапсырманы орындау үшін суреттерді қарау керек.</p> <p>– Қай топтағы заттардың арасына «<math>\Rightarrow</math>» белгісін қоюға болады?</p> <p>Бір алмадан себетке салады. Алмаларды әр себетпен сызып қосады.</p>	<p><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>Міндеті:</b>- Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру <b>Мақсаты</b> заттарды белгілі бір ерекшелігіне қарай топтастыруды бекіту</p> <p><b>«Сонша жина» дидактикалық ойыны</b></p> <p>Балалар топқа бөлінеді. Әр топта үстелде біртекті заттар жиынтығы бар (текшелер, «Лего» бөлшектері, геометриялық фигуралар, бұршақтар, қыстырғыш немесе басқа материалдар).</p> <p>Ойынды былай</p>	<p><b>Қоршаған орта</b></p> <p><b>Міндеті:</b>Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту</p> <p><b>Мақсаты</b> Балаларды «жансыз табиғат» түсінігімен таныстыру, жансыз табиғаттағы адам қолымен жасалған заттарды айыра білуге үйрету</p> <p>Күрделі сұрақ: Қолдан адам қолымен жасалған әлемге қандай заттар жатады деп ойлайсыңдар?</p> <p>Балалар терезеден не көріп тұрғандарын атап береді. Табиғатқа – ағаштар да, аспан да, шөп те, ауа да, адам да жатады деген ұйғарымға келеді.</p>
													
													
													
													

	деп екі үлкен бөлікке бөлуге болады. Содан соң педагог жанды табиғат дегеніміз не екенін анықтауға шақырады. Қуаныштың өтінішін орындап, терезе алдына келіп қоршаған ортаны эпизодтық бақылауға шақырады	немесе жұптарын сызық арқылы қосады. Балалар ойыншықтарға саусақ тигізіп санайды. Цифр жазылған карточкаларды алады. Осы карточкаларды ойыншықтардың астына қояды.  Ойыншықтардың тең санын салыстырып, артығын алып тастау керек немесе жетіспейтін ойыншықтарды қою қажет деген қорытындыға келеді	-Не артық? Не кем?  – Алмұртты тәрелкіге салады. Алмұртты әр тәрелкемен сызып қосады.  -Не артық? Не кем? Қорытынды жасайды	түрлендіруге болады, жүргізуші көзін жұмып, саны бар карточканы шығарады, содан кейін кез-келген топтағы заттарды санайды және нөмірін атайды.  Балалар ойынға қатысады.  Балалардың бірі – жүргізуші 1-ден 10-ға дейінгі карточканы көрсетеді, балалар сонша заттарды орналастырады	Топтағы жанды заттарды атап көрсетеді. Үстелдің неліктен жансыз затқа жататынын дәлелдейді. Тірі ағзаның қандай әрекеттер жасайтынын, мәселен, тыныстайтынын, тамақтанатынын, өсетінін, көбейетінін айтып береді.  Педагогтің көмегімен қолдан жасалған (жансыз) әлемге киім, аяқкиім, ыдыс-аяқ, жиһаз т.б. жататынын түсіндіреді
--	---	--	--	--	---

### Үзіліс:

#### **Саусақ ойындары** **Ойын: Су толтыру.**

**Мақсаты:** Қол ептілігін дамыту, ас ішкенде қалай отырып, қасықты қалай ұстайтынын, ыдыстар қалай тұратынын үйрету.

**Керекті құралдар:** шұңқыр қасық, шұңқыр тәрелке мен күрешке.

**Мазмұны:** Үстел үстіне шұңқыр ыдысқа су құйып қоямыз. Одан кейін 1-ші тәрбиеші өзі көрсетеді. Ыдыстағы суды қасықпен алып, ақырын төгіп алмай күрешкеге құямыз. Осы іс-әрекет бірнеше рет қайталанады.

#### **Саусақ ойыны: Жүретін саусақтар.**

**Мақсаты:** Саусақтарын жүргізе отырып, саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту.

**Керекті құралдар:** Суреттері бар кітапшалар.

**Шарты:** Суреті бар кітапшаны алып, ішін ашып, ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен), суретті нұсқап оның атын сұрайды. Балалар жауап береді. Сол ереже бойынша қайталанады.

#### **Дидактикалық ойын:**

##### **«Домино»**

**Мақсаты:** «Баланың көліктер жайлы білімдерін дамыту, пысықтау. Сәйкес көлікті тауып дұрыс атату, оның атқаратын қызметімен таныстыру.

**Ойын шарты:** Суреттері сәйкес келетін карточкаларды біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады.

**Қажетті құралдар:** Бірдей қос суреттер, әртүрлі көліктер бейнеленген көлімдері 5×6 см карточкалар.

### 3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p><b>Қазақ тілі</b></p> <p><b>Міндеті:</b>Тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізу</p> <p><b>Мақсаты:</b>сыпайылықты білдіретін сөздермен сөздік қорларын толықтыру, оларды күнделікті өмірде қолдана білуге дағдыландыру.</p> <p><b>Дидактикалық ойын: «Не деу керек?»</b></p> <p>– Тақпақтарды тыңдап, назар аударамыз. Қай жауабы дұрыс?</p> <p>Апаң сенің базардан</p> <p>Алма сатып әкелді.</p> <p>Ең үлкенін, жақсысын</p> <p>Саған таңдап әперді.</p> <p>Не деп айтып жеу керек?</p> <p>«Рақмет, апа!» – деу керек.</p> <p>Балалар жүр көшеде,</p> <p>Естілді шу-айғай.</p>	<p><b>Қазақ тілі</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізу</p> <p><b>Мақсаты:</b>сыпайылықты білдіретін сөздермен сөздік қорларын толықтыру, оларды күнделікті өмірде қолдана білуге дағдыландыру.</p> <p><b>Мақал-мәтелдерді жаттап ал.</b> Әдептілікті данадан үйрен. «Сіз» деген – әдеп, «Біз» деген – көмек. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. <b>Ойын «Сұраққа жауап бер».</b> – Сен әдепті баласың ба? – Иә. Мен әдепті баламын. – Досыңды ренжітсең, кешірім сұрайсың ба? – Иә. Досымды ренжітсем, кешірім сұраймын.</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау,</p> <p><b>Мақсаты.</b> «Ажарлы қыс» үлгі суреті бойынша әңгіме құрауға үйрету</p> <p><b>«Айырмашылығын тап».</b></p> <p>Екі аққаланың суреті беріледі. Суретке қарап, аққалалардың айырмашылығын табу керек</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту</p> <p><b>Мақсаты:</b>өлеңді жаттату арқылы шығарманың эмоциялық-</p> <p>бейнелік мазмұнын қабылдауға жетелеу</p> <p>Педагог үстелге шыршаны, қуыршақ Аязата мен Ақшақарды қояды.</p> <p>– Жақында қандай мерекені қарсы аламыз?</p> <p>– Қандай мереке шыршасыз өтпейді?</p> <p>– Шырша қайда өседі?</p> <p>Қазір жылдың қай мезгілі?</p> <p>– Жаңа жыл мерекесі саған несімен ұнайды?</p> <p>– Бүгін ақын Сағи Жиенбаевтың «Жаңа жыл келді» өлеңімен танысамыз.</p> <p>Өлең – әдеби жанрдың бір</p>	<p><b>Шығармашылық бейнелеу әрекеті</b></p> <p><b>Міндеті:</b> - Жаңа жыл кешінің аса сыйлы қонағы – Аязатаның қалай пайда болғанымен таныстыру</p> <p>-- Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру</p> <p>-бейнені кескіні бойынша кию үшін қайшыны қолдану</p> <p>-бірнеше бөліктерден бейнелерді құрастырады</p> <p><b>Мақсаты:</b>- қоршаған ортадағы болмысты елестеу арқылы сурет салу дағдыларны қалыптастыру. Олардың сипаттамалық белгілерін байқауға үйрету. Аязатаның бейнесін салуды үйрету</p> <p><b>Топтық жұмыс</b></p>
--	---	---	--	---	--

	<p>Сен де шықтың досыңды,  Қағып кеттің байқамай.  Мұндайда не деу керек?  «Кешір досым», – деу керек.  Осы келген бетінде,  Допты қудың жарыстың.  Көшенің сол шетінде,  Кезікті бір апайың,  Ұмыттың сен не деу керек?  «Сәлеметсіз бе!» – деу керек.</p>			<p>түрі екенін естеріне түсіру.  Өлең сөз адамның жан  тебіренісін әсерлі етіп  жеткізеді. Айрықша  сезімдерді ұйқас сөздермен  суреттейді  Жұмбақты шеш.  Жасыл ине киімім,  Жайлаймын тау биігін.  Жаңа жылды тойласаң,  Төріндемін үйіңнің. (Шырша)  3. Жаңа жылды қарсы алу  үшін қажетті заттарды  шыршаға сызып қос.</p>	
<b>Үзіліс:</b>					

### «Гүлдерді күтеміз» ойыны

**Мақсаты:** балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қосыту дағдыларын қалыптастыру. Гүлдердің түрлерін (көпжылдық, біржылдық, пияз тұқымдас, шөптекті, тұқымдас гүлдерді) ажырата білуге үйрету. Гүлдер сұлулық белгісі екенін, оларды күтіп-баптап, қамқорлыққа алу керектігін түсінеді.

**Ойын шарты:** гүлдерді екіге бөлу, дала гүлдерін газонның қасына іліп, ал бөлме гүлдерін үйдің қасына қою, суреттер бойынша әнгімелету.



### Қимылды ойын: «Ту».

**Мақсаты:** Топтағы қарым-қатынасты нығайту.

**Ойынның шарты:** Балалар 3-4 топқа бөлінеді. Әр топтың ортасында 1 бала ту ұстап тұрады. Тәрбиешінің бұйрығы бойынша ойыншылар жан-жаққа жүгіріп, көздерін жұмып тұрады. Тәрбиешінің бұйрығы бойынша ту ұстаған балалар орындарын ауыстырады. Тәрбиеші «Өз туларыңды табыңдар» дегенде ойыншылар өз туларына қарай жүгіреді. Қай топ тез жиналады, сол топ жеңеді. (Тулардың түстері әр түрлі болу керек)

### Қимылды ойын:

#### «Шұңқырдағы қасқырлар»

**Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу.

**Ойынның шарты:** Алаңның ортасында ұзын шұңқыр салынды. (1-1,5 метр) Шұңқырдың ортасында екі қасқыр тұрады. Қалған ойыншылар ешкі болады. Ешкілер алаңның бір жақ шетінде үйлерінде тұрады. Тәрбиешінің бұйрығы бойынша ешкілер үйлерінен шығып, шұңқырдан секіріп өтіп, жайылымға барады. Қасқырлар шұңқырдан шықпай ешкілерді ұстап алу керек.

## 4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру</p> <p><b>Мақсаты:</b> Баланың кинестикалық (көру мен тыңдау арқылы қабылдауы) қабілеттерін дамыту</p> <p>I.«Қарда жүргіш мәшиес»: бір тізбекпен жүреді.</p> <p>«Орман тұрғындары» жаттығулары: тізбекпен қоян, қасқыр, түлкінің жүрістерін салып жүреді.</p> <p>II.ЖДЖ ойын түрінде («орман алаңқайында жылынамыз»)</p> <p>«Артымнан қайтала». Педагог жаттығуларды көрсетеді.</p> <p>Балалар жаттығуларды педагогтің көрсеткеніндей орындауға тырысады. Тыныс алу гимнастикасы: «Жел».</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>•Қолды төмен түсіріп, аяқты алшақ қойып, мұрынмен дем алу.</li> <li>•Басты солға бұрып, ерінді жиырып алдыға шығарып үрлеу.</li> <li>•Басты түзу ұстап, дем алу, басты оңға бұрып, демді</li> </ul>	<p><b>Музыка</b></p> <p><b>Міндеті:</b> -Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы кадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру</p> <p><b>Мақсаты:</b> Музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту, жылдамдық пен ептілікті білдіру.</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b></p> <p>«Қыс» (А. Вивальди, ұнтаспадан)</p> <p>Ән айту:</p> <p>«Ақша қар» (К. Қуатбаев)</p> <p>«Ақша қар» (Е. Өміров)</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</p> <p>«Шеңберге тұр» (Л. Бетховен)</p> <p>Билер:</p> <p>«Ұлпақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский ұнтаспада,</p> <p>«Билеп үйренейік» жинағынан)</p> <p>Ойындар, хороводтар:</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Түзу бағытта адымдап жүру</p> <p><b>Мақсаты:</b> 2.5 м арақашықтықта бір-біріне доп лақтырып, доптың ұшуын бақылауға, ұшып келе жатқан допты қолды бүккен күйде қағып алуға үйрету.</p> <p>Бөрене үстінде төрттағандап еңбектеуге үйретуді жалғастыру, қол мен аяқты үйлестіріп қозғай білу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. «Сілеусін» – бөренеден түсу</p> <p>Бөренеден асықпай, сақтықпен түседі. Бір-біріне кедергі келтірмеуге тырысады. (4 рет)</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Жұбымен шеңбер бойымен жүру</p> <p><b>Мақсаты:</b> Баланың денсаулығын нығайтуға арналған жұмыстарды жалғастыру</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойыны:</b> <b>«Қасқыр мен лақтар». (3 рет)</b></p> <p><b>Ойын шартын</b> естеріне түсіреді. Қарама-қарсы жаққа тек белгіден кейін ғана жүгіреді. Залдың бір шетінде тұрады. Зал ортасында «қасқыр» тұрады.</p> <p>«Бөрте, бөрте, бөрте лақ, Бөрте лақ тым ерке-ақ.</p> <p>Кетесің кейде секеңдеп, Байламаса көкем кеп».</p> <p>Белгіден кейін залдың екінші шетіне «лақтар» жүгіреді, «қасқыр» оларды ұстап алуға тырысады.</p>	<p><b>Музыка</b></p> <p><b>Міндеті:</b> -Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу</p> <p><b>Мақсаты:</b> Музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту, жылдамдық пен ептілікті білдіру.</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b></p> <p>«Қыс» (А. Вивальди, ұнтаспадан)</p> <p>Ән айту:</p> <p>«Ақша қар» (К. Қуатбаев)</p> <p>«Ақша қар» (Е. Өміров)</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</p> <p>«Шеңберге тұр» (Л. Бетховен)</p> <p>Билер:</p> <p>«Ұлпақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский ұнтаспада,</p> <p>«Билеп үйренейік» жинағынан)</p> <p>Ойындар, хороводтар:</p>
--	---	--	---	--	--

	<p>шығару.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>•Басты түзу ұстап, мұрын арқылы дем алу, ерінді жиырып алдыға шығарып үрлеу.</li> <li>•Басты төмен түсіріп, иекті кеудеге тигізу, дем шығару (кол білезіктерін айналдыру).</li> </ul>	<p>«Жылдам құрастыр»</p> <p>Музыкалық аспапта ойнау:</p> <p>«Полька» (А. Филиппенко)</p>			<p>«Жылдам құрастыр»</p> <p>Музыкалық аспапта ойнау:</p> <p>«Полька» (А. Филиппенко)</p>
<b>Серуенге дайындық</b>	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.

<p><b>Серуен</b></p>	<p><b>Желді бақылау</b></p> <p><i>Мақсаты: желдің бағытын қалай, нелерарқылы анықтауға болатынды-ғын, баяу, жылдам сөздерінің мағнасын түсіндіру</i></p> <p><b>Сұрақ:</b></p> <p>- Желдің бағытын, күшін қалай біліп, анықтауға болады?</p> <p>- үй мұржаларынан шыққан түтіннен,</p> <p>- қағаздың ұзыншалау кішкентай кескінділерінен</p> <p>- орамалдардың қозғалысынан анықтап білуге болады.</p> <p><b>Көркем сөз</b></p> <p><i>Қыстағы қар, жаздағы жаңбыр – жерге жауған нұр.</i></p> <p><b>Қимылды ойын: «Әткеншек»</b></p> <p><i>Мақсаты: алғашқыда асықпай, сонан соң тез айналып жүгіру.</i></p> <p><b>Еңбек: алаңшаны көркейту үшін түрлі-түсті мұз кесінділерін дайындап қою.</b></p>	<p>Аула сыпырушы еңбегімен танысу</p> <p><i>Мақсаты: аула сыпырушының қыс кезіндегі еңбегі, оның жұмысы туралы балалардың түсінігін толықтыру. Бағбандардың еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу.</i></p> <p>Тапсырма: «Ауланы тазалаушының еңбегін қалай жеңілдетсем» деген тақырыпқа шағын әңгіме құрастыру.</p> <p>Тақпақ:</p> <p>Қолына киіп қолғапты,</p> <p>Ауланы ағай сыпырды.</p> <p>Тазалап қарды мұздарды,</p> <p>Бәрімізге олжол ашты.</p> <p>Қимылды ойын: «Сауықшылар» (қысқы спорт ойындары.)</p> <p>Жеке жұмыс: «Кім алысқа секіреді?» Жүгіріп келіп ұзындыққа секіру.</p> <p>Жаңылтпаштар:</p> <p>Қаңтар айы болды, күн суытты</p> <p>Қалың қар жауды, боран соқты.</p> <p>Жапалақтап ақ қар жауды</p>	<p>Мұз сүңгісін бақылау.</p> <p><i>Мақсаты: балаларға мұздың қасиеті туралы мол түсінік беру. Байқағыштық қасиетті қалыптастырып, іске баға беріп, қортынды жасай білуге үйрету.</i></p> <p>Тапсырма: «Сүмелек мұз» тақырыбына сурет салу.</p> <p>Сұрақтар:</p> <p>Сүмелек мұз жөнінде не айтуға болады?</p> <p>Ол қандай? Сәбіз сияқты</p> <p>Сүмелек мұз қай жерде, қалай пайда болады?</p> <p>Күнгей жақта ма, әлде терістік жақта ма?</p> <p>Олар қайдан пайда болады?</p> <p>Осыдан қандай қортынды жасауға болады?</p> <p>Көркем сөз:</p> <p>Көл бетінде жатыр айдын – мұзойнақ,</p> <p>Қыстың өзі жасағандай бізді ойнап,</p> <p>Шаңғы теуіп жарысамыз желменен,</p> <p>Күнде осында қызықтаймыз біз ойнап.</p> <p>Мұзафар</p> <p>Әлімбаев</p>	<p><b>Қайың ағашын бақылау. (Қиялдау)</b></p> <p><i>Мақсаты: қайың ағашының қысқы көркін бақылау.</i></p> <p><b>Балаларды табиғаттың қорғаушысы болуға тәрбиелеу.</b></p> <p><i>Тапсырма: ағаш туралы суреттер бойынша шығармашылық әңгіме құрастыру. Әр балаға суреттер таратылады.</i></p> <p><b>Көркем сөз</b></p> <p><i>Ағаштар тұр жүдеп,</i></p> <p><i>Жапырақ сәні енеді.</i></p> <p><i>Соғады жел үдеп,</i></p> <p><i>Қыстың кеп сәлемі.</i></p> <p><b>Еңбек: қайың ағашының түбіне қар жинау.</b></p> <p><i>Мақсаты: балаларға ағаштың түбін қармен жабудың сырын, пайдасын түсіндіру.</i></p> <p><b>Қимылды ойын: «Біз көңілді баламыз»</b></p> <p><i>Жеке жұмыс: «Жұмбақты шеш» сюжетті ойын ойнату.</i></p> <p><b>Жұмбақ:</b></p> <p><i>Жазда жатсаң көлеңкесіне алады,</i></p> <p><i>Қыста жақсаң, жаның рахат табады.</i></p>	<p><b>Алаңдағы ағаштарды бақылау</b></p> <p><i>Мақсаты: балалардың ағаштарды қыс кезінде қалпын анықтап, білімін толықтыру.</i></p> <p><i>Тапсырма: «Таңғажайып ағаштарды безендіреміз» тақырыбына сурет салу.</i></p> <p><i>Ағаштарды сыртқы түсінен, түрінен, бұтақтарынан қалай орналасуынан танып, айыруға үйрету.</i></p> <p><b>Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу.</b></p> <p><b>Сұрақтар:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жапырақсыз ағаштарды қалай атаймыз?</li> <li>2. Жапырақтар неге күзде түсіп қалады?</li> <li>3. Ағаштар бір біріне немен ұқсас?</li> <li>4. Ордың айырмашылығы қандай?</li> </ol> <p><b>Дидактикалық ойын: «Сөзбен суретпен айт» ағаштың түрін таны.</b></p> <p><b>Қимылды ойын: «Ордағы қасқыр»</b></p> <p><i>Мақсаты: секіруге, затты лақтыруға жаттықтыру.</i></p>
----------------------	--	---	---	---	--



		<i>Еңбек: аула сыпырушыға балабақшаның ауласын сыпыруға көмектесу</i>	<i>Қимылды ойын: «»Үйсіз қалған қоян</i>  <i>Мақсаты: ойынның тәртібін сақтай отырып, секіріп алға жүгіру.</i>	<i>ш</i>	<i>Аға</i>	<i>Еңбек: ағаштардың түбін қармен жабу.</i>  <i>Мақсаты: қар ағаштың түбін аяздан қорғайтынын балаларға түсіндіру. Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу.</i>  <i>Жеке жұмыс: шаңғымен жаттығулар жасау: екі аяқпен кезек-кезек оңға, солғадағы ағаштарды бақылау</i>
<b>Балаларды үйге қайтару</b>	<b>Ата –аналарға кеңес</b>  Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<b>Ата –аналарға кеңес</b>  Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<b>Ата –аналарға кеңес</b>  - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<b>Ата –аналарға кеңес</b>  Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<b>Ата –аналарға кеңес</b>  - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.	

### Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы №13 орта мектебі»КММ

Мектепалды даярлық О « » сыныбы

**Балалардың жасы 5 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі 1-апта 9–13 қаңтар 2022-2023 оқу жылы**

Күнтәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсыалу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толықаты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл-күйі, оны не қызықтыратынын туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу</b>	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларының негізгі қасиеттері жаттығуға үлгертіп алып келу ерінескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, солқалпындасөзсіз қабылдап және ақсы көретінін сізді сездіріңіз.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды тамақ арынтауысып жеуге үйрету ерінескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> «Дұрыстамақтануға баулу»
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеуіс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b>	<b>Д/ойын:</b> «Қарап ал да есіне сақта» <b>Мақсаты:</b> балаларды көрген суреттерді есіне сақтап, көз алдына елестете отырып, әр қайсысын ретімен атап шығуға, үй жануарларының, аңдардың және құстардың жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу. <b>Көрнекіліктер:</b> үй жануарлары, аңдардың, құстардың суреттері.	<b>Д/ойын «Ғажайып қоржын»</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды заттарды тиісті қасиеттеріне қарай ажырата білуге үйрету. <b>Ойын шарты:</b> Қоржындағы затты сипап біліп атау. Бала затты дұрыс сипаттап бергеннен соң ғана зат қаптан алынып, балаларға көрсетіледі, ал дұрыс аталмаса қаптан алынбайды. <b>қажетті құралдар:</b> Ғажайып қоржын. Балалар санына сәйкес, таныс ойыншықтар.	<b>Д/ойын: «Экологиялық пирамида».</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды логикалық ойлай білуге, әр сатыны таңдауын негіздей отырып, экологиялық пирамида құрастыруға үйрету. Табиғаттағы барлық нысандардың өзара байланысын көре білуге баулу.	<b>Д/ойын: «Зоологиялық домино».</b> <b>Мақсаты:</b> Балалардың жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін бекіту; ұғымталдыққа, зейін қоюшылыққа баулу. <b>Ойын ережелері:</b> Кімде-кім өз карточкаларын бірінші болып қойса, сол жеңімпаз болады. Жүрісті жіберіп алмай, карточканы дер кезінде қойып, мұқият болу.	<b>Д/ ойын: Не артық?</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды суретке қарап, оларды топтастыруға үйрету. Құстар мен жануарлардың жеке және жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу. <b>Көрнекіліктер:</b> әр түрлі құстар мен үй жануарлары бейнеленген суреттер.
<b>Ертеңгілік жаттығу</b>	Таңғы жаттығу кешені № 9				

<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)</b></p>	<p>Табиғатым тамаша, Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап, Сәлемсаған-Жерана! Сәлемсаған-Нұрлықұн! Аман-есен болайық, Бейбітшілік қалайық. Біз әдепті баламыз, Біз ерекше баламыз, Қонақтарды көргенде Амандасып аламыз.</p>	<p>Табиғат қандай тамаша, Тоймаймыз біз де тамсана. Балықтар шіркін жүзеді, Табиғаттың жыры көп, Табиғаттың сыры көп.</p>	<p>Табиғат, сен тіршілік тұнып тұрған. Сен күннің көтерілген күліп қырдан. Сен көлсің, сен ормансың. Сен - бұлбұлсың, Адамға сұлулықты шын ұқтырған!</p>	<p>Табиғатқа қамқор боп, Байлығын біз қорғайық. Әдепті да, тәртіпті боп, Жақсылығын қолдайық.</p>	<p>Біз балдырған тең басқан, Дос құшағын елге ашқан. Тілегіміз тыныштық, Ашық болсын көк аспан. Мықты болсын іргеміз, Бәріміз де біргеміз.</p>
<p><b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ</b></p>	<p><b>1 - ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>				
	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Міндеті:</b>-Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану</p> <p><b>Мақсаты</b> :Әңгімемен таныстырып, мазмұнын айтуға үйрету</p> <p>–Бүгін қай күн? –Кеше қандай күн болды? –Ертең қандай күн болады? –Бүгін ауа райы қандай? –Табиғат өзгерістерін атайық</p> <p>Мақал-мәтелдер: 1.Ағаш – тамырымен, адам –</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b></p> <p><b>Міндеті:</b>Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу</p> <p><b>Мақсаты</b>сөйлем құрауды үйретуді жалғастыру</p> <p><b>«Артығын тап» ойынын ойнату.</b></p> <p>1.Қыс, көктем, жаз, күз, үз. (үз) 2.Жел, жаңбыр, қар, боран, қуыршақ, бұршақ. (қуыршақ) 3.Шаңғы, коньки, шана, ана. (ана) 4.Әке, ана, ата, әже, аға, таға.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b></p> <p><b>Міндеті-</b> Сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.</p> <p><b>Мақсаты</b> Сөйлем құрау, дыбыстық талдау жасау іскерліктерін қалыптастыру</p> <p><b>Дидактикалық жаттығуы: «Сөзді аяқта»</b></p> <p>–Мен сендерге сөздің ең соңғы буынын айтпай аяқталмаған сөздер айтамын сендер соңғы буынды қосып сөзді</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b></p> <p><b>Міндеті:</b>-Сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту</p> <p><b>Мақсаты</b> Сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту</p> <p><b>Дидактикалық ойын: «Буынды қос»(доппен)</b></p> <p>– Балалар, шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, бір немесе бірнеше буынды қосып, сөзді жалғастырады. Кім дұрыс</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Міндеті:</b>- Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айт-</p> <p><b>Мақсаты:</b>әдеби шығарманы мәнерлеу құралдарына байланысты қабылдауға дағдыландыру</p> <p>Өлең мазмұны бойынша сұрақтар: –Өлең қалай аталады? –Өлеңде не туралы айтылған? –Саған ұнады ма? –Жақсы деп қандай баланы айтамыз?</p>

	<p>достарымен мықты.</p> <p>2.Адамға үш нәрсе көмек: шөл далада қазылған құдық, салынған көпір және жол бойына егілген ағаш.</p> <p>3.Қарағайға қарап – тал өсер, Қатарына қарап – бала өсер.</p> <p>Педагог:</p> <p>– Балалар, сендер ертегі тыңдағанды ұнатасындар ма?</p> <p>Тақтаға ертегі мазмұнына байланысты сурет ілінеді.</p> <p>Алдымен балаларды екі топқа бөліп, бір топқа «шыршаның», екінші топқа «қайыңның» сөзін педагогтің соңынан қайталап отыруды ұсынысады. Педагог М.Төрежановтың «Біз де ойнаймыз» әңгімесін оқып береді.</p>	<p>5.Таңқурай, құлпынай, бүлдірген, күлдірген. (күлдірген)</p>	<p>аяқтап қайтадан айтасындар.</p> <p>Мысалы: аққа...ла, ба..ла, ба..нан, бан..тик, асқа..бақ, сә..біз, домбы..ра, қам..шы, балмұз..дақ, аялда..ма, дәріха..на, емха..на,балабақ..ша, бағдар..шам, қалам...сап, қыза..нақ, бұл..ақ, көзілді..рік, тоназт..қыш, тер..ек, ша..тыр, ал..қа, апель..син, ау..ыл, ас...пан, қарын..дас, кер...ует, қа..зан, шаныш...қы, ба...лық, қал..қан, қаң..бақ, қа..мыр, шал..бар, кі..лем, жү..рек, жүге..рі, жүл..дыз.</p> <p>Әр дұрыс айтылған сөзге педагог жұлдызша беріп отырады. Ойын соңында жұлдызша саналып, жеңімпаз анықталады</p>	<p>айта алмаса немесе тез буынды айтпаса, айыбын өтейді. Мысалы:( ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла).</p> <p>Ойынды өзгертуге болады.</p>	<p>Жаман әдет деп қандай әдетті айтамыз?</p> <p>–Сен қандай бала болғың келеді?</p> <p>Өлеңнің бірінші жолы қалай басталады?</p> <p>Педагог «Жақсы мен жаман» өлеңін эмоциямен 2-3 рет қайталап оқиды, бірге жаттайды.</p> <p>Педагог сөйлемнің басын оқып, балалар жалғастыратын жаттату тәсілін пайдаланады. 3-4 бала өлеңді жатқа айтады.</p>
--	---	--	---	---	--

--	--	--	--	--	--

**Үзіліс:** Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар

*«Допты қуып жет»*

**Тынымсыз Тіл туралы ертегі жаттығулары:**

Сыйқырлы айнаға қарап отырып, араның масаның , шегірткенің, жыланның дыбыстарын салып көр. Осы дыбыстарды Тынымсыз Тіл ұнатады ма соны байқа.

Ағайынды аралар.

Ағайында арарармыз,

Еңбек үшін жаралғанбыз.

-3-3-3-3-3

Шырын іздеп күні бойы

Гүл бақшаны аралаймыз

-3-3-3-3-3

(Үш саусағыңды түйістіріп, ұшып жүрген араларға ұқсат, әрбір екі жолдан кейін аралардың ызылдағанын сал.)

Жаман ара

Қалмай ұшып соңынан,

Ара қуды Мұратты.


-3-3-3-3

Шағып алып қолынан,

Досымызды жылатты.

-у-у-у-у

(Араныңдауысы мен баланың ара шаққандағыдауысын сал)



**Ойын:** *«Допты қуып жет»*

**Мақсаты:** Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету.

**Ойынның шарты:**

Тәрбиеші балаларға доп салынған көрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін көрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып көрзеңкеге салады. Ойын қайталанады. Балалар қанша болса, доп та сонша болуы керек. Олардың әрқайсысы допты қуып жетіп, көрзеңкеге салатын болсын.

## 2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p><b>Қоршаған орта</b></p> <p><b>Міндеті:</b>-Өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу</p> <p><b>Мақсаты</b> дүниетанымын дамытуға жағдай жасау; көптеген заттардың адамқолымен жасалатындығын түсіндіру; кез келген затқа ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу</p> <p><b>Табиғи заттармен жұмыс:</b> түрлі өлі табиғат заттарын таратып беру.</p> <p>— Алдарындағы заттарды қара. Оларды ата. Оларды қайдан кездестіресің?</p> <p><b>Ойын.</b> «Ажырата біл!». Ойын барысында мұғалім тірі және өлі табиғатзаттарын араластырып айтады. Өлі табиғатты атағанда оқушылар қол соғу керек. Сонан кейін</p>	<p><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту</p> <p><b>Мақсаты:</b>заттың бірнеше тең бөлікке бөлінуі туралы ұғым қалыптастыру</p> <p><b>Практикалық жұмыс жүргізеді</b></p> <p>Педагог балаларға қызыл және жасыл шеңберлерді көрсетеді.</p> <p>-Фигуралар қалай аталады? (дөңгелек)</p> <p>Қызыл дөңгелекті алып, екіге бүктейді, оны қиып бір-біріне беттестіреді, бөліктер бірбірінің үстіне қойылған кезде сәйкес келеді.</p> <p>-Дөңгелектер қандай бөліктерге бөлінді? (тең)</p> <p>-Неше бөлік шықты? (екі)</p>	<p><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>Міндеті:</b> - 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру</p> <p><b>Мақсаты:</b> заттың бірнеше тең бөлікке бөлінуі туралы ұғым қалыптастыру</p> <p><b>«Дөңгелекті құрастыр» ойынын өткізеді.</b></p> <p>Балалар дөңгелек жасау үшін, бөліктерді қосады.</p> <p>Бөліктерден бүтін фигура жасайды.</p> <p>Қорытынды, фигураны бөліктерге бөлуге және бөліктерден жинауға болады.</p> <p>—Шаршының жартысын жасауға тырысыңыз</p> <p>—Оны қалай жасауға болады? (жиіктерін сәйкестендіріп шаршыны екіге бүктейміз).</p>	<p><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>Міндеті:</b> - Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен есептерді шығару;</p> <p><b>Мақсаты</b> қарапайым мысалдар мен есептерді шығару білігін қалыптастыру</p> <p>Үлестірмелі материалмен жұмыс.</p> <p>Практикалық жұмыс ұсынылады.</p> <p>Алдарыңа 5 дөңгелек қойыңдар. Үш дөңгелекті алып тастаңдар. Неше дөңгелек қалды? Педагог тақтаға сандар мен таңбаларды іледі. Жұптық жұмыс. Педагогті мұқият тыңдап, есептерді шығарады. Педагогтің нұсқауы бойынша фигураларды шығарады, қалғанын санайды, өздерінің іс- қимылдарын түсіндіреді.</p> <p>Демонстрациялық</p>	<p><b>Қоршаған орта</b></p> <p><b>Міндеті:</b>-Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну.</p> <p><b>Мақсаты</b> Балалардың «Өлі және тірі табиғат» тақырыбында білімдерін тереңдету, қоршаған орта жайлы танымдық әрекет шыңдау. Балалардың ақыл - ойын, түсінігін, білімін, табиғат туралы білімін, қызығушылығын зейінін дамыту.</p> <p>Тірі табиғат — олар өседі, қоректенеді, тыныс алады, тұқым шашады. Оларға адамдар, жан — жануарлар, өсімдіктер, құстар, жемістер, көкөністер, балықтар жатады. Электронды оқулықтан көрсету.</p> <p>Өлі табиғат — қоректенбейді, өспейді, тұқым шашпайды. Оларға су, тас, тау, күн, ай, құм жатады. Бірақ тіршілік атаулы оларсыз өмір</p>
--	---	--	--	--	---

	<p>оның неге өлі табиғат екенін дәлелдейді.</p> <p>Оқушылардың логикалық ойын дамытуға арналған сұрақтар мен тапсырмалар беру:</p> <p>-Су қыста қандай түрде кездеседі?</p> <p>-Суды қолға үйіп ұстауға бола ма?</p> <p>-Су қайнағанда неге йналады?</p> <p>-Мұз ерігенде не пайда болады?</p> <p>Осының негізінде өлі табиғатқа енетін су туралы не айтуға болады? Мұндай тапсырмалар сыныптағы оқушылардың ізденушілігін арттыру, сабаққа қызығушылығын тудыру .</p> <p>Мұндағы мақсат өлі табиғат заттарының бір күйден екінші күйге ауысатындығы туралы түсінуінің алғашқы шартын жасау.</p>	<p>-Бұл бөліктер "дөңгелектің жартысы" деп аталады.</p> <p>Уақыт беріп, дөңгелекті екі бөлікке қиюға көмектеседі.</p> <p>Педагог жасыл дөңгелекті алады.</p> <p>Екі рет бүктеп, тең төрт бөлікке қиып, бір-біріне беттестіріп сәйкес келетінін көрсетеді. - Дөңгелек қандай бөліктерге бөлінді? (тең) - Дөңгелектің неше бөлігі пайда болды? (төрт)</p> <p>–Бұл бөліктер «төрттен бір бөлік» деп аталады.</p> <p>Уақыт беріп, шеңбердің төрттен бір бөлігін қиюға көмектеседі.</p> <p>Сонымен қатар педагог қосымша қоңыр жолақты алады.</p> <p>–Қазір бұл жолақ бүтін болып тұр.</p> <p>Педагог жолақты 3 тең бөлікке бөліп бүктейді. Бөліктер бойынша қиып, бір-бірінің үстіне қояды, бұл бөліктердің сәйкес келетінін көрсетеді.</p>	<p>Сосын 4 бөлікке. (жиіктерін сәйкестендіріп шаршыны төртке бүктейміз)</p> <p>Қорытынды жасайды, тең бөліктер бір-бірінің үстіне қойылған кезде сәйкес келеді және олардың атауы бар (жарты, ширек).</p> <p>–Біз шаршының жартысын кескенде, қандай фигуралар шықты?</p> <p>(Екі кішкентай тіктөртбұрыш).</p> <p>–Ал шаршының төрттен бірі?</p> <p>(Ол да шаршылар, бірақ кішкентай).</p> <p>–Жартылар тең бе екенін тексерейік.</p> <p>Оларды бір-бірінің үстіне қойыңыз.</p> <p>Фигуралар сәйкес пе? Рас, бұл біздің фигурамыздың тең бөліктері.</p> <p>Жарты және төрттен бір фигурадан бүтін фигураны жасайды. Фигураны тең емес бөліктерге кесуге болады. Педагог қарапайым геометриялық конструкторды таратады (суретті 5-6 бөлікке кесуге болады) және фигураны (суретті) бүктеуді сұрайды. Тіктөртбұрышты</p>	<p>материалмен жұмыс</p> <p>Педагог 15-кестедегі суретті көрсетеді. Балалар демонстрациялық материалдың 21-кестедегі цифры бар карточканы көрсетеді</p>	<p>сүрмейді.</p>
--	--	---	--	---	------------------

		<p>-Жолақты қандай бөліктерге бөлдім? (тең)</p> <p>-Қанша бөлік шықты? (үш)</p> <p>-Бұл бөліктердің әрқайсысын "үштен бір бөлік" деп атайды.</p> <p>Балалар «үштен бір бөлік» деп қайталайды. Балалар хормен бөліктердің атауын қайталайды (жартысы, төрттен бір бөлік, үштен бір бөлік) Уақыт беріп, жолақтың үштен бір бөлігін қиюға көмектеседі.</p>	<p>бөліктерге кесуге болады және т. б.</p> <p>Осыдан кейін ол парталарға өрнек немесе ою-өрнек шығаруды ұсынады, мысалы,мынадай</p> <p>Проблемалық сұрақ: Не көп: бүтін бе, әлде бөлік пе?</p> <p>Талқылайды, бүтін бөліктен көп деген қорытынды жасайды</p>		
--	--	---	--	--	--



**Үзіліс: Үстел үстінде ойналатын ойындар.**

**Қол моторикасын дамытуға арналған санамақ**

**Ойын:** *Жүретін саусақтар.*

**Мақсаты:** Саусақтарын жүргізе отырып, саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту.

**Керекті құралдар:** Суреттері бар кітапшалар.

**Шарты:** Суреті бар кітапшаны алып, ішін ашып, ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде



**Ойын:** «Сарбаздарға не керек?» (5-10 мин)

**Мақсаты:** Елін, жерін жаудан қорғай білуге, елінің патриоты болуға тәрбиелеу.

**Керекті құралдар:** ойынға керек ресурстар.

**Мазмұны:** Ортаға 1 қатысушы шақырылады. Маңдайына сурет қойылады. Бұл суретті қарама – қарсы отырған бала мимика арқылы қатысушыға

<p>саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен), суретті нұсқап оның атын сұрайды. Балалар жауап береді. Сол ереже бойынша қайталады.</p>		<p>көрсетіп, түсіндіреді. Ал ойынға қатысушы оны табу керек болады.</p>
---	--	---

### 3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p><b>Қазақ тілі</b></p> <p><b>Міндеті:-</b> Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін ерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру,</p> <p><b>Мақсаты</b> сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру</p> <p><b>Сурет бойынша жұмыс.</b></p> <p>– Мынау – пәтер. Мынау не?</p> <p>– Мынау – пәтер (жеке-жеке жауап береді).</p> <p>– Пәтерде (үйде) бөлмелер бар. Мынау – бөлме.</p> <p>– Сенің пәтерінде (үйінде) неше бөлме бар?</p> <p>Бөлмелерді санайды.</p>	<p><b>Қазақ тілі</b></p> <p><b>Міндеті</b> - - Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру,</p> <p><b>Мақсаты</b> шағын мәтін құруға жаттықтыру.</p> <p>Ойын жаттығуы: «Сен қайда тұрасың?».</p> <p>Мнемо кесте арқылы әр бала қайда тұратынын айтады.</p> <p>– Қай көшеде, қандай үйде тұрасың?</p> <p>Педагог балалармен бірге мнемо кестедегі символдар нені білдіретінін талқылайды.</p> <p>– Мен ... (көшенің аты) көшесінде, 2 қабатты (көпқабатты) үйде тұрамын.</p> <p>– Сенің пәтерінде (үйінде) неше бөлме?</p> <p>– Сенің пәтерінде (үйінде)</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Міндеті:</b> -Балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға баулу</p> <p><b>Мақсаты</b> Дидактикалық ойындар арқылы дыбыс туралы алған білімдерін бекіту.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Берілген дыбысқа сөзді ата».</p> <p>Ойын шарты: Ойынды педагог бастап, бір сөзді айтады, сол сөз қандай дыбыспен аяқталса, ойынды жалғастырушы бала сол дыбыстан басталатын жаңа сөз айтуы тиіс. Ойын осылай жалғасын табады.</p> <p>Педагог: Шырша</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Міндеті:</b> -- Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту</p> <p><b>Мақсаты.</b> әдеби шығарманы мәнерлеу құралдарына байланысты қабылдауға дағдыландыру</p> <p>– Суреттен кімді көріп тұрсың? (Баланы) – Балаға ат қояйықшы. (Арман) – Арман не істеді? – Ал мына суреттен кімді көріп тұрсың? (Саматты) – Ол не істеп тұр?</p> <p>– Салыстырайық, кімнің істеген іс-әрекеті дұрыс?</p> <p>– Иә, Саматқа қамқорлық жасау әдеті жетіспей тұр екен.</p> <p>Біз Самат сияқты балаларға көмектесіп, қамқор болып, жақсы істерді үйретіп жүрейік.</p> <p>Енді жақсы және жаман әдеттер туралы әңгімелесеміз.</p> <p>– Бүгін біз автор Рахым Тышқанбаевтың «Жақсы мен жаман» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді.</p> <p>– Жақсы бала – тілалғыш, тәртіпті, ойыншықты сындырмай, күтіп ұстайды, ақылды, таза жүреді. Тіл алмайтын, ойыншықтарды сындыратын, өзінен кішіні,</p>	<p><b>Шығармашылық бейнелеу әрекеті</b></p> <p><b>Міндеті:</b> -- Балалардың қазақтың қонақжайлылығымен таныстыру;</p> <p>-- Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану</p> <p>-- Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру</p> <p>-- Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру</p> <p><b>Мақсаты:</b> - мерекелік дастарханды бейнелей білуге үйрету</p> <p><b>Топтық жұмыс</b></p>
--	---	---	---	---	--

	<p>Суреттер арқылы әр бөлме (балалар бөлмесі, дәліз, асүй ) қалай аталатынын айтады. Ондағы таныс заттарды естеріне түсірту.</p> <p>– Мынау – дәліз. Дә-ліз. Дәліз үлкен. Дәлізде шкаф тұр. Шкафта нелер болады? (Киім).</p> <p>– Мынау – балалар бөлмесі. Балалар бөлмесінде нелер бар? (Ойыншықтар, кітаптар).</p> <p>– Мынау қандай бөлме?</p> <p>– Мынау – асүй. Мынау – ...</p> <p>– Асүйде нелер бар? (Орындықтар, үстел, ыдыс ...)</p>	<p>қандай бөлме бар?</p> <p>Суретпен жұмыс.</p> <p>– Мынау – балалар бөлмесі. Мынау қандай бөлме?</p> <p>– Мынау – балалар бөлмесі.</p>		<p>құрдастарын ренжітетін баланы жаман әдеті бар дейміз. Педагог тапқакты оқып беріп, жаттатады.</p> <p>Жақсы мен жаман Жақсы бала ол анық, Істемейді шалалық. Тап-таза боп жуынып, Жүреді ол таранып.</p>	
<p><b>Үзіліс: . Қозғалмалы зерек ойындар «Өзен» ойыны</b></p>					



	<p>Шеңбер бойымен тізбектеле бағытты өзгертіп жүру және жүгіру.</p> <p>Бір тізбекпен жүру, орташа қарқынмен жүгіру. «Артқа бұрыл!» бұйрығы бойынша бағыттарын өзгертіп жүгіреді. Тізбектен шықпай қозғалыста қимылдарын үйлестіріп жүруге, жүгіруге тырысады.</p> <p>Заттар арасымен (томаршалар) және заттарды аттап жүру және жүгіру.</p>	<p>«Аюлар биі» (Е. Тиличеева)</p> <p>Билер: «Испан биі»</p> <p>(«Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Төмен және жоғары дыбыстар» ойыны</p> <p>Музыкалық аспапта ойнау:</p> <p>«Полька» (А. Филиппенко)</p>	<p>Гимнастикалық қабырғада әртүрлі тәсілмен өрмелеуге жаттықтыру. Қауіпсіздік техникасын сақтайды.</p> <p>Гимнастикалық қабырғаға жақындап келеді, әртүрлі тәсілмен өрмелейді. Қол мен аяқты үйлесімді түрде қозғауға тырысады. Ең жоғарғы тепкішекке дейін шығып, ең төменгі тепкішекке дейін түседі.</p> <p>Тепе-теңдік – жерде созылып жатқан арқан үстімен басқа зат қойып, тепе-теңдік сақтап жүруге жаттықтыру.</p> <p>«Құмырсқаға үй тұрғызу»: поролон кірпіштерді қалап, үй тұрғызады.</p>	<p>тапсырманы орындайды: жүгіріп келе жатып тоқтайды, бағыттарын өзгертіп жүгіреді.</p> <p>II. ЖДЖ-ны текшемен орындайды (№2):</p> <p>Негізгі қимыл-қозғалыстарды топ болып орындайды № 2 сурет.</p> <p>Шұңқырға секіру: 30 см биік заттың үстінен белгіленген жерге дәл секіріп түсулерін бекіту (6 рет). Тепе-теңдіктерін сақтап, дене бітімдерін түзу ұстауларын қадағалау. Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. 30 см биік заттың үстінен белгіленген жерге дәл секіреді. Шеңбер ішіне аяқтың ұшымен түседі. Қолдарын еденге тигізбеуге тырысады</p>	<p>«Ақша қар» (К. Қуатбаев)</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</p> <p>«Аюлар биі» (Е. Тиличеева)</p> <p>Билер: «Испан биі»</p> <p>(«Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Төмен және жоғары дыбыстар» ойыны</p> <p>Музыкалық аспапта ойнау:</p> <p>«Полька» (А. Филиппенко)</p>
<b>Серуенге дайындық</b>	Киімдерді реттілікте сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікте сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікте сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікте сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікте сақтап дұрыс киінуге үйрету.
<b>Серуен</b>	<b>Бақылау:</b> Аязды бақылау.	<b>Бақылау:</b> Мұзды бақылау. <b>Мақсаты:</b> Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер	<b>Бақылау:</b> Ауа-райын бақылау.	<b>Бақылау:</b> Қарды бақылау.	<b>Бақылау:</b> Күнді бақылау. <b>Мақсаты:</b> Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы,

<p><b>Мақсаты:</b> Қыс мезгіліндегі күннің суықтығы-аяз. Аяздан бетіміз бен қолымыздың тоңатынын, үсіріп жібе руі де мүмкін екенін, сол үшін де қолғап, мойын орауыш тағатынымызды түсіндіру.</p> <p><b>Еңбек:</b> Ауладағы қарды күреу.<b>Мақсаты:</b> Балаларды еңбек сүйгіштікке, бірлесіп жұмыс жасауға үлкенге көмек беруді үйрету. Күректі дұрыс ұстауға үйрету.</p> <p><b>Қим.ойын:</b> «Сырғанақ тебу».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларды ұйымшыл тату ойнауға, шанамен ойнауға шақыру, таудан төмен сырғанау әдісін үйрету.</p> <p><b>Жеке жұмыс:</b> ( Нұрали, Бекарыс, Тілекжан, Аяулым)</p> <p>Жұмбақ. Терезеге қонады, Әсем ою ояды.(Аяз).</p> <p><b>Мақсаты:</b> Жұмбақ жаттату арқылы есте сақтау, ойлау қабілет терін дамыту, сөздік қорларын молайту.</p>	<p>мен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру.</p> <p><b>Еңбек:</b> Тайғанақ жерге құм себу.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға баулу. Өздеріне беріл ген тапсырманы тия- нақты орындауларын қадағалау.</p> <p>Жаңа жыл туралы тақпақ жаттату.</p> <p>Жаңа жыл,жаңа жыл, Жаңа жылда-жаңа нұр.</p>	<p><b>Мақсаты:</b> Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау.</p> <p><b>Еңбек:</b> «Таза алаң».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу.</p> <p><b>Жеке жұмыс: Е.Өтетілеуов «Күшік».</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Ү дыбысының айтылуына жаттықтыру.Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету.</p> <p>Е.Өтетілеуов. «Күшік».</p> <p>Үреді үйшікте Аулада күшіктер Біреуі оның қап-қара, Біреуі сары ала Біреуі қардай ақ, Біреуі сұр жолақ Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ: Үреді абалап</p> <p><b>Ойын:</b> «Қасқыр мен қаздар».</p>	<p><b>Мақсаты:</b> Қыс мезгілінің ерекшелік терін айту.Қар-түсі ақ, ұстасаң қолың тонады, жылыға ериді.Ойлау қабілетін дамыту.</p> <p><b>Тақпақ:</b> Аппақ көше, бар дала, Аппақ ой мен қыраттар. Ақ шатырлы қар қала, Ақ жамылып тұр бақтар.</p> <p><b>Еңбек:</b> Ағаштар түбіне қар үю.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Еңбексүйгіштікке тәрбиелей отырып, үйілген қардың маңызы туралы түсінік беру.</p> <p><b>Жеке жұмыс:</b> «Қыс қызығы»тақырыбында әңгіме құрату. (Абдубақыт, Айару, Данагүл, Дильназ)</p> <p><b>Мақсаты:</b> Сөздік қорын дамыту, ойын жүйелеп жеткізе білуге үйрету.</p>	<p>қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру.</p> <p><b>Еңбек:</b> «Қыс қызығы».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p><b>Жеке жұмыс:</b> Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (Күн)</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып, тіл байлықта-рын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b>«Айгөлек».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Денені шынықтыру, шапшандыққа , ептілікке баулу.</p>
---	--	--	--	---

			<p><b>Мақсаты:</b> Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.</p> <p><b>Қимылдық ойын:</b> «Тымпи-тымпи».</p>	<p><b>Ойын:</b> «Қардан түрлі бейнелер жасау».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ойынға қызығушылығын арттыру.</p>	
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b></p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы №13 орта мектебі»КММ****Мектепалды даярлық О « » сыныбы****Балалардың жасы 5 жас****Жоспардың құрылу кезеңі ІІІ-апта 16–20 қаңтар 2022-2023 оқу жылы**

Күнтәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<b>Балалардың абылдауы</b>	Балалардың көтеріңкі көңіл-күймен қарсыалу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға жыл мезгілдеріндегі өзгерістерді, жылайларын, апта күндерінің ажыратып айта алады				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқазанды өкілдерімен кеңесу, әңгімелесу</b>	Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру				
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b>	<b>Д/ойын:</b> «Ғажайып қоржын» <b>Мақсаты:</b> Балаларды заттарды қолдарымен, сипап тиісті қасиеттеріне қарай ажырата білуге үйрету. <b>қажетті құралдар:</b> Ғажайып қоржын. Балалар санына сәйкес, таныс ойыншықтар.	<b>Д/ойын:</b> «Бұл қай кезде болады» <b>Мақсаты:</b> Баланың жыл мезгілдері жайлы білімдерін тиянақтау, пысықтау тиісті белгілерін атай отырып, тілдерін жетілдіру, танымдылықтарын, ұстамдылықтарын дамыту. <b>Қажетті құралдар:</b> Жыл мезгілдеріне байланысты 3-4 сурет	<b>Д/ойын:</b> «Өз жұбыңды тап» <b>Мақсаты:</b> Санды көру, есту және қимыл арқылы қабылдау қабілеттерін пысықтау. <b>Қажетті құралдар:</b> Цифрлар бала санына	<b>Д/ойын:</b> «Қателесіп қалма?». <b>Мақсаты:</b> Жылдам ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың күннің әр түрлі мезгілінде не істейтін туралы біліктерін нығайту. <b>Қажетті құралдар:</b> текше	<b>Д/ойын:</b> «Гүл шоғын құрастыр». <b>Мақсаты:</b> Бақшада, далада, орманда өсетін гүлдерді дұрыс тауып, аттарын есте сақтауға үйрету.  Ойынның ережелері. Гүлдің кімге арналғанын, Қайда өсетінін және қалай аталатынын көрсету.
<b>Ертеңгілік жаттығу</b>	Таңғы жаттығу кешені № 9				



<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҮІӘ)</b></p>	<p>Жер-Ана, сағанмыңалғыс, Сыйлайсыңбізге қуаныш. Жазда, күзде, қыста да, Көркемсіңкөктемтұста да!</p>	<p>Көк аспанда күн күлсін, Бірге күлсін бүлдіршін. Көк аспанда күн күлсін, Жерге ұдайы нұр құйсын. Көк аспанда күн күлсін, Ұл қолында ту жүрсін. Қыз қолында гүл жүрсін, Көк аспанда күн күлсін, Бірге күлсін бүлдіршін.</p>	<p>Күндей жадырап, Айдай арайлап, Жұлдыздай жарқырап, Судай мөлдір таза көңілмен Бүгінгі күнді бастайық.</p>	<p>Жарқырап, күн де ашылды Айналаға гүл шашылды. Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз! Қайырлық күн! Біз сүйкімді баламыз</p>	<p>Армысың шапағатты Күн-Ана! Армысың қайырымды Аспан-Ана! Армысың мейірімді Жер-Ана! Құт дарыт, бар әлемді жарылқа!</p>
<p><b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӘ</b></p>	<p><b>1 - ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>				
<p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Міндеті:-</b> Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу</p> <p><b>Мақсаты</b> «Ақсақ құлан» аңызын мазмұны бойынша әңгімелеу</p> <p>—Балалар, құлан – жылқы тектес жануар.</p> <p>—Сендер жылқыны білесіңдер ме?</p> <p>—Құланың да, жылқы сияқты, жалы бар, бірақ ол – жабайы жануар. Ертеде аң сияқты, құланды да аулап етін жеген.</p> <p>—Мен сендерге «Ақсақ құлан» аңызын оқып берейін. Аңыз – бұл түп нұсқасы болған оқиға. Ауыздан-ауызға ұмытылмай жеткен оқиғаны аңыз деп айтамыз. Қазір мен сендерге «Ақсақ құлан» аңызын мәнерлеп оқып беремін.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Буындарға буын қосып сөз құрап айтуға жаттықтыру арқылы зейін мен есте сақтауларын дамыту</p> <p><b>Мақсаты</b> балалардың білімін бекіту</p> <p><b>«Тиісті белгіні көтер» дидактикалық жаттығуы</b></p> <p>Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда, сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда, қызғылт сары дөңгелекті көтереді.</p> <p>«Кім көп сөз ойлап айтады?» дидактикалық ойыны</p> <p>– Н дыбысынан басталатын сөздер ойландар,</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b></p> <p><b>Міндеті</b> -Сөздерге дыбыстық талдау жасай білу дағдыларын бекіту</p> <p><b>Мақсаты</b> Сөздерді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру</p> <p>«Сөз жина» дидактикалық жаттығуы</p> <p>–Мен сендерге дыбыстар айтамын, сендералақандарыңмен кесе жасап, дыбыстарды қағып алып отырыңдар. Айтылған дыбыстарды түсіріп немесе орнын ауыстырып алуға болмайды Жинаған дыбыстарыңнан сөз құрап айтасыңдар. Мысалы: - «а.л.м.а.», – «а.ғ.а.ш.», - «к.ү.н.», - «к.ұ.с.», «қ.о.я.н.», -</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b></p> <p><b>Міндеті:</b> - Сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.</p> <p><b>Мақсаты</b> Суреттер қандай дыбыстан басталатынын ауызша анықтауға үйрету, белгілермен қоршату, жасалу жолдарын естеріне түсіру дағдыларын бекіту</p> <p>«Сөзді аяқта» дидактикалық жаттығуы</p> <p>Балалар мен сендерге соңғы буынын айтпай сөздер айтамын, сендер буынды қосып, сөзді айтасыңдар.</p> <p>Мысалы: кү...шік, көбе...лек, ба...нан, алжап...қыш, жұлдыз...ша, жылқы...шы, шах...мат, ине...лік, жолба...рыс, жас...тық, ағаш...тар, бақта...шы, береке...лі, күлкі...лі, күнба...ғыс, қабыр...ға, қам...шы, қама...жай, ора...мал, сүл...гі, жапа...лақ, отба...сы, жануар...лар, найза...ғай, сөм...ке, сыбыз...ғы, отша...шу, су...рет,</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Міндеті:</b> -Белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру.</p> <p><b>Мақсаты:</b>-Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру</p> <p>1.Суретті қара. Ертегінің жүйесін сурет бойынша баянда.</p> <p>Ертегі кейіпкерлерінің қимыл-әрекетін және эмоциясын келтір.</p> <p>2.Жұмбақты шеш. Ө дегеннен тап береді,</p> <p>Тап бергеннен қақ бөледі. (Балта)</p> <p>Ескегі бар, жүзбейді, Ұшудан үміт үзбейді. (Желдірмен)</p>	

		<p>сөздерді шапалақпен буынға бөліндер, қанша буын атасындар.</p> <p>– Нан, нар, ну, нарын, немене, не, неге, нағыз, Нұрлан, Нұргүл, неке, нақ, неліктен.</p> <p>– Р дыбысынан басталатын сөз ойлаңдар. Кім көп сөз ойласа, соған бір фишқадан беріліп отырады.</p> <p>– Радио, рауғаш, рас, рет, резеңке, рең.</p> <p>Ойын соңында фишкаларды санап, жеңімпазды анықтайды</p>	<p>«с.и.ы.р.» , - «а.с.ы.қ.» , - «е.с.і.к.» , - «с.а.ғ.а.т.» , - «т.а.б.а.қ.» , - «ж.е.р.».</p> <p>–Балалар, сендер қандай тағамдарды ұнатасындар?</p> <p>–Балалар, денсаулыққа пайдалы тағамдармен тамақтану қажет. Ал А, В, С, Д, Е – осы адам ағзасына қажетті дәрумендердің атаулары. Біз оларды тағамдардан аламыз. А дәрумені өсу мен көру дәрумені деп атауға болады, себебі ол арқылы сен жақсы өссең, ал көзің тамаша көреді.</p>	<p>жеміс...тер, жалау...ша, құмырс...қа т.б.</p> <p>Сөзді дұрыс айтқан балаларға педагог жұлдызша таратып отырады, ойын соңынан жеңімпаз анықталады</p>	
--	--	--	--	---	--

**Үзіліс :**

**Саусақ ойындары**  
**Ойын: Су толтыру.**

**Мақсаты:** Қол ептілігін дамыту, ас ішкенде қалай отырып, қасықты қалай ұстайтынын, ыдыстар қалай тұратынын үйрету.

**Керекті құралдар:** шұңқыр қасық, шұңқыр тәрелке мен күрешке.

**Мазмұны:** Үстел үстіне шұңқыр ыдысқа су құйып қоямыз. Одан кейін 1-ші тәрбиеші өзі көрсетеді. Ыдыстағы суды қасықпен алып, ақырын төгіп алмай күрешкеге құямыз. Осы іс-әрекет бірнеше рет қайталанады.

**Саусақ ойыны: Жүретін саусақтар.**

**Мақсаты:** Саусақтарын жүргізе отырып, саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту.

**Керекті құралдар:** Суреттері бар кітапшалар.

**Шарты:** Суреті бар кітапшаны алып, ішін ашып, ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен), суретті нұсқап оның атын сұрайды. Балалар жауап береді. Сол ереже бойынша қайталанады.

## 2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

<p><b>Қоршаған орта</b></p> <p><b>Міндеті:</b>-Табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату</p> <p><b>Мақсаты</b>Тірі, өлі табиғат туралы, денелер туралы ұғым беру. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу.</p> <p><b>Табиғатты суреттеу.</b></p> <p>Бұлардың бәрі бізді қоршаған табиғатқа жатады. Осы ағаштар табиғаттың қай түріне жатады? Тірі табиғат. Оны неліктен тірі табиғат деп атаймыз?</p> <p>Одан әрі саяхатымызды жалғастырамыз. Не естідіңдер? Тағы не көрдіңдер? Орман</p>	<p><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>Міндеті:</b>- Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен есептерді шығару;</p> <p><b>Мақсаты:</b> қарапайым мысалдар мен есептерді шығару білігін қалыптастыру</p> <p>Суретті қарайды, есеп құрастырады, шығарады.</p> <p>Педагог есеп құрастырудың үлгісін көрсетеді: аквариумда қызғылтсары түсті 3 балық және күлгін түсті 2 балық жүзіп жүрді. Аквариумда қанша балық жүзіп жүр?</p> <p>- Балалар үлгіге сүйене отырып, қалған суреттердегі тапсырмаларды құрастырады, шешеді, жауабын атайды.</p> <p>-Екінші аквариумда неше балық бар? Олар бірдей ме?</p>	<p><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>Міндеті:</b> - Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу</p> <p><b>Мақсаты:</b> шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру</p> <p><b>Проблемалық іздеу тапсырмасы:</b></p> <p>Кәділердің ұзындығын қалай салыстыруға болады (бір-бірінің үстіне салу арқылы)? Педагог: Кәділерді сабағынан үзбей өлшеуге бола ма?</p> <p>Заттың ұзындығын өлшеуге арналған басқа да тәсілдер бар. Кез келген затты шартты өлшемнің</p>	<p><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>Міндеті:</b> - Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру.</p> <p><b>Мақсаты :</b> шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру</p> <p><b>Практикалық жұмыс</b></p> <p>Педагог балаларға: көк және қызыл қағаз таспаларын таратады. Кішкентай жасыл таспа – шартты өлшем.</p> <p>Педагог балаларға: алдарыңдағы тәрелкелерде көк және қызыл қағаз таспалар жатыр. Тәжірибелік жолмен таспалардың қайсысы ұзынырақ екенін дәлелдеп көріңдер.</p> <p>–Таспалардың қайсысы ұзынырақ?</p>	<p><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>Міндеті:</b> - Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру.</p> <p><b>Мақсаты :</b> шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру</p> <p><b>Практикалық жұмыс</b></p> <p>Педагог балаларға: көк және қызыл қағаз таспаларын таратады. Кішкентай жасыл таспа – шартты өлшем.</p> <p>Педагог балаларға: алдарыңдағы тәрелкелерде көк және қызыл қағаз таспалар жатыр. Тәжірибелік жолмен таспалардың қайсысы ұзынырақ екенін дәлелдеп көріңдер.</p> <p>–Таспалардың қайсысы ұзынырақ?</p>	<p><b>Қоршаған орта</b></p> <p><b>Міндеті:</b>Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсіну</p> <p><b>Мақсаты</b> Ауа,су,күн және олардың маңызы туралы балалардың білімдерін тереңдету.Ауа туралы ұғымды түсіндіру, су-тіршілік көзі екендігін, оның пайдасы туралы білімдерін кеңейту.Күннің жылуы мен жарық беретіндігін түсіндіру.</p> <p><b>Ойын: «Сықырлы көпіршіктер»</b></p> <p>-Балалар Ертегі көрініс көрсету</p> <p>«Күн, жер, су, от және ауа» (ертегі)</p> <p>Бір күні Күн, жер, су, ауа қайсысы ең маңызды деп таласыпты.</p> <p>Күн: «Ең бірінші оянып мен өз шуақтарыммен жер планетадағы адамдарды, құс, аңдарды оятамын!» дейді.</p> <p>Жер: «Ия, ия, күн, сен жаңа өзің айттың жер планетасында тұратындар деп. Мен болмасам аңдар, жәндіктер, адамдар қайда өмір сүруші еді? Ағаштар, гүлдер қайда өсуші еді? Өзен, теңіз, мұхиттар қайда тасушы еді? Ең</p>
---	--	---	--	--	--

<p>жануарлары. Олар да тірі табиғатқа жатады. Тірі табиғатқа жатады - адам. Осы тірі табиғаттың қажеттіліктерін атайық: ауа, тамақ, су, жарық, жылу.</p> <p>Одан әрі саяхатымызды жалғастырайық. Таудан сарқырап аққан өзенді көрдік. Енді табиғатта өлі денелер бар. Оларды тамашалайық. Күн, су, тау, тас, ауа, Бұлардың бәрі табиғи денелер. Бұдан басқа жасанды денелер болады, олар адам қолымен жасалады. Жасанды денелерге не жатады? Машина, үй, парта, кітап, т. б. Кез - келген денелер заттан тұрады. Мысалы: доп - дене, резеңке - зат, парта - дене, ағаш - зат, т. б. Қане, мына суреттен жасанды денелерді табайық.</p> <p>Ал осы табиғатта болып жатқанның барлығы табиғат құбылыстары. Табиғат құбылыстары: жаңбырдың жаууы, қардың жаууы, найзағай, кемпірқосақтың шығуы, жапырақтың түсуі, т. б</p>	<p>-Үшінші аквариумда неше балық бар? Балалар сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Аквариумдағы балықтарды санап, есеп құрастырады</p>	<p>көмегімен өлшеуге болады. Шартты өлшем ретінде таспаны, бауды, қаламды немесе кез келген басқа затты пайдалануға болады.</p> <p>Бүгін біз шартты өлшем ретінде жасыл қағаз таспаны пайдаланамыз. Менің қалай өлшейтінімді мұқият қараңдар. Екеуінің де бұрышын бір-біріне сәйкес келтіріп, шартты өлшемді кесіндінің үстіне саламын.</p> <p>Шартты өлшемнің шеті қай жерде болса, сол жерге белгі саламын. Келесі өлшем осы жерден басталады. Балалар өздерінің салыстыру тәсілдерін ұсынады. Балаларға кәділердің макеттері (муляждар, суреттер) беріледі және олар кәділерді ұзындығы бойынша салыстырады.</p> <p>Санайды.</p> <p>Осы кесіндінің неше шартты белгіге тең екенін санауды ұсынады. Кәдінің ұзындығын кім өлшейді? Кәді неше шартты өлшемге тең?</p>	<p>–Неліктен қызыл таспа ұзынырақ?</p> <p>–Қызыл таспа неше шартты өлшемге тең?</p> <p>–Көк таспа неше шартты өлшемге тең?</p> <p>Қайсысы көбірек: 3 пе, немесе 4 пе?</p> <p>Шартты өлшемнің көмегімен таспалардың ұзындығын өлшейді. Қорытынды жасайды: қызыл таспа ұзынырақ, оның ұзындығы 4 шартты өлшемге тең. Көк таспа қысқарырақ, ол 3 шартты өлшемге тең.</p> <p>Тапсырмаларды орындап, өздерінің іс-қимылдарын түсіндіреді</p>	<p>маңызды мені!»</p> <p>Ал мен болмасам,- таласқа су кірісті – балықтар, пингвиндер, су құстары болмаушы еді? Менсіз адамдар өмір сүре алмаушы еді.</p> <p>«Мен олардың үйлерін жылытамын» — таласқа от кірісті.</p> <p>«Сендер мен туралы ұмытып қалдыңдар!»</p> <p>— Ауа дауысын шығарды. Мен көрінбесем де адамдардан басқа, әр тірі зат өмір сүре алмайды! Менсіз отта болмайды.</p> <p>Бұл талас ұзаққа дейін созылды. Ешкім білмейді қашанға дейін созылатынын, егерде адам бұл әңгімеге кіріспесе.</p> <p>«Сендердің әрқайсысы маңызды. Сендерсіз жерде өмір болмаушы еді.»</p> <p>Адам тыныс алып, жерден астықты теріп, булақтан таза суды ішіп, үйіне кіріп отты жақты. Содан бері күн, су, жер, от, ауа бір бірімен таласпайды.</p> <p>— Балалар, сендер табиғатқа байланысты мақал-мәтелдер білесіңдер ме?</p> <p>— Тау бұлағымен сәнді, көл құрағымен сәнді.</p> <p>— Жер құтты болса, мал сүтті болады.</p> <p>— Жер – ана, ел – бала Дәйексөз: Адамзаттың табиғатсыз күні жоқ,</p> <p>Мұны айтуға адамзаттың тілі жоқ.</p> <p>Балалар табиғатқа өз ризашылығын білдіреді.</p> <p>— Күн, сәуле шашқаның үшін рахмет!</p> <p>— Ағаш, көлеңкең үшін рахмет!</p> <p>— Жер, саған жомарттығың үшін рахмет!</p>
--	---	--	---	---

					<p>— Бұлт жаңбыр сепкенің үшін рахмет!</p> <p>— Таза ауа, саған рахмет!</p> <p>— Табиғат, сұлулығың үшін рахмет!</p> <p>— Құстар, тамылжыта салған әндерің үшін рахмет!</p>
--	--	--	--	--	---

### Үзіліс:

#### Дидактикалық ойын:

#### «Домино»

**Мақсаты:** «Баланың көліктер жайлы білімдерін дамыту, пысықтау. Сәйкес көлікті тауып дұрыс атату, оның атқаратын қызметімен таныстыру.

**Ойын шарты:** Суреттері сәйкес келетін карточкаларды біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады.

**Қажетті құралдар:** Бірдей қос суреттер, әртүрлі көліктер бейнеленген көлімдері 5×6см карточкалар.

#### «Сүйікті қаламызға саяхат»

**Мақсаты:** Туып - өскен қаласы туралы білімдерін бекіту; үлкендер еңбегі, автокөліктер.

**Ойынның барысы:** Тәрбиеші балаларды үш топқа бөліп, карточкаларды таратады. Содан соң қаланың көрікті жерлері, үлкендер еңбегі, автокөліктер туралы әңгімелеуге тапсырма береді. Балалар қолдарындағы карточка бойынша әңгіме құрастырады. Әңгімені мазмұнды айтқан топ жіңішке жетеді. Топтар қағаздарын алмастырып, ойынды әрі қарай жалғастырады.





### 3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Қазақ тілі	Қазақ тілі	Сөйлеуді дамыту	Көркем әдебиет	Шығармашылық бейнелеу әрекеті
<p><b>Міндеті:-</b> Суреттер бойынша әңгіме құрастыру</p> <p><b>Мақсаты</b> сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, ретін сақтай отырып</p> <p>сөйлем құрауға жаттығуды жалғастыру</p> <p><b>Ойын: «Қандай сөз артық?».</b> Педагог сөздерді</p>	<p><b>Міндеті</b> -- Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен таныстыру</p> <p><b>Мақсаты</b> Өз халқының тұрмыстық заттарының ерекшеліктерін, колөнерлерін, салт-дәстүрлерін таныстыру</p> <p>Қазақ халқының шеберлері асхана аспаптарын,</p>	<p><b>Міндеті:</b> -Монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту</p> <p><b>Мақсаты</b> «Л» – «Р» дыбыстарын үйрету</p> <p>–Сендерге «Ақсақ құлан» аңызы ұнады ма?</p> <p>–Аңызда не туралы айтылған?</p> <p>–Ашуына тиген құлан әңгісі</p>	<p><b>Міндеті:</b> - Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу</p> <p><b>Мақсаты</b> Кейіпкерлердің іс-әрекетіне өз пікірін айта білуге баулу</p> <p>Педагог қорапшаның ішінен бір сурет алып шығады. – Суреттен нені көріп тұрсыңдар? (Балта) – Бұл не деп ойлайсыңдар? –Ол не үшін керек? Мұндай затты көргендерің бар ма?</p> <p>–Балалар, бүгін «Алтын балта» орыс халық ертегісімен танысамыз.</p> <p>Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Ертегі ойдан, қиялдан туады</p>	<p><b>Міндеті:-</b> Балалардың қайың ағашы туралы білімдерін арттыру</p> <p>- - Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу</p> <p>-- Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің беру</p>

	<p>айтады, балалар мұқият тыңдап қандай сөз артық екенін табады. Мысалы: кереует, үстел, нан, кілем. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.</p>	<p>тұрмыстық заттар, жиһаздар дайындауда қандай материалдарды қолданған баллаарға көрсету,</p> <p>Осы заттарды бояту.</p>	<p>балаға не істеді?</p> <p>–Міне, балалар, аң екеш аңға да зәбір көрсетіп, қорлауға болмайды екен.</p> <p>–Аңыз әңгімедегі құлан сөзі орыс тілінде «кулан» деп айтылады.</p> <p>Әңгі – үйірді басқаратын, бастап жүретін айғыры</p> <p>–«Л» – дауыссыз дыбыс.</p> <p>–"Л" дыбысының буын арасында кездесуі.</p> <p>Ла-ла-ла – лақ.</p> <p>Лә-лә-лә – Ләззәт.</p> <p>Да-да-да – дала</p> <p>До-до-до – долана.</p> <p>Құ-лан. Құ-лақ</p>	<p>Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар:</p> <p>–Ертегі қалай аталады?</p> <p>–Кедей қайда барды?</p> <p>–Балта қайда түсіп кетті?</p> <p>–Балта не үшін қажет?</p> <p>–Диірменші қандай балталар ұсынды?</p> <p>–Диірменші неліктен кедейге алтын балтаны берді?</p> <p>–Бай не істеді?</p> <p>–Ертегі қалай аяқталды?</p>	<p>-- Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту</p> <p><b>Мақсаты:</b>- қысқы ағашты бейнелей білуге үйрету</p> <p><b>Топтық жұмыс</b></p>
--	--	---	--	--	--

Үзіліс: .Жүгіруге арналған ойындар

«Торғайлар мен мысық»

		<p><b>Ойын: «Торғайлар мен мысық»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.</p> <p><b>Шарты:</b> Жерді шеңбермен белгілеу керек /5-6м.диаметрмен/. Ортада тәрбиешімен тағайындалған бала жүреді – ол мысық. Қалған балалар шеңбердің сыртында- олар торғайлар. Мысық ұйықтап қалады. Торғайлар шеңбердің ішіне дән жеуге кіреді. Мысық оянып кетеді де, торғайларды көріп, оларды ұстай бастайды. Торғайлар шеңберден шығуға асығады. Шеңбердің ішінен мысыққа ұсталған торғайлар, шеңбердің ортасында қалады. Мысық 2-3 торғайды ұстаған соң, тәрбиеші жаңа мысықты таңдайды. Ұсталған торғайлар басқа ойнаушыларға қосылады. Ойын 4-5 рет қайталанады.</p> <p><b>Ұсыныс:</b> мысық ақырын барып торғайларды ұстайды (қатты ұстамай, ақырын ғана қолын тигізеді)</p>
		

#### 4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p><b>Міндеті:</b> - Гимнастикалық қабырғаға карап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею</p> <p><b>Мақсаты:</b> - Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өтуге, өрмелеуге және түсуге</p>	<p><b>Музыка</b></p> <p><b>Міндеті:</b> - Танымал кимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би кимылдарын шығару</p> <p><b>Мақсаты</b> Шығармалардың эмоциялық</p> <p>мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p><b>Міндеті:</b> -- Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бүту және тік көтеру</p> <p><b>Мақсаты</b> - Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бүту және тік көтеру</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p><b>Міндеті:</b> - Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу. Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу</p> <p><b>Мақсаты</b> Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу. Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу</p>	<p><b>Музыка</b></p> <p><b>Міндеті:</b> - Мәтінге сәйкес әнді сахналау</p> <p><b>Мақсаты</b> Шығармалардың эмоциялық</p> <p>мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін</p>
--	--	---	--	---	--

	<p>хош иісі мұрыныңды жарады. Мойыл мамыр, маусым айларында гүлдейді, ал, жемісі тамыз, қыркүйек айларында піседі. Қоңыр күзде мойылдың жемістері өте дәмді болады. Жаңа піскен жидектерінен қант қосып тәтті сусындар мен кисельдер жасайды. Сол сияқты мойыл жидектерінің емдік қасиеті де өте жоғары. Одан жасалған дәрілермен іш ауруларын, көз ауруларын, безгек ауруларын емдейді. Сондықтан да мойылды кеспей, сындырмай сақтаған жөн. Мойыл гүлдері өте әдемі болғанмен, оның гүл шоғын көп етіп алсаңыз басыңыз ауырады, егер өте қызықсаңыз, бұтасын сындырмай ғана, екі-үш гүлін пышақпен кесіп алып, суға салып қойсаңыз, сол да жеткілікті болады. Мойылды өзіңіз де сындырмаңыз, өзгеге де жол бермеңіз.</p> <p>Балаларға сұрақтар</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>◆ Мойыл ағашы қай уақытта гүлдейді?</li> <li>◆ Мойылдың жемістері қай уақытта піседі?</li> <li>◆ Мойыл жидектерінен не жасайды?</li> <li>◆ Мойылдың басқа қандай қасиеті бар?</li> <li>◆ Бұл ағашты не үшін сақтауымыз керек?</li> </ul> <p><b>Еңбек</b> Үлкендерге ағаш отырғызуға көмектесу. <i>Мақсаты: ағаш отырғызу және оны өсіруге деген ынталарын ояту, табиғатты көркейтуге тәрбиелеу.</i></p>	<p>тастар бағалы, ал жәй тастардың да пайдасы өте көп.</p> <p>Сұрақтар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>*Тастардың қандай түрлерін білесіңдер?</li> <li>*Асыл тастарды не үшін пайдаланады?</li> <li>*Жәй тастарды қай жерде, не үшін пайдаланады?</li> <li>*Гранит, мрамор тастарды көрген жерлерің бар ма, оларды не үшін пайдаланады? Тәрбиеші балалар жауабын толықтырып, түсіндіреді.</li> <li>*Балабақша ауласында, ғимарат құрлысында тастар бар ма?</li> </ul> <p><b>Зерттеу жұмысы</b> Балабақша ауласынан түсі, көлемі әртүрлі тастарды тауып, жинау.</p> <p><b>Еңбек</b> Ұжымдық жұмыс, балабақша аумағын тазалау. <i>Мақсаты: ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге, бастаған істі аяқтауға, біткен іске қуануға тәрбиелеу.</i></p>	<p><i>Білерім көк аспанның, Бұлт-көшпелі бұлағы.</i> Тәрбиеші сұрақтары.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>◆Бұлт дегеніміз не?</li> <li>◆Бұлттардың түсі қандай болады?</li> <li>◆Бұлттар неден тұрады? (<i>сан жетпейтін су тамшыларынан немесе мұз түйіршіктерінен.</i>)</li> <li>◆ бұлттардың қандай түрлерін білесіңдер? (<i>түйдек бұлттар, шарбы бұлттар, қат-қабат бұлттар, түнерген найзағайлы бұлттар</i>)</li> <li>◆ Неге түйдек бұлттар дейміз? (олар аспанда түйдек-түйдек болып тұрады)</li> <li>◆ Шарбы бұлттар неге ұқсады? (ақ ұлпаға, мамыққа, жақсылап аңғарып қарасаң олардан таныс бейнелерді көруге болады)</li> <li>◆ Ең үлкен бұлттар қай бұлттар? (түнерген найзағайлы бұлттар)</li> <li>◆ Қандай бұлттар жанбыр әкеледі? (түйдек бұлттар, түнерген бұлттар)</li> <li>◆Бұлттар неліктен аспанда жүреді? (оларды жел қуады)</li> </ul> <p><b>Зерттеу жұмысы</b> Аспандағы қандай бұлттар екенін анықтау. Бір нәрсеге (өлі және тірі табиғатқа жататын) ұқсайтын бұлттарды табу.</p> <p><b>Еңбек</b> Аланды егу жұмыстарына дайындау; қоқыстарды жинау, сыпыру. <i>Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген ынталарын қалыптастыру.</i></p>	<p>шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады. Сұрақтар қояды:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>◆ Желдің қандай түрлері болады?</li> <li>◆ Жел неге соғады?</li> </ul> <p>Атмосферада ауа әртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол төмен тартылады. Осыдан ауада қозғалыс пайда болады. Желдің күші жылы және суық ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады. Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>◆Барынша қатты желдердің атын ата? (<i>дауыл, құйын, бұрқасын, боран.</i>)</li> <li>◆ Әлсіз желді қалай атайды? («самал жел» деп атайды)</li> <li>◆Желдің ізін көруге болады ма?</li> </ul> <p><b>Зерттеу жұмысы</b> Компас арқылы желдің бағытын анықтау. Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау. <b>Еңбек</b> Гүл өсіретін (клубба) аланды дайындау <i>Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау.</i></p>	<p>өзен-көлдердің ери бастауы. Жердегі, қар үйінділеріндегі қарлар еріп, сай-саланы қуалап, өзенге барып құяды. Өзен сулары көтеріліп, мұзды жарады. Жарылған мұздар ағыспен бір-біріне соқтығады. Мұздар жарылып, өзендер арнасынан асқан кезде ауа температурасы кенет төмендейді. Ал, сутоғандардағы мұздар ұзақ уақыт тұрады. Себебі онда ағыс жоқ, су қозғалмайды. Бұл жерде мұздар жарылмайды, біртіндеп ериді.</p> <p><b>Зерттеу жұмысы.</b> Сутоғандағы мұздың қалыңдығын мұз өлшегіш құралмен өлшеу. Тоған бетіндегі мұздың еруін бақылау</p> <p><b>Еңбек</b> Ауланы қоқыстан, сынған бұталардан тазалау. <i>Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын тәрбиелеу.</i></p>
<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p>Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру</p>	<p>Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру</p>	<p>Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру</p>	<p>Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру</p>	<p>Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру</p>



					оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<b>Жеке баламен жұмыс:</b>  <b>Мақсаты:</b> балаларға сурет оқу қызметі бойынша қарандашты дұрыс ұстауға үйрету.	<b>Жеке баламен жұмыс:</b>  <b>Мақсаты:</b> сөздерді дұрыс айтуды үйрету	<b>Жеке баламен жұмыс:</b>  <b>Мақсаты:</b> Өлең, такпақтар жаттату	<b>Жеке баламен жұмыс:</b>  <b>Мақсаты:</b> Балалармен қарым - қатынаста болуын дағдыландыру	<b>Жеке баламен жұмыс:</b>  <b>Мақсаты:</b> Балалардың есте сақтау қасиеттерін арттыру үшін, балаларға такпақ жаттату
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап-тарды қарау және басқалар)</b>	Қимылды ойын  «Біздің аулада не өседі?».  Мақсаты: ағаштар аттарын есте сақтауларын тиянақтау, аталған жерге тез жетуге, тез ойлауға, тез шешім қабылдауға баулу.  Жаттығу ойыны Қимылдарын дамыту  Мақсаты: доп лақтыруға жаттықтыру.  Мақал-мәтел:  -Бір тал кессең, он тал ек.	Қимылды ойын.  «Бәйге».  Мақсаты: нысанаға тез жетуге деген құлшыныстарын, жеңіске деген құштарлықтарын арттыру.  Жаттығу ойыны. Қозғалыстарын дамыту  Мақсаты: секіргіш жіппен секіруге жаттықтыру.	<b>Қимылды ойын «Қасқыр қақпан».</b>  <b>Мақсаты: ойын ережесін түсініп, шартын сақтап ойнауға, ептілікке, алғырлыққа баулу.</b>  <b>Жеке жұмыс</b>  <b>Математикалық жаттығулар.</b>  <b>Мақсаты: тақ және жұп сандарды санай білу дағдыларын жетілдіру.</b>  <b>Халық болжамы. Ерте көктемде найзағай ойнап, күн күркіремесе, жаз құрғақ болады.</b>	Қимылды ойын «Кім жылдам?».  Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту.  Жаттығу ойыны Бір-біріне доп лақтыру.  Мақсаты: қозғалыс координацияларын дамыту.  Халық болжамы. Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады.	<b>Қимылды ойын «Қасқыр қақпан»</b>  <b>Мақсаты:</b>  — <b>белгі бойынша әрекет етуге үйрету;</b>  — <b>ойын шартын сақтап ойнауға баулу;</b>  <b>Жаттығу ойыны</b>  <b>Ұзындыққа секіру.</b>  <b>Мақсаты: ұзындыққа секіруге жаттықтыру.</b>
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	<i>Ата –аналарға кеңес</i>  Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i>  Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i>  - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт:	<i>Ата –аналарға кеңес</i>  Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i>  - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше

			шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.		мектеп туралы өзіңді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.
--	--	--	--	--	--

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы №13 орта мектебі»КММ

Мектепалды даярлық О « » сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі II-апта 10 –14 сәуір 2022-2023 оқу жылы

<b>Күн тәртібі</b>	<b>Дүйсенбі</b>	<b>Сейсенбі</b>	<b>Сәрсенбі</b>	<b>Бейсенбі</b>	<b>Жұма</b>
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес ,әңгімелесу</b>	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата- аналарға балаларын ертеңгілік	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол калпында сөзсіз	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып

		жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	жеуге үйретулерін ескерту
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b>	Үстел үсті ойыны – пазл: «Өсем гүлдер бағы » Балалармен өсем гүлдер туралы әңгімелесу.	Құрылыс ойындары: «Біздің аула гүлдері»	Фотосуреттер қарастыру: «Гүлдер,гүлдер көп гүлдер» Фотосуретте бейнеленген ойын түрлерін атау.	Үстел үсті театры: «Раушан гүлдер» және т.б. тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру.	Сюжеттік ойындар: «Қош иісті гүлдер» еркін сурет салу. Д/ойын: «Менің сүйікті гүлім»
<b>Ертеңгілік жаттығу</b>	Таңғы жаттығу кешені № 11				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)</b>	«Табиғатым тамаша» Табиғатым тамаша, Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап, Жүрейікші жараса.	«Дала қандай тамаша» Дала қандай тамаша, Ақ мамыққа оранған. Ақ дастарқан жайғандай, Көз тоймайды қараса.	«Табиғатқа қамқор боп» Табиғатқа қамқор боп, Байлығын біз қорғайық, Әдепті да,тәртіпті боп, Жақсылығын қолдайық.	«Табиғат...» Табиғат, сен тіршілік тұнып тұрған. Сен күнсің көтерілген күліп қырдан. Сен көлсің, сен ормансың. Сен - бұлбұлсың, Адамға сұлулықты шын ұқтырған!	«Дала қандай тамаша»  Дала қандай тамаша,  Ақ мамыққа оранған.  Ақ дастарқан жайғандай,  Көз тоймайды қараса.
	<b>1 - ұйымдастырылған іс-әрекет</b>				



<p><b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӨ</b></p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті</b> Өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану  <b>Мақсаты</b> Бала бойындағы шешендік қасиетті, сөздік қорларын дамыту.</p> <p>Педагог балаларға сұрақ қою арқылы ертегі мазмұнын пысықтайды.  –Ертегіде нелер жайлы айтылған?  –Қасқыр мен Түлкі дос болған ба?  –Екеуі жолдан не көрді?  –Қасқыр Түлкіге не деді?  –Сонда Түлкі не дейді?  –Ертегі қақпанға қайсысы түседі?  –Түлкі сияқты айлакер, қу болу керек пе?  –Ертегі қызық бекен, сендерге ұнады ма? Жалғастырға 3– 4 баладан сұрап шығады.  <b>Дидактикалық ойын:</b>  «Түлкінің құйрығын тап».  Ойын шарты: балалар қима суреттерден Түлкінің құйрығын тауып көрсетеді.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру  <b>Мақсаты</b> дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру</p> <p>Дидактикалық ойын: «Сөз жарыс»  Педагог: Балалар, енді «Сөз жарысын» ұйымдастырайық. Мен бір тақырып айтамын сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерді буынға бөлулерің қажет. Мысалы: киімдер, гүлдер, сандар т.б. Кім көп сөз айтып, буынға бөлсе, сол жеңімпаз болады (сөз айтып, буынға бөлген балаға жұлдызша беріліп отырады).  Жұлдызшаны санау арқылы жеңімпаз анықталады.  <b>Дидактикалық ойын:</b> «Қағып ал»  – Мен сендерге сөздің бірінші дыбысын айқынырақ айтып, допты лақтырамын. Сендер мен айқынырақ айтқан дыбысты қайталап допты өзіме лақтырасыңдар  Мысалы: кққасқыр(к), еетік(е), тттүлкі(т), өөөрік(ө), бббалық(б), сссағат(с), ааалқа(а), жжжаз(ж), мммоншақ(м), ккқоңыз(к), ккқолшатыр(к), бббілезік(б), жжжұлдызша(ж), ооотын(о), ккқарға(к), сссазан(с), шшшахмат(ш), тттау(т), ккккерік(к), әәәтеш(ә), ееесек(е), тттүйе(т), мммандарин(м), ккқобыз(к), сссандық(с), ттттекемет(т), еееер(е), үүүзенгі(ү), ааарба(а) т.б.  – Қай дыбыстар созып айтылмайды екен. Оларды қандай дыбыстар дейміз?</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті</b> Төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру  <b>Мақсаты</b> дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру ...</p> <p>Дидактикалық ойын:  <b>Жоғалған дыбыс»</b>  – Мен сендерге суреттер көрсетіп бірінші дыбысты айтпай сөз айтамын, сендер жоғалған дыбысты жалғап толық сөзді айтасыңдар да допты кері бересіңдер.  Мысалы:... ерезе (т), ...ілем (і), ...алық(б), ...үрек(ж), ...ақыт (б), уыршақ...(к), ...омбыра (д), ...екемет (т), ...ышақ (п),... аймақ (к), ...анан(б), ...ектеп(м), ...рік(ө), ...ияз(п) т.б.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті</b>Суреттен іс-әрекетті білдіретін сөздерді анықтап айта білуге, сөздердегі буын санын анықтауды жалғастыру  <b>Мақсаты</b> дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру</p> <p>«Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы  (Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға жұлдызша беріп отырады)  -ал буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.  Мысалы: алма, алтын, алжапқыш, алға, аласа, ала, алқа, Алжан, алмас, алау, Альбина, ал т.б .  -оқ буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.  Мысалы: оқу, оқы, оқымысты, оқулық, оқ, оқыс, оқшаулау, оқтар т.б.  -жа буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.  Мысалы: жас, жалын, жалғыз, жат, Жайық , жарқыра, жалқау, жаура, жалау, Жамбыл, жалпылдақ, жалбыз, жаһұт, жау, жарайды, жалмауыз, т.б.</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті:</b>Өлеңді жатқа, мөнерлеп, интонациямен айту  <b>Мақсаты</b> әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін қалыптастыру</p> <p>Педагог «Мен ғарышкер боламын» өлеңін екінші рет қайталап оқиды.  – Өлеңнің бірінші жолы қалай басталады?  Өлеңді эмоциямен 2-3 рет қайталайды, бірге жаттайды.  Педагог сөйлемнің басын оқып, балалар жалғастыратын тәсілді қолданады. 3-4 бала өлеңді жатқа айтады.  Дөптермен жұмыс:  1 Суретте не бейнеленген?  Бала нені армандап тұр? Ойынды ортаға сал.  Сенің ғарышкер болғың келе ме?  Қандай ғарышкерлерді білесің?  2. Суретті бастырып сыз. Боя.  Педагог үзік сызықтарды қосып сыздырып, боятады</p>
<p><b>Үзіліс:</b>Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар «Мысықтар мен балалар»</p>					

## БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМУЫҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР

Дауыстарын қайтала.

Аң біткенмен алысқан

Ақырады **арыстан:**

**А-а-а-а-а**

Нәзік дауысы қозының

Естіледі алыстан:

**Мә-ә-ә-ә-ә**

Дөңгелетіп аузыңды,

Жіңішкертіп даусыңды,

Бұзаумын деп ойла да,

Дауысын оның қайтала:

**Мо—о-о-о**

(Балақай, жан жануарлардың дауыстарые сала отырып, кей дыбыстардың жуан кей дыбыстардың жіңішке айтылатынына зер сал )

**Майлыаяқ.**

Жайлау толы малды аяп,

Күзетіп жүр Майлыаяқ.

Жолатпайтын ешкімді,

Дауысы алыстан естілді:

**(ақырын дауыспен) –р-р-р-р-р**

«Тамақ жеймін ашпын д», -деп,

«Қорқып иттер қашсын», -еп,

Күжірейтіп желкесін

Ырылдады қасқыр кеп:

**(орташа дауыспен)-р-р-р-р-р**

«Қорықпаймын сенен», -деп,

«Сазайыңды берем», -деп,

Дірілдетіп қасқырды

Айбатын ит асырды:

**(қатты дауыспен) –р-р-р-р-р**

«Мынау бәле екен» деп,

«Түбіме бұл жетер» деп,

Қорқып қасқыр жөнелді,

Қайтып келмес ол енді.

(Балақай, қасқырдан да қорықпайтын төбет иттердің болатынын сен білесің бе?

Өзара екі топқа бөлініңдер де, **қасқыр мен иттер** болып алдымен ақырын, сосын орташа, ең соңында қатты дауыспен «р» дыбысын созып айтыңдар.)







**Ойын: «Мысықтар мен балалар»**

**Мақсаты:** Берілген белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге, топпен ойнауды ойнай білуге үйрету. Ептілікке, алғырлыққа тәрбиелеу.

**Ойынның шарты:** Балалардың жартысы мысықтар болады, ал жартысы олардың иесі болады. Мысықтар баспалдақта отырады, олардың иелері жүрелерінен алаңның екінші жағында отырады.

Тәрбиеші сүт кімге керек деп сүт құйғандай болады. Балалар «кис-кис», деп шақырады. Мысықтар жақындаған да балалар алаңның екінші жағына қашып шығады. Ойын 2-3 рет қайталанады.

## 2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p><b>Қоршаған орта</b>  <b>Міндеті:</b> Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Токтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаевті білу, оларды құрметтеу  <b>Мақсаты:</b> Ғарыш, ғарышкер туралы түсініктерін қалыптастыру және мағлұмат беру. Балалардың сөздік қорларын байыту, 12-ші сәуір ғарышкерлер күні туралы түсінік беру, айналаны қоршаған орта жайында білімдерін кеңейту, үлкендердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.</p> <p>Сәуір айында қандай мереке бар, естеріңе түсіріңдерші?  - Иә, бұл сәуір айында үлкен мереке бар. Ол – ғарышкерлер күні деп аталады.  - Балалар аспаннан нелерді көруге болады?</p> <p>Әңгімемізді бастамас бұрын, мен сендермен мамандықтар жайында әңгімелескім келеді. Балалар, айтыңдаршы, сендер қандай мамандық түрлерін білесіңдер?  (балалардың жауабы).  Тәрбиеші:  - Дұрыс айтасындар. Мұғалім, дәрігер, құрылысшы, жүргізуші, өрт сөндіруші, дүкенші, шаштараз тағы басқа көп мамандар бар екен. Әрбір мамандық адамзатқа өте қажет екен.  Мысалы: дәрігер-адамдарды емдейді, мұғалім-балаларды оқытады, жүргізуші – көліктер жүргізеді, өрт сөндіруші – өрт сөндіреді.  Ал бүгін біз сендермен тағы бір маман түрімен танысамыз – бұл ғарышкер  - Ғарышкерлер дегеніміз кімдер?</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен  <b>Мақсаты:</b> 10 көлемінде тура және кері санау дағдысын қалыптастыру.</p> <p>Педагог балаларды вагондар болуға шақырады. Он бала бір-біріне тіркесіп, пойыздың қозғалысын еліктейді. Балаларға 1-ден 10-ға дейін цифр жазылған карточкалар таратылады. Педагог басқа балаларға вагондарды 1-ден 10-ға дейін тура және кері санауды сұрайды. Вагондармен көрініс ойнатылады. Педагог вагондардың бір-бірден туннельге қарай кетіп жатқанын хабарлайды. Сандық сәуле бойынша педагог 1-ге азайту амалын көрсетеді.</p>  <p><b>Сонымен</b>  <b>10 – 1 = 9</b>  <b>9 – 1 = 8</b>  <b>8 – 1 = 7</b>  <b>7 – 1 = 6</b></p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Міндеті</b> - 10 көлеміндегі сандарды салыстыру  <b>Мақсаты:</b> 10 көлемінде тура және кері санау дағдысын қалыптастыру.</p> <p><b>Карточкамен жұмыс Тақтада (демонстрациялық материал 21- кесте) 1 -ден 10-ға дейін сандар қатары ретімен тұрады. Топтан екі баланы шақырады, олар цифрды тез және дұрыс қояды, тура және кері санайды. Бір бала санауды бастайды, екіншісі жалғастырады деген тәсілді пайдаланамыз</b></p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Міндеті</b> Саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару  <b>Мақсаты</b> 10 көлемінде тура және кері санау дағдысын қалыптастыру.</p>  <p>□ – □  5 – 1</p>  <p>□ – □  7 – 1</p>  <p>□ – □  4 – 1</p> <p>Ойын жаттығуы: «Жазбаны шеш». Балалар карточкалардың көмегімен үстелде және тақтада математикалық жазбалар жасайды.</p>	<p><b>Қоршаған орта</b>  <b>Міндеті:</b> Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну.  <b>Мақсаты</b> Балаларға Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Тұңғыш президент екені туралы әңгімелеу, түсіндіру.</p> <p>Жарайсындар балалар! Ендеше бүгінгі сабағымызда Еліміздің тұңғыш президенті жайында айтамыз. Тақтаға қараңдаршы, мына суретте кім бейнеленген?  Балалар:  - Нұрсұлтан Назарбаев!  Тәрбиеші:  - Дұрыс, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Ал, балалар ол кім екенін білесіңдер ме?  Балалар:  Ол біздің президентіміз!  - Дұрыс, балалар! Ол Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті.  Мақсатына жету үшін алдағы, Әубастан-ақ, дұрыс жолды таңдады. Сол азамат Нұрсұлтаным емес пе, Орындаған бабалардың арманын</p> <p>Күн өткен сайын құлпырып, Жайнадың гүлдей Астана, Елорда – менің Астанам, Елорда-менің бас қалам</p>
--	--	--	--	--	---

	<p>- Ғарышкерлер дегеніміз – олар ғарышқа, аспан әлеміне ұшатын адамдар Ойын: «Жұлдызды аспан әлемін құрастыру» Ойын шарты: балалардың алдына аспанд абылатын және жерде болатын денелердің арасынан тек аспанда болатын денелерді табу. Мысалы: гүл жерде, ай аспанда т.б.</p> <p>Үлестірмелі материалмен жұмыс: «Зымыран құрастыру. Өртүрлі геометриялық фигуралардан зымыран құрастыру. Зымыран туралы әңгімелеу.</p> <p>.</p>				
--	---	--	--	--	--

**Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар «Сылдырмақпен сылдырлат»**

**Дәстүрлі емес технологиясын пайдалана отырып жасалған балаға арналған саусақ ойындары**

**«Жасыру» саусақ ойыны.**

**Ойын шарты:** Қатысушылар алақанға қысқа қарындашты салады, жұдырықты жұмады және ашады.

Қысқа қарандаш аламыз, жұдырыққа қысып, жасырамыз.

Ал енді, келесі қолға жасырамыз.

Қарандашты қыса отырып,

Алақанды ауыстырамыз.

Бұл ойында баланың қол икемділігі, танымдық деңгейі артады.

**«Салат» саусақ ойыны.**

Сәбізді алып тазалаймыз, (оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды)

Үккішпен үгіп майдалаймыз, (екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды)



**Ойын: «Сылдырмақпен сылдырлат»**

**Мақсаты:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.

**Ойынның шарты:** 5-6 балалар аланның бір жағында сызықтың ар жағында тұрады. Қарама-қарсы жақта орындықтарда бір бірінен арақашықтығы бірдей болып сылдырмақтар /бал-ң санына сай/ жатады. «1-2-3, жүгіріңдер»- деген белгі бойынша балалар сылдырмақтарға қарай жүгіреді, жоғарыға көтереді де сылдырлатады. Бірінші жетіп, сылдырлатқан бала жеңіске жетеді. Сол балалар орындарына барады, басқа ойнаушылар қатысады.

**Ұсыныс:** Ойынды қиындатуға болады: кедергілерден секіртіп /жіптен, текшелерден, шеңберден өту, т.б./

Қанттан сеуіп дәмдейміз, (саусақтардың ұшымен қант себеді)  
 Міне дайын нәр тағам (екі қолын алдына жайып көрсетеді)  
 Дәруменге байыған. (алақаныммен іштерін сипалап,  
 тойғандықтарын көрсетеді)



### 3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p><b>Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті:</b> -Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту  <b>Мақсаты</b> мәдениетті, сыпайы сөйлеуге тәрбиелеу.</p> <p>Сюжеттік ойын:          «Дүкен»          Балалар кезекпен дүкенге келеді. Педагог – сатушы.          Диалог үлгісі:          – Сәлеметсіз бе!          – Сәлеметсіз бе!          – Кесе беріңізші.          – Қандай кесе?          – Үлкен, екі жасыл кесе.          – Міне, кесе алыңыз.          – Рақмет. Сау болыңыз.          – Сау болыңыз.          Үлгі бойынша балалар кезекпен ойнайды</p>	<p><b>Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті</b> - -Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту  <b>Мақсаты</b> азық-түліктің қазақша атауларымен таныстыру.</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b>  <b>«Сықырлы дорба», ішінде азық түлік (суреттер нан, сүт, май) бар.</b>          Сықырлы дорбада не бар?          Балалар дорбадан таныс азық түлікті (нан, сүт, май) алады, атайды.          – Сықырлы дорбаны көрейік, тағы не бар екен. Ол үшін дорбамызды сықырлайық, дорба туралы жақсы сөздер айтыңдар:          Дорба әдемі, дорба жақсы.          1, 2, 3, 4, 5          5, 4, 3, 2, 1          Міне, дорба ашылды!          Педагог дорбаның екінші түбінен тағамдарды (суреттерді) алып, жаңа сөздермен таныстырады.          Мынау – ет.          – Мынау не?          – Мынау – ет.          – Мынау – жұмыртқа. Жұ-мырт-қа.          – Мынау не?</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті:</b> - -Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу  <b>Мақсаты</b> Ғарышкер мамандығы туралы түсінік беру, тілдерін дамыту.</p> <p>–Ай мен жұлдыздар әлемін ғарышкерлер зерттейді. Сендер қазақтың ғарышкерлерін білесіңдер ме?          –Ғарышкер немен ұшады?          –Ғарышкер қандай болу қажет?          Педагог Ж.Смақовтың «Мен ғарышкер боламын» өлеңін мәнерлеп оқып береді.</p> <p>Аспан, аспан арайлым, Саған жиі қараймын. Сені көзбен шоламын, Мен ғарышкер боламын!          Ғарышкер мен де боламын, Боламын десем, боламын. Таудай үлкен талабым, Мен бармақтай баламын.          Көктің жүзін барлаймын, Үлкен ғалым боламын, Боламын десем, боламын.          (Ж.Смақов)          –Өлеңдегі бала кім болуды армандайды?          –Өз арманына жетеді деп</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті:</b> Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту  <b>Мақсаты</b> әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін қалыптастыру</p> <p>Ғарышкер – аспан әлеміне ұшатын адамдар.          Ғарышкер ғарышқа зымыранмен ұшады. Оны ғарышкеме деп атайды.          Олар ғарышқа ұшып барып, аспан әлемін зерттейді.          – Кім ғарышкер болғысы келеді?          – Қандай ғарышкерлерді білесіңдер?          Слайдтан қазақстандық ғарышкерлерді көрсетеді, атайды.          – Бүгін біз ақын Жақан Смақовтың «Мен ғарышкер боламын» өлеңімен танысамыз.          Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.          Педагог өлеңді оқып, мазмұнын түсіндіреді, жаттатады.          Мен ғарышкер боламын          Аспан, аспан, арайлым,          Саған жиі қараймын.          Сені көзбен шоламын,</p>	<p><b>Шығармашылық бейнелеу әрекеті</b>  <b>Міндеті:</b> - - көктем мезгілі жайлы түсініктерін жетілдіру, көргендерін бейнелеу іс-әрекеті арқылы қағаз бетіне түсіре білуге дағдыландыру          -- Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау          -Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды кию          -Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу  <b>Мақсаты</b>- көктем мезгілінің суретін салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру.</p> <p><b>Топтық жұмыс</b></p>
--	---	---	--	--	--

– Мынау – жұмыртқа.  
 – Жұмыртқа – тағам.  
 – Жұмыртқа – ... (тағам)  
 – Мынау – ірімшік. Ірім-шік.  
 – Мынау не?  
 – Мынау – ірімшік.  
 – Ірімшік дәмді.  
 – Ірімшік дәмді ме?  
 – Ірімшік дәмді.  
 – Ірімшік – тағам.  
 – Ірімшік не?  
 – Ірімшік – тағам.  
 – Мынау – қант.  
 – Мынау не?  
 – Мынау – қант.

ойлайсыңдар ма?  
 –Арманға жету үшін жақсы оқып,  
 спортпен айналысу керек. Яғни  
 көп еңбектенген адам арманына  
 жетеді.  
 –Ал сендер өскенде кім болуды  
 армандайсыңдар?  
 –Ол үшін сендер көп білім алып,  
 оқуларың керек.  
 –Ал «Оқу – инемен құдық  
 қазғандай». Педагог мақалды  
 жаттап алуды ұсынады.

Мен ғарышкер боламын

!

### Үзіліс: Секіруге арналған ойындар «Көжектер» ойыны.

#### Дәстүрлі емес технологиясын пайдалана отырып жасалған балаға арналған саусақ ойындары

##### «Кіріп» жаттығуы

Момақанмын алайда, (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады)  
 Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды).

Кіріп кетсе қолыңа,  
 Өкпелеме жарайма!

##### Қолдың саусақтарын дамытуға арналған жаттығу.

**Мақсаты :** қол саусақтарының күрделі үйлесімді қимылдарын дамыту.

А) Алақанды үстелдің үстіне қоямыз. Балалар бірінші оң, содан кейін сол қолдың саусақтарын бір-бірден көтереді. Осы жаттығуды кері жасап, қайталайды.

Б) Алақандар үстелдің үстінде, балалар кезекпен екі қолдың саусақтарын шынашақтан бастап көтереді.

В) Балалар сұқ және ортаңғы саусақтарымен қаламды немесе қарындашты ұстайды. Осы саусақтарын бүгіп, қайтадан қалпына келтіреді., бұл жерде қаламды үлкен саусақтан төмен түсіп кетпеуін қадағалау керек.

Г) Үстелдің үстінде 10-15 қарындаш немесе есептік таяқшалар жатыр. Оларды бір-бірден алып қолға жинау керек. Содан кейін тура солай қайтадан үстелге қою керек. Екінші қолмен көмектесуге болмайды.



#### Ойын: «Көжектер»

**Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Балаларды салауатты салтына тәрбиелеу.

**Шарты:** Балалар шеңбер жасап тұрады. Бір бала “түлкі” болады. Қалғандары көжектер секіріп билеп жүреді. Түлкі сыбдырды естіп көжектерді қуады. Қаша алмай қалған көжектерді түлкі ұстап алады, ойын осылай қайталана береді.



### 4 - ұйымдастырылған іс-әрекет



	<p><b>Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> - 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру  Мақсаты Керілген баудың биіктігіне байланысты денені жинақтап жұмырлаудың түрлі тактикаларын қолдана білуін қалыптастыру</p> <p>«Желпуіш саламыз»  Шаңғының ұшын 180° айнала қозғалып, бұрылады.  «Тоннель».  Алаң бойымен бағандарға байланған бауларды түрлі биіктікте тартып қою. Осы баулардың астымен өткенде биіктігіне байланысты әртүрлі әдісті пайдаланатынын ескеру керек.  Балалардың қажетті арақашықтықты, қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауын қадағалау керек</p>	<p><b>Музыка</b>  <b>Міндеті:</b> - Жаңалықты, жақсылықты музыка тілімен сезінуді үйрету  <b>Мақсаты:</b> Жаңалықты, жақсылықты музыка тілімен сезінуді үйрету.</p> <p>Музыка тыңдау:  «Бұлбұл» (Д. Нұрпейісова)  Ән айту:  «Қайырлы таң» (Е. Өміров)  «Наурыз тойы» (Т. Мұратов)  Музыкалық-ырғақтық кимылдар:  «Жеңіл би» (Т. Ломова)  Билер:  «Қоян биі» (В. Питерцев)  Ойындар, хороводтар:  «Төлдер» (Д. Ботбаев)  Музыкалық аспапта ойнау:  «Латыш полькасы» (М. Раухвергер)</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> Допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыру  Мақсаты - 40-30-20 см биіктіктегі арқандардың астынан өту, 20-30 см биіктіктегі арқанның үстінен секіріп өтудегі жоғары нәтижеге жету үшін ең тиімді жолдарын тандай білуге үйрету.</p> <p>Балалар залда бытырап жүреді. Бастаушының нұсқауларын бұлжытпай орындайды. Егер «жер» - десе қолдарын төмен түсіреді, егер «су» - десе қолдарын алға созып, суда малтаған сыңай көрсетеді, «ауа» - десе құстай ұшып бара жатқандай болады, «от» десе қолдарын созып, алға, артқа айналдыра бастайды.</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> - Допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу  Мақсаты 40-30-20 см биіктіктегі арқандардың астынан өту, 20-30 см биіктіктегі арқанның үстінен секіріп өтудегі жоғары нәтижеге жету үшін ең тиімді жолдарын тандай білуге үйрету.</p> <p>40-30-20 см биіктіктегі арқанның астынан өту.  Кедергінің биіктігіне қарай одан өту тәсілі таңдалады.  Кедергінің биіктігіне қарай одан өту тәсілін тандай отырып, барлық білім-біліктерін қолдануға тырысады. Арқанды іліп кетпес үшін өз қимылын қадағалап, мүмкіндігінше жұмырланады. (3 рет).</p>	<p><b>Музыка</b>  <b>Міндеті</b> -- Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұнын элементтерімен байланыстыру  <b>Мақсаты</b> Жаңалықты, жақсылықты музыка тілімен сезінуді үйрету..</p> <p>Музыка тыңдау:  «Бұлбұл» (Д. Нұрпейісова)  Ән айту:  «Қайырлы таң» (Е. Өміров)  «Наурыз тойы» (Т. Мұратов)  Музыкалық-ырғақтық кимылдар:  «Жеңіл би» (Т. Ломова)  Билер:  «Қоян биі» (В. Питерцев)  Ойындар, хороводтар:  «Төлдер» (Д. Ботбаев)  Музыкалық аспапта ойнау:  «Латыш полькасы» (М. Раухвергер)</p>
<b>Серуенге дайындық</b>	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
<b>Серуен</b>	Сәуір Серуен-Бақылау №8 Бақылау: Топырақты бақылау	Сәуір Серуен-Бақылау №9 Бақылау: Сутоғанды бақылау	Сәуір Серуен-Бақылау №10 Бақылау: Желді бақылау	Сәуір Серуен-Бақылау №11	Сәуір Серуен-Бақылау №12

	<p><b>Мақсаты:</b> торф топырағының қыртысымен таныстыру .</p> <p><b>Бақылау барысы</b></p> <p>Біздің айналамызда шалшық көп. Ал, шалшықтар торфқа (шымтезек) бай болады. Торф-бұл әрі тыңайтқыш, әрі отын.ол қатты қызған кезде тез тұтанады. Торф дымқыл, жабысқақ, көктемде ылғал кезінде ол ауыр. Ол суды нашар өткізеді, егер ылғал торф үстімен өтсең, ол аяқкиіміңе жабысып қалады. Сондықтан да бұндай сокпақпен (жолмен) жүрмеген дұрыс. Торфты атызға (жүйек) және ағаш түптеріне тыңайтқыш ретінде қосады..</p> <p><b>Зерттеу жұмысы</b></p> <p>Торфтың құрғақ және ылғал кесектерін салыстыру. Құммен торфты салыстыру; Жер қыртысы қай жерде тез кебеді.</p> <p><b>Еңбек</b></p> <p>Ағаш түптері мен атызға торф тасу.</p> <p><b>Мақсаты:</b> торфтың пайдалы қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.</p>	<p><b>Мақсаты:</b> мұздың қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.</p> <p><b>Бақылау барысы</b></p> <p>Күн өткен сайын көктем қысты ысырып, өз жылуын алып келуде. Көктемнің ең бірінші жеңісі-жерді жібітеді. Алдымен қары еріген алаңқайлар пайда болады, өгей шөптер өсіп шығады. ал, екінші жеңісі-өзен-көлдердің ери бастауы. Жердегі, қар үйінділеріндегі қарлар еріп, сай-саланы қуалап, өзенге барып құяды. Өзен сулары көтеріліп, мұзды жарады. Жарылған мұздар ағыспен бір-біріне соқтығады. Мұздар жарылып, өзендер арнасынан асқан кезде ауа температурасы кенет төмендейді. Ал, сутоғандардағы мұздар ұзақ уақыт тұрады. Себебі онда ағыс жоқ, су қозғалмайды. Бұл жерде мұздар жарылмайды, біртіндеп ериді.</p> <p><b>Зерттеу жұмысы.</b> Сутоғандағы мұздың қалыңдығын мұз өлшегіш құралмен өлшеу. Тоған бетіндегі мұздың еруін бақылау</p> <p><b>Еңбек</b></p> <p>Ауланы қоқыстан, сынған бұталардан тазалау.</p> <p><b>Мақсаты:</b> үлкендерге көмектесуге деген ынталарын тәрбиелеу.</p>	<p><b>Мақсаты:</b></p> <p>- жел туралы түсініктерін бекіту;</p> <p>- жел түрлерін есте сақтау.</p> <p><b>Бақылау барысы</b></p> <p>Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады:</p> <p>Ағаштарды шайқайды, Көзге көрінбейді. Шарлағанда сай-сайды, Бір сәт ерінбейді. (жел)</p> <p>Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады. Сұрақтар қояды:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>◆ Желдің қандай түрлері болады?</li> <li>◆ Жел неге соғады?</li> </ul> <p>Атмосферада ауа әртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол төмен тартылады. Осыдан ауада қозғалыс пайда болады. Желдің күші жылы және суық ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады. Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>◆Барынша қатты желдердің атын ата? (<i>дауыл, құйын, бұрқасын, боран.</i>)</li> <li>◆ Әлсіз желді қалай атайды? («самал жел» деп атайды)</li> <li>◆Желдің ізін көруге болады ма?</li> </ul> <p><b>Зерттеу жұмысы</b></p> <p>Компас арқылы желдің бағытын анықтау. Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау. <b>Еңбек</b> Гүл</p>	<p><b>Бақылау:</b> Тастарды бақылау</p> <p><b>Мақсаты:</b> тастардың әртүрлілігімен және олардың қасиеттерімен таныстыру.</p> <p><b>Бақылау барысы</b></p> <p>Балабақша ауласындағы ойын алаңындағы бір ағаштың түбіне әртүрлі тастар салынған қапшықты тығу. Қапшық тығылған ағашты суреттеп айту. Қапшық табылғаннан кейін балалармен әңгіме өткізу. Тастар әртүрлі болады. Оларды жәй тас деп айтуға болмайды, себебі әр тастың өз ерекшелігі болады. Кейбір тастар бағалы, ал жәй тастардың да пайдасы өте көп.</p> <p>Сұрақтар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>*Тастардың қандай түрлерін білесіңдер?</li> <li>*Асыл тастарды не үшін пайдаланады?</li> <li>*Жәй тастарды қай жерде, не үшін пайдаланады?</li> <li>*Гранит, мрамор тастарды көрген жерлерің бар ма, оларды не үшін пайдаланады?</li> </ul> <p>Тәрбиеші балалар жауабын толықтырып, түсіндіреді.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>*Балабақша ауласында, гимназия құрлысында тастар бар ма?</li> </ul> <p><b>Зерттеу жұмысы</b></p> <p>Балабақша ауласынан түсі, көлемі әртүрлі тастарды тауып, жинау.</p> <p><b>Еңбек</b></p>	<p><b>Бақылау:</b> Ұшып келген құстарды бақылау</p> <p><b>Мақсаты:</b> көктем құстары жайлы білімдерін бекіту. Құстарға деген қамқорлыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Бақылау барысы</b></p> <p><b>Көркем сөз «Ұя» Қ.Баянбаев</b></p> <p>Ұяжасап тақтайдан, Талға апарып байладым. Жыл құсының шаттанған, Құттім қашан сайрауын. Сол ұяны талдағы, Қараторғай мекендеп, Күні бойы сайрады, Жылы пәтер екен деп. Балаларға сұрақтар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>*Балалар сендер қандай құстарды білесіңдер?</li> <li>*Жыл құстары деп неге айтамыз?</li> <li>*Құстар неге жылы жаққа ұшып кетеді?</li> <li>*Құстар туған жеріне қай уақытта ұшып келеді?</li> <li>*Ауламызға ұшып келген құстарға қандай қамқорлық жасау керек деп ойлайсыңдар?</li> </ul> <p><b>Дидактикалық тапсырма:</b> Құстарды топқа бөл.</p> <p>Мақсаты: құстар суреттерін қыстап қалатын құстар және жыл құстары тобына бөліп, ұяларға орналастыру.</p> <p><b>Еңбек:</b> Гүл егетін орынды тазалап, гүл отырғызуға дайындау.</p> <p><b>Мақсаты:</b> бірлесіп жұмыс істеуге деген құшшыныстарын арттыру.</p>
--	--	---	--	---	---



			өсіретін (клумба) аланды дайындау <i>Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты барын-тасымен орындау.</i>	Ұжымдық жұмыс, балабақша аумағын тазалау. <i>Мақсаты: ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге, бастаған істі аяқтауға, біткен іске қуануға тәрбиелеу.</i>	
<b>Серуеннен оралу</b>	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<b>Жеке баламен жұмыс:</b> Сөйлеуді дамытудан  <b>Мақсаты:</b> тілдің грамматикалық құрылымы бойынша қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	<b>Жаттығуы:</b> «Дұрыс, бұрыс»  <b>Мақсаты:</b> Тәрбиеші . сөйлемдер айтады. Балалар дұрыс болса  «дұрыс» деп, дұрыс емес болса «дұрыс емес» деп жауап береді.	<b>Музыкалық -ырғақтық жаттығулар.</b>  Биік музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқынды таныс дене жаттығуларын орындату.	<b>ойын:</b> Көктем мезгілі туралы әңгімелесу.  <b>Мақсаты:</b> Қарапайым сұрақтарға жауап береді.	<b>Жеке баламен жұмыс:</b>  Сөйлеуді дамытудан  Дәрумендер сөзін дұрыс айтуға үйрету.
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап-тарды қарау және басқалар)</b>	Қимылды ойын  «Аққу-қаздар».  Мақсаты: берілген кеңістікте белгі бойынша қашқандарды қуып жету, ойын шартын сақтау.  Жаттығу ойыны  Секіргіш жіппен жаттығу ойындары.	Қимылды ойын «Қасқыр қақпан»  Мақсаты:  — белгі бойынша әрекет етуге үйрету;  — ойын шартын сақтап ойнауға баулу;  Жаттығу ойыны	<b>Қимылды ойын «Кім жылдам?».</b>  <b>Мақсаты:</b> жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту.  <b>Жаттығу ойыны Бір-біріне доп лақтыру.</b>  <b>Мақсаты:</b> қозғалыс координацияларын дамыту.	Қимылды ойын.  «Бәйге».  Мақсаты: нысанаға тез жетуге деген құлшыныстарын, жеңіске деген құштарлықтарын арттыру.  Жаттығу ойыны. Қозғалыстарын дамыту	<b>Қимылды ойын: «Ұшты ұшты».</b>  <b>Мақсаты:</b> зейіндерін дамыту, байқампаздыққа, тез ойлап, тез шешім қабылдауға үйрету.  <b>Жеке жұмыс</b>  <b>Жаңылтпаштар жаттау:</b>  <b>Үйір, үйір үйректі,</b>

	<p>Мақсаты: секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету.</p> <p>Мақал-мәтел: Жері байдың-елі бай.</p> <p>Қара жерге де, қамқорлық керек.</p>	<p>Ұзындыққа секіру.</p> <p>Мақсаты: ұзындыққа секіруге жаттықтыру.</p>	<p><b>Халық болжамы. Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады.</b></p>	<p>Мақсаты: секіргіш жіппен секіруге жаттықтыру.</p>	<p><b>Қаз маңғаз,</b></p> <p><b>Үйірге кім үйретті? Маңғаз қаз.</b></p> <p><b>Үйір, үйір үйректі,</b></p> <p><b>Өр кез маңғаз,</b></p> <p><b>Үйірге өзім үйреттім.</b></p> <p><b>Қаз маңғаз.</b></p> <p><b>Мақсаты: сөздік қорларын байыту.</b></p> <p><b>Тыйым сөздер:</b></p> <p><b>Құс ұясын бұзба.</b></p> <p><b>Құсқа тас атпа.</b></p> <p><b>Құс жұмыртқасын сындырма.</b></p>
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b></p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы  
Білім беру ұйымы №13 орта мектебі»КММ  
Мектепалды даярлық О « » сыныбы  
Балалардың жасы 5 жас  
Жоспардың құрылу кезеңі ІІІ-апта 17 – 21 сәуір 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
-------------	----------	----------	----------	----------	------

<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b>	<b>Үстел үсті, саусақ және т.б. ойындар.</b> <b>«Суреттерді орналастыр»</b> <b>Ойынның мақсаты:</b> заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту.	<b>Құрылыс ойындары:</b> «Еңбек құралдары», «Наубайхана құрастырамыз».	<b>Фотосуреттер қарастыру:</b> «Бидай мен қаңбақ» Фотосуретте бейнеленген ертегі желісі бойыншасурет арқылы орналастыру. «Бидай мен қаңбақ» суреті бойынша, әңгіме құрастырып айтып беруге үйрету.	«Біз дәнбіз» дикан жерге дән екті (дән сепкен қимылды көрсетеді)Сіркіреп, жаңбыр жауды (қолдарын шапалақтайды) Жер бетіне көгеріп, бидай шықты (қолдарын жоғары көтереді)Жайлап самал жел есті (қолдарын ырғайды)	<b>Үстел үсті ойыны – пазл: «Бидай»</b> Комбайнмен бидайды, Былай, былай жинайды. Қаптап ұшқан торғайдан, Оны қалай қорғайды? Қаптап ұшқан торғайдан, Оны былай қорғайды. Кіш, кіш, кіш... Қорғап қалған бидайды, Камбаға әкеп жинайды.
<b>Ертеңгілік жаттығу</b>	Таңғы жаттығу кешені №12				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)</b>	«Бидай» Комбайнмен бидайды, Былай, былай жинайды. Қаптап ұшқан торғайдан, Оны қалай қорғайды? Қаптап ұшқан торғайдан, Оны былай қорғайды. Кіш, кіш, кіш... Қорғап қалған бидайды, Камбаға әкеп жинайды.	«Ақ тілек» Адал жақсы ниетпен Бар адамға бақ тілеп. Жарып шыққан жүректен, Сөздің бәрі – Ақ тілек!	«Нанға біз тоямыз» Көктемде жерді жыртамыз, Тегістейміз тырмалап. Дәндерді оған егеміз, Жайқалып көктеп шықсын деп. Күз болғанда орамыз, Нанға біздер тоямыз.	«Көктем қандай тамаша!» Көркемдеген жер-көкті, Көктем қандай тамаша! Жерге әкеліп төсепті Алуан гүлді алаша.	«Көлбең, көлбең, көлеңкем» Көлбең, көлбең, көлеңкем, Көлбеңдеген көлеңкем. Тасып піскен бидайды. Айтшы қалай жинайды? Комбайнмен бидайды, Былай, былай жинайды. Қаптап ұшқан торғайдан, Оны қалай қорғайды? Қаптап ұшқан торғайдан, Оны былай қорғайды. Кіш, кіш, кіш... Қорғап қалған бидайды, Камбаға әкеп жинайды.
	<b>1 - ұйымдастырылған іс-әрекет</b>				

<p><b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӘ</b></p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті</b> Монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту  <b>Мақсаты</b> Ғарышкер мамандығы туралы түсінік беру, тілдерін дамыту</p> <p>Ғ» дыбысын буын ішінде келтіріп қайталату:  Ға-ға-ға – жаға. Ғи-ғи-ғи – Сағи. Ғу-ғу-ғу – бұғу. Ғы-ғы-ғы – бұғы.  «Ғ» дыбысын сөз ішінде келтіріп қайталату:  Ғалым – қолғап. Тоғай – шаңғы. Сағыз – торғай. Сағат – қағаз.  «Қ» – «Ғ» дыбыстарын тақпақ, жұмбақ, жаңылтпаш ішінде бекіту  Дидактикалық ойын:  «Мамандықты анықта».  Шарты: суреттер бойынша мамандық түрлерін анықтап айтады</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру  <b>Мақсаты өткен тақырыптарды пысықтау</b></p> <p>Дидактикалық ойын: «Орамал тастамақ».  Педагог дыбысты айтып, бір баланың үстеліне орамал тастайды. Бала сол дыбысқа сөз ойлап тауып, қайта педагогке лақтыруы керек.  Мысалы: «а» алма, «о» оқ, «а» алқа «д» доп, «б» балық, «ж» жапалақ, «с»сағыз, «р» рауғаш, «у» уық, «к» кілем , «т» тарақ, «қ» қызылша, «ш» шырша, «а» асқабақ, «к» картоп,  «о» ожау, «ж» жаңбыр, «ш» шапалақ, «е» елік, «н» нағашы, «г» Гүлмира, «ш» шалғы, «щ» щетка, «з» зымыран, «ф» фабрика, «ы» ыдыстар, «п» парта, «л» лак, «э» элеватор т.б.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті</b> Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру  <b>Мақсаты алдыңғы оқу қызметтерінде алған білімдерін пысықтау</b></p> <p>Дидактикалық ойын:  «Эстафета».  Педагог сөйлемді айтады, оны қайталайды, сөйтіп бірінші баланың алдына текше немесе кішкене зат қояды, ол дереу бірінші сөзді айтады.  Педагог келесі балаға текше бергенде, ол екінші сөзді айтуы керек ...</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті</b>Сөйлем құрау, дауысты дыбыстардың түрлерін анықтай отырып, буынға бөлу дағдыларын жетілдіру  <b>Мақсаты алдыңғы оқу қызметтерінде алған білімдерін пысықтау</b></p> <p>Ойын: «Сөздер тізбегі»(доппен)  Педагог балаға допты беріп сөз айтады. Бала айтылған сөздің соңғы дыбысына сөз айтып, допты әрі қарай береді. Сөзді айтқанда бастапқы және соңғы дыбысты анық айту қажет. Сөздер тізбегін айту барысында нені анық айтып, нені мұқият тындадыңдар? (Дыбысты)  Мысалы: шар-радио-ожау-уылдырық-қымыз-зәкір-рауғаш-шалма-алма-алтын- нан-нар-риза-алмұрт-тас-сағат-тарақ-қасық-қант-табақ-қалам-мама-апелсин- нағашы-ыдыс-семсер т.б.)</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті:</b> Диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру  <b>Мақсаты</b> әдеби кейіпкерді адамгершілік ережелері тұрғысынан бағалауға дағдыландыру</p> <p>Суретке қарап, әңгімеле.  Суреттегі төлдердің көңіл күйі қандай?  Көжекті қандай төлдер құттықтады?  2. Ұйқасын тап.  Дамыл таппай бір мезет, Жортумен жүр ақ ... . (көжек)  3. Сен досыңның туған күніне не сыйлағың келеді? Суретін сал.  4. «Туған күніңмен құттықтаймын!» деген сөйлемді түрлі екпінде айт. Қалай айтқан дұрыс?</p>
<p><b>Үзіліс:</b>Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар «Көршілеріңді ата»</p>					

**Саусақ гимнастика жаттығулары:**

- 1. Шынжыр.** Оң және сол қолдағы басбармақпен баланүйрек саусақтары түйісіп, жүзіктер секілді айқасып, шынжыр жасайды.
- 2. Піл:** оң қол алақаны жайылып тұрады. Сол қол саусақтары бас бармақ пен кішкене бөбек артқы аяғы болса, баланүйрек саусақ пен шылдыр шүмек саусақ алдыңғы аяқтар, ал ортаңғы саусақ пілдің тұмсығы.
- 3. Доп:** алақандар бір-бірімен жабысады. ( доп пішінін жасайды).
- 4. Гүл:** қолдар, саусақтар жоғары қарайды. Алақандар айшанақпен қосыла түптері өзара жанасады. Саусақтар ашылады. Осы жаттығуларды орындай отырып, мына өлең жолдарын айтады.

Саусақтар шынжыр болады,

Үзілмейді тартсаң да,

Ал, піл келіп шынжырды,



Үзіп кетті басқанда.

Тұмсығымен доп іздеп,

Ойнағысы келіп тұр.

Достық үшін пілге мен,

Гүл сыйлағым келіп тұр.



**Ойын: «Көршілеріңді ата»**

**Мақсаты:** кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру, сөздік қорларын молайту.

**Жасы:** 5-6 жас аралығы

**Қажетті заттар:** түрлі суреттер салынған қағаз беті.


**Ойын барысы:** бұл үшін әр түрлі суреттер салынған қағаз беті пайдаланылады.

